



**"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ)
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген
05.07.2023 ж.
№ 21/2023 хаттама**

**"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ)
БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ
(2-нұсқа)**

Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

Глава 1. Кешенді банктік қызмет көрсету шарттары

1-бап. Терминдер және анықтамалар

2-бап. Негізгі ережелер

3-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Глава 2. Қорытынды ережелер

1-бап. БҚКШ-ға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

2-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

3-бап. Дауларды реттеу

4-бап. БҚКШ әрекеті, өзге ережелер

1-қосымша. Клиенттің ағымдағы банктік шотына қызмет көрсету шарттары

2-қосымша. Электрондық банк қызметтерін ұсынудың жалпы шарттары

5-қосымша. Жеке кәсіпкерлерге корпоративтік төлем карточкасын шығару шарттары

8-қосымша. Төлемдерді қабылдау қызметтерін көрсету шарттары

9-қосымша. Депозиттерді орналастыру шарттары

11-қосымша. Банктің төлем карточкаларын мобильдік төлем сервистерін пайдалана отырып қолдану шарттары

13-қосымша. Бірыңғай QR-код арқылы төлемдерді қабылдау шарттары

1-тарау. Кешенді банктік қызмет көрсету шарттары

1-бап. Терминдер және анықтамалар

1) тармақша шартқа №1 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (31.10.2023 ж. № 32/2023 хаттама)

1) **авторландыру** – карточканы пайдалана отырып төлемді жүзеге асыруға немесе электрондық банк қызметтерін алуға Банктің рұқсаты;

2) **аутентификация** – Банк белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы электрондық құжат жасаудың түпнұсқалығын және дұрыстығын растау;

3) **Банк** – "Home Credit Bank" акционерлік қоғамы ("ForteBank" акционерлік қоғамының еншілес банкі) (қысқартылған атауы – "Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ));

4) **эмитент-банк** – ҚР Екінші деңгейдегі банкі немесе төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын Ұлттық пошта операторы;

5) **банк күні** – ҚР банктері операцияларды жүргізуге ашық күн;

6) **банк қызметі** – БҚКШ-ға, сонымен бірге жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шартқа сәйкес көрсетілетін қызмет;

7) **банктік қызмет көрсету** – БҚКШ мен ҚР заңнамасына сәйкес Клиентке қызмет көрсету;

8) **биометриялық сәйкестендіру** – клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде электрондық банктік қызметтерді алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің уәкілетті тұлғасын белгілеу рәсімі;

9) **бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)** - қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін ҚР уәкілетті мемлекеттік органы қалыптастыратын бірегей нөмір;

10) **интернет-ресурс** – www.home.kz бойынша Банктің интернет желісіндегі интернет-ресурсы;

11) **үзінді көшірме** – ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Банк белгілеген нысан бойынша қалыптастырылатын шот (шоттар) бойынша үзінді көшірме;

12) **БҚКШ** – Банктегі осы банктік қызмет көрсету шарты. Шарттың ажырамас құрамдас бөліктеріне осы жалпы шарттар, жалпы шарттар, тарифтер жатады;

13) **жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарт** – БҚКШ шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалынатын жекелеген банктік қызметтерді көрсету шарты, оның ішінде банктік шот шарты, шотты ашпастан ақша аударымы туралы шарт;

14) **қол үлгілері бар құжат (үлгілері бар құжат)** – Клиенттің уәкілетті өкілдері туралы деректерді, олардың қолтаңбаларының үлгілерін қамтитын ҚР заңнамасында белгіленген нысандағы құжат;

15) **динамикалық сәйкестендіру** – SMS-кодты пайдалану арқылы электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің түпнұсқалығын анықтау рәсімі;

16) **өтініш** – Банк бекіткен нысан бойынша әзірленген және Клиент Банкке банктік қызметті алу мақсатында жіберген өтініш;

1-бап осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 16-1) тармақшасымен толықтырылды

16-1) **КЖТҚҚ заңы** – Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңы;

17) **Клиентті сәйкестендіру** – Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген рәсімдердің негізінде Клиенттің уәкілетті тұлғасының жеке басын анықтау/растау;

18) **жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** – ҚР уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлғаға арнап тағайындайтын және уәкілетті мемлекеттік орган берген Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатындағы немесе басқа уәкілетті мемлекеттік орган берген құжатында көрсетілетін бірегей нөмір;

19) **сәйкестендіру құралы** – Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптердің, сандардың немесе таңбалардың тіркесімі болып табылатын бірегей сәйкестендіргіш немесе Клиентті сәйкестендіру үшін Банк белгілеген және онымен келісілген өзге де сәйкестендіргіш (жеке құпиясөз, SMS-код, биометриялық сәйкестендіру құралы);

20) **ақпараттық-банктік қызметтер** – Банктің Клиентке оның шоттары бойынша ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы ақпаратты және Клиенттің сұрауы бойынша ұсынылатын және ұсынылған банктік қызметтер туралы өзге де ақпаратты беруімен байланысты электрондық банктік қызметтер;

21) **мобильді банкинг** – Клиентке динамикалық сәйкестендіру немесе өзге де сәйкестендіру фактісі бойынша интернет арқылы және/немесе электрондық байланыс құралының арнайы қосымшасы арқылы электрондық банк қызметтерін ұсынатын бағдарламалық-техникалық кешен;

22) **қолжеткізу арнасы** – электрондық байланыс құралының мобильді қосымшасы немесе мобильді банкингтің веб-интерфейсі арқылы Клиенттің банктік қызметтерге қолжеткізуі;

23) **Клиент** – заңды тұлға (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшелерін (филиалын, өкілдігін) қоса алғанда, ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан), жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы немесе Банкпен осы БҚКШ және/немесе жекелеген банк қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасқан, жеке практикамен айналысатын тұлғаларды (адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор) есепке алмағанда;

24) **байланыс орталығы** – телефон байланысын пайдалана отырып, Банк қызметтерін көрсетуге және Клиенттердің сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік беретін Клиенттерге көмек көрсету жүйесі;

25) **жеке құпиясөз** – Клиентпен ойлап табылған, тек Клиентке ғана белгілі, Клиентке тағайындалған логинмен байланысты алфавиттік-цифрлық және арнайы таңбалар тізбегі. Ол Клиент мобильді банкингті пайдаланған кезде Клиентті бірегей сәйкестендіруге мүмкіндік береді;

- 26) **жеке кабинет** – Клиентке электрондық банк қызметтерін және мобильді банкинг шеңберінде БҚКШ-да көзделген өзге де мақсаттарды ұсынуға арналған мобильді қосымшадағы интерфейс. Жеке кабинетке кіру Клиентті сәйкестендіру және авторизациялау арқылы жүзеге асырылады;
- 27) **логин** – логин ретінде сәйкестендіру рәсімінен өту кезінде Клиент мобильді банкингке қосылу үшін пайдаланатын телефон нөмірі қолданылады. Логинді өзгерту үшін Клиент Банкке Банк белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш жіберуі тиіс;
- 28) **мобильді қосымша** – Android және iOS платформаларына арналған Google Play және AppStore дүкендерінен жүктеуге болатын қосымша;
- 29) **Халықаралық Төлем жүйесі (ХТЖ)** – осы төлем карточкалары жүйесінің ішкі қағидаларына сәйкес карточкаларды пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы. БҚКШ мақсаттары үшін ХТЖ деп VISA International, MasterCard International халықаралық төлем жүйелері түсініледі;
- 30) **телефон нөмірі** – Клиенттің Банкке Банк өзі айқындайтын тәсілдермен ұсынған, Банктің өз жүйелерінде тіркейтін және Клиенттің Банкпен ақпараттық және қаржылық байланыс жасау үшін, оның ішінде электрондық банк қызметтерін алу кезінде пайдаланатын Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірі;
- 31) **карточка нөмірі** – төлем карточкасында көрсетілетін және/немесе онда сақталатын, төлем карточкасының оны ұстаушысына, эмитентке және ХТЖ-ға тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін жеке 16 таңбалы нөмір;
- 32) **бір реттік код (SMS-код)** – 4 (төрт) - 6 (алты) таңбадан тұратын және тек Клиентке белгілі болатын, Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құрылғылардың көмегімен құрылатын, Клиент электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізу үшін бір рет қана пайдалана алатын немесе Клиент электрондық төлем қызметтеріне қол жеткізу үшін бір рет қана пайдалана алатын бірегей цифрлық комбинация. Клиенттің электрондық банктік қызметтеріне немесе электрондық төлем қызметтеріне қайта қол жеткізуі үшін жаңа бір рет пайдаланылатын (біржолғы) кодты құрып, пайдалануы қажет. Банк бір реттік кодты Клиенттің сұрауы бойынша Клиенттің нөміріне SMS-хабарлама ретінде жібереді;
- 33) **жіберуші** – ақша жіберуші, ақша жіберудің бастамашысы немесе бенефициар болуы мүмкін төлемге және (немесе) ақша аударымына байланысты нұсқау жіберетін тұлға;
- 34) **операциялық күн** – Банк Клиенттерге ағымдағы банктік күніндегі кассалық және басқа операцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты қызметтерді көрсететін уақыт кезеңі;
- 35) **операция** – шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), оның ішінде шоттарға ақшаны қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз әдіспен енгізу; қайтарылатын төлемдер; Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеу үшін Банк тарапынан ақшаны есептен алу; шоттардан есептелген төлемдер мен комиссияларды алу; Клиенттің шоттарында көрсетілуі тиіс басқа да операциялар. Мобильді банкингте операцияларды жүргізген кезде Банктің аппараттық құралдарының жүйелі сағаттарындағы уақыт (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша) қолданылады;
- 36) **құпиясөз** – тағайындалған құпиясөз идентификаторымен байланысты және мобильді қосымшада Клиенттің аутентификациясына арналған таңбалар тізбегі;
- 37) **қауіпсіздік рәсімі** – электрондық банк қызметтерін алу құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасау, тапсыру және алу кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдастырушылық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдар кешені;
- 38) **төлем жүйесі** – карточканы пайдалана отырып, төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттама мен ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;
- 39) **дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасығышта тіркелген Клиенттің биометрикалық деректерін қоса алғандағы Клиентке тікелей қатысты мәліметтер;
- 40) **Клиенттің тапсырмасы** – Банк электрондық банктік қызметтерді көрсеткен кезде пайдаланылатын байланыс арналары арқылы Банкке жіберілген Клиенттің банк шоттарынан төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу туралы Клиенттің үкімі;
- 41) **Банк ғимараты** – Клиентке банктік қызметтер көрсетілетін Банктің филиалы, филиалдың қосымша үй-жайлары мен басқа ғимараттары;
- 42) **Пос-терминал** – автоматтандырылған тәртіпте карточканы пайдалана отырып, операцияны авторизациялау үшін пайдаланылатын электрондық терминал;
- 43) **тіркеу** – Клиенттің дербес деректерін Банктің жүйесіне енгізу үдерісі;
- 44) **тіркеу куәлігі** – электрондық цифрлық қолтаңбаның ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін электрондық құжат;
- 45) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;
- 1-бап осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 45-1) тармақшасымен толықтырылды*
- 45-1) **санкциялар** – қолданысы тікелей немесе жанама түрде Банкке және/немесе Клиентке және/немесе оның үлестес тұлғаларына және/немесе оның бенефициарлық меншік иелеріне және/немесе оның контрагенттеріне және/немесе Клиентке қызмет көрсететін өзге банкке қатысты қолданылатын кез келген елдің (мысалы, OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, Швейцария заңдарына) немесе халықаралық ұйымның (ФАТФ және/немесе БҰҰ-ны қосқанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған кез келген санкциялар немесе шектеулер;
- 46) **Банктің қызмет көрсету желісі** – Банктің кассалары, терминалдары, мобильді банкинг;
- 47) **интернет желісі** – ақпаратты сақтауға және жіберуге арналған біріккен компьютерлік желілердің дүниежүзілік жүйесі;

- 48) **тараптар** – Банк пен Клиент бірлесіп аталған кезде;
- 49) **шот** – БҚКШ-да көзделген тәртіппен және шарттарда банктік операцияларды жүзеге асыру үшін Клиентке Банк ашатын банктік шот.
- 50) **аударым сомасы** – Банк өз қызмет көрсету үшін жіберушінің тапсырмада көрсеткен сомасы;
- 51) **тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен банктік қызметтер мен операциялар үшін алымдардың, комиссиялар мен сыйақылардың мұндай қызметтерді төлеу және/немесе операцияларды жүргізу күніне әрекет ететін мөлшерлемелері. Клиент Банктің тарифтерімен кез-келген уақытта Банктің барлық ғимараттарында және Банктің интернет-ресурсында таныса алады. Егер қандай да бір банктік қызметтер үшін тарифтер бекітілмесе, Банк мұндай банктік қызметтерді Клиентке тегін көрсетеді;
- 52) **тауар** – Клиент кредит және/немесе меншікті қаражат есебінен сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;
- 53) **электрондық төлем қызметтері** – Клиенттің банк шотын (шоттарын) ашуына және жабуына, төлемдер мен ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге және ақпараттық-банктік қызметтерге жатпайтын банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асыруға байланысты электрондық банктік қызметтер;
- 54) **банк өнімдерінің талаптары** – банктік қызметті көрсету күнінде әрекет ететін Банктің интернет-ресурсында және/немесе Банк ғимараттарының ақпараттық стендтерінде жарияланған Банк ұсынатын банктік қызметті ұсыну тарифтері мен параметрлерін, жалпы талаптарын анықтайтын Банктің құжаты. Егер Клиентпен жасалынған жеке кредит шартында өзгеше көзделмесе, банк өнімдерінің тиісті стандартты талаптары қолданылады. Егер банк өнімдерінің талаптары Банктің жалпы талаптарынан ерекшеленсе, банк өнімдерінің тиесілі стандартты талаптарына сәйкес бекітілген тарифтер қолданылады;
- 55) **куәландырушы орталық** - Банк немесе электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын өзге заңды тұлға;
- 56) **электрондық байланыс құралдары** – ҚР мемлекеттік байланыс стандарттарына сәйкес мобильді телефондар, коммуникаторлар, смартфондар мен GSM, CDMA және өзге де ұялы байланыс стандарттары бойынша жұмыс істейтін өзге құралдар;
- 57) **электрондық терминал** – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын не қолма-қол ақшаны қабылдау (беру) операцияларын жүзеге асыруға не шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға не өзге де операция түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған электрондық-механикалық қондырғы;
- 58) **электрондық банктік қызметтер** – Клиенттің шот (-тар) бойынша үзінді көшірме алу, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, банк шотын (шоттарын) ашу немесе жабу және/немесе өзге де банк операцияларын жүзеге асыру үшін өзінің банктік шотына (шоттарына) қол жеткізуіне байланысты қызметтер, және/немесе Банктің телекоммуникация желілері бойынша, спутниктік байланыс немесе байланыстың басқа түрлері арқылы ұсынатын банктік операцияларының өзге де қызметтері. Электрондық банктік қызметтер ақпараттық-банктік және электрондық төлем қызметтеріне бөлінеді;
- 59) **электрондық құжат** – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;
- 60) **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының көмегімен құрылған және электрондық құжат құрамының дұрыстығын, тиістілігін және өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы; ЭЦҚ куәландырушы орталықтың HSM-де жасалады, пайдаланылады, сақталады және жойылады, мұнда Клиент жеке кілтке қолжеткізуді кемінде екі аутентификация факторы арқылы қашықтан жүзеге асырады, олардың бірі биометриялық аутентификация болып табылады.
- 61) **push-хабарландырулары** – мобильді қосымша орнатылған құрылғы экранында қысқаша қалқымалы хабарландырулар;
- 62) **SMS-код** – мобильді банкингте тіркеуге, құпиясөзді қалпына келтіруге немесе операцияларды растауға арналған бір реттік құпиясөз. SMS-кодты Банк Клиенттің БҚКШ-да көзделген операцияларды жасау құқықтарын SMS нысанында растау мақсатында телефон нөміріне жібереді;
- 63) **SMS-хабарлама (SMS)** – Банк Клиенттің телефон нөміріне ұялы байланысты пайдалана отырып жіберетін бекітілген нысандағы қысқаша мәтіндік хабарлама;
- 1-бап осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 63-1) тармақшасымен толықтырылды*
- 63-1) **OFAC** – АҚШ қазынашылығының шетелдік активтерін бақылау басқармасы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және шетелдік терроризмге, есірткі саудасына және жаппай қырып-жою қаруын таратуға байланысты іс-шараларға қарсы күрес жүргізетін АҚШ мемлекеттік қазынашылық бөлімі; экономикалық санкциялардың қолданылуын, атап айтқанда АҚШ-тағы шетелдік активтерге тыйым салуды бақылайды;
- 1-бап осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 63-2) тармақшасымен толықтырылды*
- 63-2) **ФАТФ** – Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы (ФАТФ). Бұл қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға (КЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл жасау саласында әлемдік стандарттарды әзірлеумен айналысатын, сондай-ақ КЖ/ТҚК ұлттық жүйелерінің осы стандарттарға сәйкестігін бағалайтын үкіметаралық ұйым;
- 1-бап осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 63-3) тармақшасымен толықтырылды*

63-3) БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы – Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым.

1-бап осы шартқа №15 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 63-4) тармақшамен толықтырылды (31.07.2026 ж. № 18/2026 хаттама).

63-4) сату кабинеті - Банкпен Банктің қосымша сервистерін ұсынуды көздейтін жеке шарт жасасқан Клиенттерге қолжетімді мобильді қосымшадағы интерфейс, сондай-ақ сауда нүктесін тіркеу, оны басқару, QR-кодтарды қалыптастыру және Банкпен өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын интерфейс.

2-бап. Негізгі ережелер

1. БҚКШ Банктің Клиенттерге банктік қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді ұсыну шарттары мен тәртібін, сондай-ақ жекелеген банктік қызметтер көрсету туралы шарттар жасасу тәртібін айқындайды.

2. БҚКШ Клиенттің ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес шартқа толық қосылуы арқылы жасалады. БҚКШ келесі шарттардың бірі орын алған сәттен бастап жасалынған болып саналады:

1) Банк Клиенттің БҚКШ-ға қосылу туралы жазбаша өтінішін алған және ол туралы Банктің өтініште растайтын белгісі қойылған немесе БҚКШ-ға қосылу туралы талап мазмұндалған жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шартқа қол қойған күннен бастап;

2) Банк Клиенттен БҚКШ-ға қосылу туралы өтінішін электрондық түрде алған және Банк Клиентке шотты ашқан күннен бастап;

3) БҚКШ-да немесе Банк пен Клиент арасында жасалынған өзге шарттарда қарастырылған өзге әдіспен.

Егер өтініште жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы бірнеше шарттарды жасасу туралы талаптар болған жағдайда, осы тармақта қарастырылған бірінші орын алған талап БҚКШ жасасу сәті болып табылады.

3. Жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарды жасасу және орындау ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. БҚКШ тараптардың жекелеген банктік қызметтерді ұсыну туралы шарттармен реттелмеген қарым-қатынастарын реттейді.

4. Тараптар БҚКШ немесе БҚКШ талаптары қолданылатын шарттардың шеңберінде жасалатын мәмілелер мен өзге әрекеттер, дербес деректерді өзгертуді қоса алғанда келесі әдістердің бірімен жасалғанына келіседі:

1) Банк телефон нөміріне жіберген кодты Клиенттің енгізуі;

2) электрондық және өзге хабарламалармен және құжаттармен алмасу, оның ішінде жеке кабинет, Банктің интернет-ресурсы арқылы;

3) телефон нөмірі арқылы SMS-хабарламамен алмасу;

4) тараптардың қалауын білдіретін өзге әдістер, егер ҚР заңнамасында өзгеше тікелей белгіленбесе, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі.

Осы тармаққа сәйкес өзгертілген дербес деректерді Банк тараптар арасында жасалынған кез келген өзге шарттарда қолданады.

5. БҚКШ-ға сәйкес Клиентке келесі банктік қызметтер көрсетілуі мүмкін:

1) банктік шоттарды ашу және қызмет көрсету;

2) электрондық банктік қызметтер;

3) БҚКШ-да қарастырылған өзге банктік қызметтер.

6. Клиентке БҚКШ-да қарастырылған қандай да бір банктік қызметті ұсыну шарты Клиентті оң сәйкестендіру, сонымен бірге электрондық банктік қызметтерді ұсынған жағдайда Клиентті аутентификациядан өткізу болып табылады.

7. Егер БҚКШ мен Банктің ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, Клиентке банктік қызметті ұсынуға негіз болып Клиенттің өтініші немесе Банк бекіткен нысанда тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

8. Клиентке БҚКШ, оның жалпы талаптарымен және тарифтерімен танысу мүмкіндігін ұсыну үшін Банк оларды интернет-ресурста жариялайды. Банк Клиентке ақпарат Банктен екендігін анықтауға және мұндай ақпаратты алуға мүмкіндік беретін өзге әдістермен қосымша хабарлай алады.

9. Клиенттің бастамасымен БҚКШ-да қарастырылған банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуға негіз болып банктік қызметті ұсынуды тоқтату туралы тиісті өтініш немесе Банк бекіткен нысан бойынша тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

10. Банктік қызметтерді төлеу тарифтерде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында және (немесе) жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарында өзгеше көзделмесе, операцияны жүргізу (банктік қызметті көрсету) күнінде әрекет ететін жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарында бекітілген мөлшер мен мерзімде жүзеге асырылады. Қызметтерді төлеуді Банк операция жүргізілетін/қызмет көрсетілетін Клиенттің шотынан комиссия сомасын есептен шығару арқылы акцентсіз тәртіпте немесе Клиенттің талап етілген соманы Банк кассасына енгізуі немесе ҚР заңнамасында, шарттар мен Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған өзге әдістермен жүргізіледі.

11. Комиссияларды есептеу тәртібі БҚКШ және Банктің ішкі құжаттарында анықталады. Осы арқылы тараптар Клиент жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттар бұзылған жағдайда төлеген комиссиялары қайтарылмайтындығымен келіседі.

12. Егер БҚКШ-да және (немесе) тарифтерде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында өзгеше көзделмесе, комиссиялық сыйақы сомасы төлем шотының валютасында алынады. Егер комиссия белгіленген валюта шот валютасынан өзгеше болса, комиссияны шоттан есептен шығарған кезде комиссиялық сыйақыны ұстап қалу күнінде әрекет ететін бағам бойынша Банкте бекітілген шот валютасына сома конверсиясы жүзеге асырылады.

13. Банк терминалдарын/банкоматтарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшамен байланысты операциялар (оның ішінде қолма-қол ақшаны салу) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына, сонымен бірге тиісті төлем

жүйесінің ережелеріне сәйкес Банк белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Клиент банк терминалдарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшаны 16:00-ден кейін салған жағдайда, ақша ҚР заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының және тиісті төлем жүйесінің нормаларын есепке ала отырып, келесі банктік күні есептеледі.

14. БҚКШ талаптарына сәйкес ашылатын шот (-тар) бойынша Клиент нотариаттық қызметті, адвокаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметті қоспағанда, кәсіпкерлік қызметке байланысты операциялар жасауға құқылы.

15. Клиент жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/ уәкілетті тұлғалардың/ құрылтайшылардың/ бенефициарлық меншік иелерінің) Банктің олардың дербес деректерін (аты-жөні, ЖСН, жынысы, мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері, жұмысы, отбасы құрамы туралы мәліметтер, телефон нөмірлері, фотосуреттер мен бейнежазбалар, дауыстың аудиожазбалары, саусақ іздері, цифрлық құжаттар және өзге де деректер, оның ішінде болашақта келіп түсетін, сондай-ақ Банкпен шарттар жасасу және орындау кезінде қолданылатын деректерді) жинауға және өңдеуге тиісті түрде ресімделген келісімдерінің бар екеніне кепілдік береді. Осы Келісімдер Банктің жоғарыда көрсетілген мақсаттарда менің дербес деректерімді үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату, егер мұндай беруге тыйым салынбаса немесе ҚР заңнамасымен шектелмесе, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен консультация беру, Банкке және оның серіктестеріне қызметтер ұсыну, төлем қабілеттілігін бағалау, шарттар жасасу және орындау, сәйкестендіру және аутентификациялау, банк пен оның серіктестерінің маркетингтік, жарнамалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, статистикалық зерттеулер, Банктің өз міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) өзінің қолданысын тарататын шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес орындауы, жасалған шарттар бойынша міндеттемелер бұзылған немесе үшінші тұлғалармен даулы жағдайларды қоса алғанда, даулы жағдайлар туындаған жағдайда Банктің құқықтарын сот және соттан тыс қорғау мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін (бұдан әрі – Келісім).

Банк айқындайтын қажеттілік пайда болған жағдайда Клиент Банкке дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банк жинауға және өңдеуге, трансшекаралық беруге келісімдерінің бар болуын құжат негізінде растайды.

Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Банкке ҚР дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Клиент Банктің талабы бойынша Банк шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

Көрсетілген келісім Клиент келісімді кері қайтарып алу туралы тиісті хабарламаны алған күннен бастап есептелетін, кері қайтарып алу күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін мерзімсіз қолданылады. Клиент дербес деректерді жинауға, өңдеуге, егер бұл ҚР заңдарына қайшы келсе немесе Банк алдында орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда, өз келісімін қайтарып ала алмайды.

16. Клиент Банкке кез келген ақпаратты (оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес банк құпиясын құрайтын) келесі тұлғаларға/органдарға беруге келісімін береді:

1) үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шет мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздерде және тиісті тәртіппен;

2) үшінші тұлғаларға Банктің клиент алдындағы шарттық міндеттемелерін орындау мақсатында; аударымдар мен төлемдер бойынша Клиенттің нұсқауларын орындау; Банктің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында; Банктің қалауы бойынша басқа жағдайларда;

3) Банкпен Клиентпен жасалған іріктеу құқығын (талаптарын) сатып алатын тұлғаға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚР уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл бағдарламалары (AML-рәсімдері) шеңберінде корреспондент банктерге, ҚР Ұлттық Банкіне, құқық қорғау органдарына, ЖПҚ-ға, сондай-ақ Банкке клиенттердің құжаттарын беру (егер Клиент Банктің агентімен тартылған болса), клиентке қызмет көрсету кезінде Клиент пен Банк/Банк және үшінші тұлғалар арасындағы ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде қызметтер көрсететін өзге де тұлғаларға, курьерлік, консультациялық, заңдық, аудиторлық және өзге де қызметтер, оның ішінде берешекті қайтару жөніндегі қызметтер не талап ету құқықтарын басқаға беруге байланысты қызметтер;

5) Банкке/Клиентке сервистік қызмет көрсетуді және/немесе ақпараттық қызметтерді, сондай-ақ кез келген өзге қызметтерді ұсынатын Банк серіктестеріне, оның ішінде Банк осындай тұлғалармен жасасқан шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттің адалдық бағдарламаларына, акцияларға қатысуы, Клиенттің серіктестердің қызметтеріне жеңілдіктер алуы, Банк серіктестерінің Клиентке сыйлықтар табыстауы мақсатында;

6) ақша жөнелтушілерге, Банктің төлем агенттеріне/субагенттеріне (егер төлем қызметтерін Банк төлем агенті/субагент арқылы ұсынған жағдайда), төлем қызметтерін/төлем сервистерін бөгде жеткізушілерге және т. б.

Мұндай ақпаратты ашу (оның ішінде беру және пайдалану) тәртібі мен тәсілдері Банкпен дербес түрде айқындалады.

Осы келісім БҚКШ қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де өз күшін сақтайды.

17. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының, сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, шартта көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.

18. Банктік қызметтерді ұсынуың максималды мерзімі осы шартта, Клиентпен жасалынған өзге шарттарда және ҚР заңнамасында анықталады.

Банкте ашылған Клиенттің шоттары арасында ақша аударуды Банк бір операциялық күн ішінде жүзеге асырады. Нұсқауды кері қайтарып алу туралы өкімді уақтылы алған жағдайда, Банк осындай нұсқау бойынша ақша аударуды жүзеге асырмайды, оны осындай өкімді алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей қайтарып, алған өкімді орындау туралы хабарламаны бастамашыға жібереді.

19. Банк нұсқауды оны Клиент жіберген күні орындауды қамтамасыз етеді.

Ақшаны Клиенттің банктік шотына немесе Клиенттің пайдасына ақшаны қабылдауды көрсететін өзге шотына аудару туралы нұсқауды орындауды Банк ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

Нұсқауды орындаудан бас тартуды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бас тарту себептерін көрсете отырып, нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жасайды.

20. Клиент жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарды, анықтамаларды, хаттарды және өзге де құжаттарды куәландыру үшін Банк жоғарыда көрсетілген құжаттарға механикалық және/немесе электрондық-цифрлық құралдарды пайдалана отырып, қойылған электрондық-цифрлық қолтаңбаны, Банктің уәкілетті тұлғасы қолтаңбасының факсимильді нұсқасын және/немесе Банк мөрінің графикалық түрін, сондай-ақ ҚР заңнамасында қарастырылған өзге де әдістерді пайдалана алатындығымен келіседі.

21-тармақ осы шартқа №15 Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жойылды (31.07.2026 ж. № 18/2026 хаттама).

22-тармақ осы шартқа №10 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (29.08.2025 ж. № 19/2025 хаттама).

22. ҚР заңнамасына сәйкес, жеке кәсіпкерлердің банк шоттарындағы ҚР заңнамасында белгіленген мөлшердегі ақша қалдықтары депозиттерді міндетті сақтандыру объектісі болып табылады. Осымен Банк Клиентті Банктің депозиттерді міндетті сақтандыру жүйесіне қатысатыны туралы хабардар етеді. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама, оның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өтемнің талап етілмеген сомасын ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу мақсатында ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған жеке зейнетақы шотына аудару туралы ақпарат Банктің интернет-ресурсында орналастырылған.

3-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк келесі әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) Клиентке оның сұрауы бойынша банктік операцияларды жүргізудің жалпы талаптары, сондай-ақ Банктің тарифтері және (немесе) банк өнімдерінің талаптары туралы ақпаратты Банктің ғимараттарында, интернет-ресурсында жариялау; мобильді банкинг; SMS немесе push-хабарламалар арқылы ұсынуға;

2) рұқсат етілмеген төлемдердің алдын алу, мұндай оқиғаларды тергеу, іс-шаралар қабылдау мәселелері бойынша қызметтесуге;

3) Клиенттің жазбаша өтінішін ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде қарастырып, оған жазбаша жауап әзірлеуге;

4) ҚР заңнамасында және БҚКШ-да көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің дербес деректерін, Клиентке қатысты банктік құпияны жарияламауға;

5) Клиентке ол Банк бөлімшесіне/кеңсесіне жүгінген кезде, интернет-банкінг және (немесе) SMS-хабарламалар және (немесе) ақпаратты электрондық терминал экранына жариялау немесе БҚКШ-да қарастырылған өзге де әдіс арқылы оның пайдаласына ақшаны қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге;

6) Клиентке төлем тапсырмасын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны интернет-банкінг және (немесе) SMS-хабарламалар және (немесе) ақпаратты электрондық терминал экранына жариялау немесе БҚКШ-да қарастырылған өзге әдіс арқылы жеткізуге;

3-баптың 1-тармағы осы шартқа № 4 Өзгерістер мен толықтырулар (18.09.2024 ж. № 28/2024 Хаттама) редакциясында 6-1), 6-2), 6-3) тармақшаларымен толықтырылды

6-1) алаяқтық белгілері бар төлем операциясын жүзеге асыру әрекеттері туралы Клиентті базаға енгізу туралы антифрод-орталықтан хабарлама алған кезде операция сомасы шегінде Клиенттің банктік шотына ақшаны есептеуді тоқтатуға;

6-2) осы тармақтың 6-1) тармақшасына сәйкес Клиенттің банктік шотына ақша аударуды тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Клиенттің банктік шотындағы ақша сомасын бұғаттауға және бұл туралы оны БҚКШ-да белгіленген тәртіппен дереу хабардар етуге;

6-3) ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде Клиент алаяқтық белгілері бар төлем операциясы бойынша ақша жөнелтушіге бұғатталған ақшаны қайтаруды жүзеге асыруға;

7) ҚР заңнамасымен және БҚКШ-мен көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

2. Банк құқықтары:

1) Клиентке ауызша немесе жазбаша нысанда жасалған шарттар жөнінде, оның ішінде шоттың жай-күйі, ол бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді, сонымен қатар Банктің қызметі, банк өнімдерінің талаптары туралы кез келген ақпараттық материалдарды (оның ішінде хабарламаларды) Банктің сұратуы бойынша Клиент БҚКШ жасасу кезінде көрсеткен тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН, код сөзін немесе өзге ақпаратты хабарлаған жағдайда Банктің бастамасымен немесе Клиенттің бастамасымен ашық байланыс арналары арқылы, сонымен қатар пошта (электрондық поштаны қоса алғанда) арқылы, курьер арқылы, қолма-қол, ұялы (SMS) және факсимильді байланыс арқылы табыстауға. Клиент БҚКШ-ға сәйкес ашық байланыс арналары арқылы Банк жіберген ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін мойындайтынын растайды және осындай тәуекелді өзіне алады;

2) біржақты тәртіппен БҚКШ-ны, тарифтерді, банк өнімдерінің талаптарын толығымен немесе ҚР заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, жекелеген банктік қызметтер бөлігінде өзгертуге және/немесе толықтыруға. Банк Клиентке мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты келесі әдістердің кез-келген біреуін пайдалана отырып (Банктің қалауы бойынша) хабарлайды:

Банк ғимараттарындағы ақпараттық стендтер арқылы;

Банктің интернет-ресурсы арқылы;

Клиентке жаңа шартты, тарифтерді, қағаз тасығыштағы толықтырулар және/немесе өзгерістер есепке алынған банк өнімдерінің талаптарын ұсыну арқылы;

электрондық пошта арқылы;

SMS-хабарламалар арқылы;

өзге әдіспен.

Егер ҚР заңнамасында немесе БҚКШ талаптарында өзгеше көзделмесе, Банктің БҚКШ-ны және (немесе) тарифтерді және (немесе) банк өнімдерінің талаптарын кез келген өзгертуі Клиент үшін мұндай өзгерістер күшіне енген күннен бастап міндетті болып табылады. Егер Клиент өзгерістермен келіспесе, Клиент тиісті банктік қызметтерді пайдаланудан бас тартуы керек.

Банктің тарифтері Тараптардың келісімі бойынша ұлғаю жағына қарай келесі тәртіппен өзгертілуі мүмкін: Банк тарифтерінің өзгеруі туралы ақпаратты Банк Банктің интернет-ресурсында орналастырады. Клиенттің Банктің тарифтері өз күшіне енгенге дейін ұлғайту жағына қарай өзгертуге келіспеу туралы өтінішті ұсынбауы Клиенттің Банк тарифтерінің өзгеруімен келісуін білдіреді және Банктің тарифтері Тараптармен келісілген болып саналады. БҚКШ-ға қосымша келісім жасасу немесе Клиенттің келісімін өзге тәсілмен жазбаша растау талап етілмейді. Клиент Банктің тарифтерінің ұлғаю жағына қарай өзгеруімен келіспеген жағдайда, Клиент Банкке БҚКШ-ның 4-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен жазбаша хабарлама жібере отырып, БҚКШ-ны одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы;

3) Клиент БҚКШ шеңберінде пайдалана алатын банктік операциялардың және (немесе) қызметтердің тізімін анықтауға, өзгертуге, оның ішінде толықтыруға;

4) Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған жағдайда, Банк Клиенттің шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

5) тармақша осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында мазмұндалды

5) Клиенттен (оның өкілінен) оны (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

6) егер Клиент сәйкестендірілмеген болса немесе Клиент осындай қызмет түрлерін көрсету үшін ҚР заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды, не Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынбаса немесе дұрыс емес құжаттарды ұсынған жағдайда, банктік қызмет көрсетуден бас тартуға;

7) Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды олардың ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында сұрауға;

8) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиент жіберген қателер анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажет құжаттардың/деректемелердің толық емес жиынтығын ұсынған кезде немесе мүлдем ұсынбаған кезде, сонымен бірге операциялар ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және БҚКШ талаптарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;

9) қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Клиентке тиісті қызмет көрсету мақсатында оған қосымша ескертусіз өзінің үй-жайларында және өз құрылғыларында бейнебақылау, сондай-ақ аудио және телефон жазбаларын жүргізуге. Бейнежазбалар мен телефонмен сөйлесу жазбалары Банк пен Клиент арасындағы дауларды қарау кезінде, сондай-ақ өзге жағдайларда дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін;

10) Банк БҚКШ негізінде Клиентті алдын ала хабардар етпей, шотты, сондай-ақ Клиенттің Банкке тиесілі кез келген басқа банк шоттарын, Клиенттің Банк алдындағы қолда бар ақшалай міндеттемелері және (немесе) Банк БҚКШ негізінде құқығы бар комиссиялар мен алымдар бойынша берешекті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, сондай-ақ шотқа қате есептелген ақшаны тікелей дебеттеу жолымен алып қоюға. Осымен Клиент Банкке БҚКШ талаптарына және ақша сомасына сәйкес тікелей дебеттеуді жүзеге асыруға сөзсіз және даусыз құқық береді.

11) Клиент Банкке БҚКШ бұзу немесе бас тарту туралы жазбаша өтінішті ұсынған жағдайда, Клиентке шот бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссияны қайтармауға;

12) Клиент БҚКШ талаптарын бұзған жағдайда, банктік қызмет көрсетуде ықтимал шектеу туралы ескертуге немесе банктік қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;

13) тармақша осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында мазмұндалды

13) Клиентті алдын ала хабардар етпей БҚКШ-ны орындаудан толық немесе ішінара бір жақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға және (немесе) Клиенттің шотын бұғаттауға (оның ішінде шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға), Банк өз талаптарын қанағаттандыру мақсатында шотты тікелей дебеттеу арқылы шоттағы ақшаны өндіріп алуға құқылы;

Клиент БҚКШ талаптарын бұзған жағдайда;

Клиенттің Банк алдында орындалмаған міндеттемелері, оның ішінде шот бойынша теріс баланс болған кезде;

шот бойынша соңғы операцияны жүргізген күннен бастап шот бойынша соңғы күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде операциялар болмаған жағдайда;

КЖТҚҚ заңында немесе ҚР ратификациялаған халықаралық шартта көзделген жағдайларда;

Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ішкі құжаттарында және рәсімдерінде көзделген жағдайларда;

Клиент Банк талап ететін құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда;

Клиент банкроттыққа ұшыраған немесе таратылған болса, Клиентті қылмыстық қудалау немесе оны қылмыстық жауапкершілікке тарту, Клиенттің лауазымды тұлғаларын қылмыстық қудалау, Клиентті халықаралық қудалау жағдайларында, егер Клиентке /оның үлестес тұлғаларына / бенефициарлық меншік иелеріне/Клиентке қызмет көрсететін өзге банкке қатысты қандай да бір санкциялар қолданылса, егер Банк оның Клиенті/Клиенттің үлестес тұлғалары/бенефициарлық меншік иелері террористік әрекетке және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және/немесе Клиентті немесе оның үлестес тұлғаларын қылмыстық қудалауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асыратыны туралы күдіктенсе (және Банк өзінің күдігін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес) және/немесе Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағдайлар туындаса;

шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартылған немесе Клиенттің банк шоттары бойынша барлық операциялары тоқтатылған жағдайда;

Банкте Клиенттің/Клиенттің контрагентінің операцияларына, оның ішінде келісімшарттарына санкциялар қолданылатыны немесе санкциялардан жалтаруға бағытталғаны туралы негіздемелері бар болса;

Банкке дербес деректер бойынша берілген келісімдердің кез келгені қайтарып алынса, үшінші тұлғалар олардың жарамдылығына наразылық білдірсе, Банкке дербес деректер бойынша берілген келісімдердің кез келгені жарамсыз деп танылған болса, Банк оған берілген субъектілердің дербес деректерін пайдалана алмаса (оның ішінде оларды жою, бұғаттау, иесіздендіру және т. б. нәтижесінде), Банкке дербес деректер туралы заңнаманы бұзу үшін шаралар қолданылған жағдайда;

Банктің қалауы бойынша немесе ҚР заңнамасында көзделген кез келген өзге жағдайларда.

Осы оқиғалар орын алған кезде Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері дереу орындалуы тиіс. Ал Банк Клиенттің нұсқауларын орындауды кешіктіру немесе тоқтату салдарынан келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды. Банк Клиентке БҚКШ-дан бас тарту және шотты (шоттарды) жабу туралы хабарлама жіберуге құқылы, бірақ міндетті емес;

14) тармақша осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында мазмұндалды

14) Клиенттің нұсқауларын орындаудан бас тартуға:

Банктің Клиенттің/Клиенттің контрагентінің/ Клиенттің үлестес тұлғаларының/Клиенттің бенефициарлық меншік иелерінің операцияларына санкциялар қолданылатыны немесе санкциялардан жалтаруға бағытталғаны туралы негіздемелері бар болса;

күдік туындаған жағдайда, оның ішінде Клиент жасаған операцияларды зерделеу процесінде мұндай операцияларды Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасайтыны, пайдаланатыны туралы күдік туындаған жағдайда;

ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда КЖТҚҚ заңында көзделген негіздер бойынша;

Клиент оларға нұсқауларды және ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін құжаттарды ұсынған жағдайда;

рұқсат етілмеген төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз түрде алу фактілері анықталған және расталған кезде;

егер төлем құжатында жалғандық жасау, түзету, толықтыру белгілері бар болса; - төлем жүргізу кезінде Клиенттің алаяқтық әрекеттері туралы күдік болған кезде;

егер төлем құжаты Тараптар арасындағы рұқсат етілмеген төлемдерден, ақша аударымдарынан қорғау іс-әрекеттерінің тәртібін бұза отырып берілсе, атап айтқанда, Клиенттің атынан оған өкілеттігі жоқ адам қол қойған болса;

егер төлем құжатында құжаттың сол түрі үшін ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген барлық немесе кейбір мәліметтер болмаса;

Клиенттің ЖСК, ЖСН/БСН нөмірлері төлем құжатында, оның ішінде бюджетке төленетін салықтар мен басқа міндетті төлемдер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жасалынатын аударымдар және (немесе) жарналар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жөніндегі мемлекеттік кірістер органы ұсынатын төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайда;

Клиент ҚР заңнамасында, сондай-ақ БҚКШ-да белгіленген төлем құжатын жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда;

төлем құжатында көрсетілген сомалар сандармен және жазбаша жазумен сәйкес келмеген жағдайда;

Клиенттің банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері бар болса, мүлікке билік етуге уақытша шектеу бар болса, Клиенттің банк шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер болған кезде, сонымен қатар ҚР заңнамасында белгіленген талаптарды шоттағы ақша есебінен қанағаттандырудың кезектілігіне сәйкес ертерек орындалуға жататын нұсқаулар болған жағдайда, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда;

егер Клиенттің меншік иелері арасында қолтаңба үлгілері бар құжатқа қолдары қойылған тұлғалардың өкілеттіктері туралы немесе осы тұлғалардың өкілеттіктерін тоқтату туралы даулардың бар екендігін куәландыратын құжаттар ұсынылса.

БҚКШ, ҚР заңнамасында белгіленген немесе олардан туындайтын өзге де негіздер бойынша.

Банктің төлем құжатын орындаудан бас тартуы себепті көрсете отырып, нұсқаулықты алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Инкассалық өкімді қоспағанда, төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны Банк Клиентке электрондық пошта немесе мобильді қосымша арқылы ауызша нысанда не БҚКШ-да көзделген өзге де тәсілдермен жібереді. Төлем құжатын орындаудан бас тарту күні осындай хабарлама жіберілген күн болып есептеледі. Банк негізделген түрде бас тартқан жағдайда Клиенттің Банктің нұсқауды орындаудан бас тартуына байланысты пайда болған немесе пайда болуы мүмкін шығындары, залалдары үшін жауап бермейді;

15) есептелген айыппұлдарды (өсімпұлдарды) өндіріп алудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Клиенттен оларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды талап етпеуге;

16) Клиентке банктік қызмет көрсетумен байланысты емес, оның ішінде ҚР бюджеті алдында берешектің болуы туралы ақпарат беруге;

17) ҚР заңнамасымен және БҚКШ талаптарымен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

3-баптың 2-тармағы осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар (25.12.2023 ж. № 36/2023 Хаттама) редакциясында 17-1), 17-2), 17-3), 17-4) тармақшаларымен толықтырылды

17-1) Клиентпен іскерлік қатынастар орнатудан келесі жағдайларда бас тартуға: заңнамада және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда; Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда; санкциялар бұзылған жағдайда;

17-2) Клиенттен (оның өкілінен) Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ішкі құжаттарында және рәсімдерінде көзделген және (немесе) санкциялармен белгіленген талаптарды орындау шеңберінде өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

17-3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған күдікті операциялар анықталған жағдайда Клиенттің операциясын, сонымен қатар санкциялар қолданысына жататын немесе санкциялардан жалтаруға бағытталған немесе Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсаттары үшін, сондай-ақ санкциялар талаптарын бұзу/жалтару мақсаттары үшін пайдаланылады деген күдік болған кезде операцияны жүргізуден бас тартуға;

17-4) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру, сондай-ақ санкциялар талаптарын бұзу/жалтару мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда, сол операцияларды орындауды тоқтатуға.

3. Клиенттің міндеттері:

1) БҚКШ және жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарына сәйкес міндеттемелерді уақытында және толық көлемде орындауға;

2) жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұрғылықты мекенжайы, еңбек қызметі орындарының, төлем деректемелерінің, телефон нөмірлерінің деректері, сонымен бірге Банкке ұсынылатын басқа деректер өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды тараптармен келісілген байланыс құралдарының кез-келген бір түрімен немесе жазбаша түрде 3 (үш) банктік күн ішінде ұсынуға;

3) мобильді банкингке, телефон нөмірі бар sim-карта пайдаланылатын ұялы телефонға кіру үшін қажетті ақпаратты (оның ішінде логин, жеке пароль, SMS-код) қауіпсіз, рұқсатсыз пайдалануды, сақтауды қамтамасыз ету. Мобильді банкингке кіру үшін қажетті ақпаратты (оның ішінде логин, жеке пароль, SMS-код), нөмірі бар sim-карта пайдаланылатын ұялы телефонды үшінші тұлғаларға бермеуге. Логинді, жеке құпиясөзді, SMS-кодты немесе карточканы, телефон нөмірі бар sim-карта салынған ұялы телефонды жоғалтқан жағдайда, сонымен бірге үшінші тұлғалардың логинді, жеке құпиясөзді, SMS-кодты, телефон нөмірі бар sim-карта салынған ұялы телефонды заңсыз пайдалану қаупі туындаған кезде осы туралы дереу барлық қолжетімді байланыс арналары арқылы Банкке хабарлауға. Жеке құпиясөз туралы ақпаратты жариялау кезінде жеке құпиясөзді мобильді банкинг арқылы ауыстыруға. Клиенттің мобильді банкингке кіру мүмкіндігі болмаған жағдайда, дереу Банкке хабарласуға. Клиент: электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді бұғаттау (тоқтату) үшін байланыс орталығына жүгінуге; телефон нөмірін ұялы байланыс операторы арқылы бұғаттауға құқылы;

4) Банк қызметтерін жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарына, Банк белгілеген тарифтерге және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес төлеуге;

5) Банкке өз шоттарына заңсыз кіру фактілерін немесе заңсыз кіру фактілерінің болуына күдік болған жағдайда, дереу хабарлауға;

6) Клиенттің кінәсінен Банкке келтірілген барлық шығыстарды және сот шығындарын сөзсіз тәртіппен өтеуге;

7) Банкке өзінің бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты беруге;

8) ҚР заңнамасымен және БҚКШ-мен көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

4. Клиенттің келесі әрекеттерді жасауға құқықтары бар:

1) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, Банкке жазбаша өтінішпен жүгінуге және жауап алуға;

2) БҚКШ шеңберінде операцияларды жүргізу, банктік қызметтерді көрсету және өзге ақпаратты ұсыну сұрақтары бойынша Банктен консультация алуға. Көрсетілген ақпарат Клиентке Банктің ғимараттарында, интернет-ресурсында, Клиенттің жазбаша өтінішіне жауап түрінде, ал байланыс орталығына хабарласқан кезде мобильді банкинг немесе БҚКШ талаптарында қарастырылған өзге әдіспен ұсынылуы мүмкін;

3) БҚКШ талаптарына сәйкес жазбаша түрде операциялар бойынша шағымдарымен Банкке жүгінуге;

4) Банк көрсететін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, жазбаша түрде Банкке жүгінуге, сондай-ақ растайтын құжаттарды (сауда чектерін және т.б.) міндетті түрде қоса бере отырып, шығынды өтеу туралы талапты қоюға;

5) Банкке растайтын құжаттарды (сауда чектері және т.б.) міндетті түрде қоса бере отырып, шығындарды өтеу туралы талаптарды қоюға;

6) БҚКШ талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде БҚКШ талаптарында көзделген тәртіппен Банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тартуға;

4-тармақ осы шартқа №15 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 6-1) тармақшамен толықтырылды (31.07.2026 ж. № 18/2026 хаттама).

6-1) Банкке қолма-қол ұсынылатын жазбаша өтініштермен жүгінуге;

7) ҚР заңнамасымен және БҚКШ талаптарымен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2-тарау. Қорытынды ережелер

1-бап. БҚКШ-ға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

1. БҚКШ-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді (жекелеген банктік қызметтерді ұсыну туралы жекелеген шарттар), оның ішінде банктің БҚКШ-ның жаңа редакциясын және/немесе тарифтерді бекітуді Банк жалпы шарттармен белгіленетін ерекшеліктерді ескере отырып, ҚР заңнамасында және осы бөлімде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Банк Клиентке БҚКШ-ға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы (жекелеген банк қызметтерін көрсету туралы жекелеген шарттар), оның ішінде Банктің БҚКШ-да көзделген тәртіппен БҚКШ-ның жаңа редакциясын бекіту туралы хабарлайды.

3. ҚР заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде БҚКШ-ға кез келген өзгерістер мен толықтырулар (жекелеген банк қызметтерін ұсыну туралы жекелеген шарттар), оның ішінде Банк бекіткен БҚКШ және/немесе тарифтердің жаңа редакциясы олар өз күшіне енген күннен бастап БҚКШ-ға қосылған, оның ішінде БҚКШ-ға бұрын қосылған барлық тұлғаларға қатысты бірдей қолданылады.

2-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

1. Өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны үшін әр Тарап екінші тараптың алдында ҚР заңнамасына, БҚКШ-ға және жекелеген банк қызметтерін көрсету туралы шарттарға, сонымен бірге ХТЖ талаптарына сәйкес жауапты болып табылады.

2. Тараптар БҚКШ бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайлары үшін, егер мұндай жағдайлар еңсерілмес күш жағдайларының, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдар, ҚР Ұлттық Банкі шектеулі тыйым салу сипатындағы актілер/шаралар қабылдау, бағдарламалық қамтамасыз студия істен шығуы, электр энергиясының ажыратылуы, байланыс желілерінің зақымдануы және тараптардың еркіне байланысты емес және БҚКШ нысанына тікелей қатысы бар өзге жағдайлар үшін жауапты болмайды.

3. Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Банктің қасақана немесе өрескелдігінің заңсыз әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан Клиентте пайда болған құжат түрінде расталған нақты шығынмен шектеледі. Банк Клиент алдында жіберілген пайда үшін ешқашан жауапты болмайды.

4. Нұсқаулықтарға (инкассалық өкімдерге, төлем талап-тапсырмаларына) сәйкес Клиенттің шотынан ақшаны өндіріп алудың негізділігіне мұндай нұсқаулықтарды жіберушілер (өндіріп алушылар) жауапты болады. Мұндай жағдайда Банк Клиенттің оның келісімінсіз шоттан ақшаны есептен шығарғандығы туралы шағымдарын қарастырмайды.

5. БҚКШ шарттарына сәйкес Банкке төлеуге/қайтаруға жататын сомаларды төлемегені/қайтармағаны үшін Банк Клиенттің Банкке мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген/уақтылы төленбеген соманың 0,1 (оннан бір) % мөлшерінде өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы. Көрсетілген жағдайларда өсімпұл сомаларын Банк Клиенттің банк шоттарынан оларды БҚКШ-да белгіленген тәртіппен тікелей дебеттеу жолымен есептен шығарады.

6. Банк шотына ақша қаражатын аударуды заңсыз кешіктіргені және Клиенттің банк шоты бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқауларын орындауды заңсыз кешіктіргені үшін Клиент Банктен мерзімі өткен әрбір күн үшін операция сомасынан 0,01 (жүзден бір) % мөлшерінде, бірақ операция сомасынан 1%-дан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеуді талап етуге құқылы.

7. Банк:

1) БҚКШ белгілеген тәртіппен міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

2) ҚР заңнамасына сәйкес БҚКШ ережелерін ескере отырып, банк құпиясын жария етуге;

3) Банк барлық қажетті және тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарын және өзге де құжаттарды алған жағдайда, Клиенттің пайдасына Банкке түскен ақшаны шотқа аударуды кешіктіргені үшін жауапты.

8. Банк:

1) Банктің кінәсіз туындаған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

2) Клиент сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасы үшін;

3) Егер Клиент көрсетілген байланыс арналары бойынша сұрау салуға бастамашылық жасаған немесе

көрсетілген байланыс арналары бойынша осы мәліметтердің бағытын көрсеткен жағдайда, Клиентке ашық байланыс арналары, оның ішінде SMS, e-mail, факс, телефон және т. б. арқылы жіберілетін мәліметтердің құпиялылығы үшін;

4) жабдықпен, электр энергиясын берумен және/немесе үшінші тұлғалар қамтамасыз ететін, пайдаланатын және/немесе қызмет көрсететін байланыс желілерімен байланысты қандай да бір авариялар, қызмет көрсету жүйесіндегі іркілістер үшін;

5) Клиенттің құжаттарды ресімдеу кезінде жіберген қателіктері және электрондық банк қызметтерін пайдалану кезінде дұрыс емес телефон нөмірлерін, деректемелерін көрсету үшін;

6) уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды адамдардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, шоттағы ақшаны тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес ақшаны акцептсіз есептен шығаруға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары Банкке келіп түскен жағдайда БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін;

7) Клиент шотты билік етуге уәкілеттік берген тұлғалардың мұндай тұлғаларды ауыстыру туралы не олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Банктің Клиенті хабарламаған/уақтылы хабарламаған жағдайда жасаған әрекеттері үшін;

8) Клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан және қолдаудан бас тарту үшін және Клиентке осыған байланысты туындаған шығыстарды және залалды өтемейді;

9) егер операцияны жүзеге асыруға, оның ішінде шет мемлекеттерде ашылған банктің корреспонденттік шоттарын пайдалануға ҚР және шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерге, халықаралық санкцияларға, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдеріне тыйым салынған жағдайда немесе немесе егер операцияның бенефициары/пайда алушысы өздеріне қатысты халықаралық санкциялар немесе шет мемлекеттердің санкциялары қолданылған (қолданылатын) адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылған жағдайда, Клиенттің ақша аудару жөніндегі нұсқауларын уақтылы орындамағаны және/немесе аударымды кешіктіргені және (немесе) Банктің корреспондент-банктері мен өзге де банктердің ақшаны қатырғаны үшін жауапты емес.

9. Клиент:

1) БҚКШ-да көзделген өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін;

2) Банктің Клиенттің кінәсінен шеккен шығындары мен сот шығындары үшін - Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

3) БҚКШ-да көзделген сәйкестендіру және аутентификациялау құралдарын пайдалана отырып, мобильді банкингте жүргізілетін барлық операциялар үшін;

4) Клиенттің логин, жеке пароль, SMS-кодтар және Клиент пен БҚКШ туралы өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан Клиенттің білімімен немесе білімінсіз өзге тұлғалар жасаған мобильді банкингтегі немесе электрондық терминал арқылы жасалған барлық операциялар үшін;

5) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде БҚКШ-да көзделген мерзімде төлем құжатын орындаудың қателігі туралы хабарлау кезінде Банк шеккен нақты шығындар үшін;

6) Банк сұраған дұрыс емес деректерді ұсынғаны үшін жауапты.

7) *тармақша осы шартқа № 3 Өзгерістер мен толықтырулар (29.03.2024 ж. № 11/2024 Хаттама) редакциясында мазмұндалды*

7) Электрондық банктік қызметтерді алу үшін пайдаланылатын компьютерге Клиенттің дербес деректерін оқу бағдарламаларын / қосымшаларын дербес түрде орнату үшін.

2-бап осы шартқа №8 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 10-тармақпен толықтырылсын (31.07.2025ж. № 16/2025 хаттама).

10. Клиент барлық айыппұлдарды Банктің Клиентке айыппұл төлеу және/немесе БҚКШ бойынша міндеттеменің кешігуі туралы хабарламаны жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс.

3-бап. Дауларды реттеу

Банк пен Клиент арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы мәселелерді келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған кезде даулар Банктің не оның филиалының орналасқан жері бойынша – Банктің қалауы бойынша ҚР заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.

Тараптар ақпарат тасығыштарда тіркелген (сақталатын) операциялар туралы деректерді дауларды шешу кезінде дәлелдемелер ретінде тануға келіседі.

4-бап. БҚКШ әрекеті, өзге ережелер

1. БҚКШ белгісіз мерзімге жасалынған.

2. Клиент БҚКШ-дан біржақты тәртіппен БҚКШ бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, бас тартуға құқылы. Бұл ретте Клиент Банкке БҚКШ-ның қолданылуын тоқтатудың болжанған күніне дейін 30 (отыз) банк күні бұрын жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Ағымдағы шотты жабу БҚКШ шарттарына сәйкес жүргізіледі.

3. Тараптар БҚКШ бұзылған/тоқтатылған жағдайда банк қызметтерін ұсынуды реттейтін БҚКШ шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалған жекелеген шарттар, егер өзгеше көзделмесе, мұндай шарттардың талаптарына сәйкес қолданылуын жалғастырады деп таниды.

4. Егер жекелеген шартта өзгеше көзделмесе, Банк БҚКШ шеңберінде банк қызметтерін ұсынуды реттейтін Банк пен Клиент арасында жасалынған жеке шарттардан БҚКШ қолданылуын тоқтатудың болжанған күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті хабарламаны жіберу арқылы біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Банк Клиентке келесі тәсілдердің кез келгенімен хабарлама жібереді (Банктің таңдауы бойынша):

Банктің интернет-ресурсы арқылы;
Клиентке жаңа БҚКШ, қағаз тасығыштағы толықтырулар және/немесе өзгерістер есепке алынған банк өнімдерінің талаптарын ұсыну арқылы;
электрондық пошта арқылы;
SMS-хабарламалар арқылы;
мобильді банкинг арқылы;
ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілмен.

Банктің Клиентке хабарлама жіберген немесе хабарламаны жеке кабинетте орналастырған немесе оны банкте берген күні жеке шарттың қолданылуын тоқтату туралы тиісті түрде Клиентке хабарланған деп есептеледі.

БҚКШ шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалған жекелеген шарттардың тоқтатылуы БҚКШ-ны тоқтатуға әкеп соқпайды.

5. БҚКШ тоқтатылған кезде Клиент оның құжаттамасын қалыптастыру үшін ұсынған құжаттарды Банк қайтармайды.

6. БҚКШ-ның жекелеген ережелерінің жарамсыздығы БҚКШ-ның қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

7. Егер БҚКШ-ның қандай да бір ережесі тиісті жалпы шарттармен белгіленген ережелерге қайшы келсе, онда жалпы шарттармен белгіленген ережелер қолданылады.

8. БҚКШ тілдерімен Тараптар қазақ және орыс тілдерін таңдады. Тараптар БҚКШ-ның тілдерін толық түсінеді, БҚКШ-ның мәні мен мағынасын тұтастай алғанда да, бөлек алғанда да толық түсінеді деп мәлімдейді. Сәйкессіздіктер (қарама-қайшылықтар) туындаған кезде орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

9. Егер осы БҚКШ-да немесе Тараптардың келісімінде өзгеше тікелей көзделмесе, Клиент осы БҚКШ-ға қосылған сәттен бастап Тараптар арасында бұрын болған ағымдағы банк шотының шарттары мен қолданылатын тарифтердің барлығы күшін жояды. Бұл ретте көрсетілген шарттар негізінде ашылған ағымдағы шоттар қолданыста қалады және оларға осы БҚКШ талаптары мен тиісті тарифтер қолданылады.

10. Осы БҚКШ Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен (30.07.2020 ж. №24/2020 хаттама) бекітілген, Клиентпен Банкте жеке тұлғаларға – жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсетудің бұрын жасалған шартын ауыстырады.

**Банк деректемелері:
бекітілген**

Алматы қ., Шашкин көш., 1/1 ү.

BSN 930540000147

www.home.kz, info@homecredit.kz

Тел.: +7 (727) 244 55 06

Байланыс орталығының телефоны 7979; электронды пошта digital@homecredit.kz.

Клиенттің ағымдағы банктік шотына қызмет көрсету шарттары

1-бап. Негізгі ережелер

1. Осы Қосымшада Банк Клиентке ашатын ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және оларға қызмет көрсету тәртібі айқындалады.

2. Шотқа банк қызметін көрсету БҚКШ-ға, осы Қосымшаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады және көрсетілген құжаттарда айқындалмаған бөлігінде Банк пен Клиент арасында жасалатын өзге де шарттармен реттеледі.

3. Ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және оларға қызмет көрсету Клиент көрсетілген операцияларды жасау үшін ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Тиісті валютада шот ашылған күн Банктің шот нөмірін ұсынған күні болып табылады.

5. Тараптардың келісімі бойынша ағымдағы шотты ашу және оған қызмет көрсету шарттары Тараптар қол қойған жеке ағымдағы шот шартымен ресімделуі мүмкін.

6. Банкте шот ашу келесі құжаттардың негізінде жүргізіледі:

1) Тараптар қол қойған Банк белгілеген нысандағы өтініштердің;

2) мобильді банкингте қалыптастырылатын Банк белгілеген нысандағы өтініштердің.

7. Банк Клиентке шотты өтініште көрсетілген валютада ашады. Шот ашылуы мүмкін шетел валюталарының тізімін Банк айқындайды.

8. Банк Клиентке Банкте ашылған ағымдағы шоттың нөмірі туралы келесі тәсілдердің бірімен немесе бірнешеуімен хабарлайды:

1) Клиент Банкке жүгінген кезде, бұл ретте Клиент ағымдағы шоттың нөмірін қамтитын Банк қызметкерінің қолымен расталған жазбаша құжатты алуға құқылы;

2) мобильді банкинг арқылы.

9. Мобильді банкинг арқылы шот ашылған жағдайда Банк Клиентке мобильді банкинг арқылы келісілген шарттарда шот ашу туралы растауды не шот ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

10. Мобильді банкингте қалыптастырылатын шот ашу туралы Банктің өтініші мен растамасын сақтау Банктің деректер базасында электрондық нысанда жүзеге асырылады.

11. Клиенттің Банктегі шоттар бойынша, оның ішінде мобильді банкинг арқылы жүзеге асыратын жекелеген банк операцияларына қатысты ҚР заңнамасында, Банктің және (немесе) басқа банктердің, қаржы мекемелерінің және (немесе) осындай операциялар жүзеге асырылатын төлем жүйелерінің ішкі құжаттарында белгіленген шектеулер қолданылуы мүмкін.

12. Банк Клиенттің операциялары бойынша құпияға кепілдік береді. Клиенттің жазбаша келісімінсіз Банк шотқа және ол бойынша операцияларға қатысы бар анықтамаларды тек тиісті құжаттардың негізінде ҚР заңнамасында тікелей көзделген тәртіппен және жағдайларда ғана үшінші тұлғаларға береді.

2-бап. Шотты жүргізу

1. Банк операциялық күн ішінде шот бойынша келесі операцияларды жүзеге асырады:

1) шотқа Клиенттің де, үшінші тұлғалардың да қолма-қол ақшамен Банк кассасына салған ақшасын есептейді, сондай-ақ шоттан Клиентке қолма-қол ақша береді;

2) шотқа Клиенттің Банкте және басқа банктерде ашылған басқа шоттарынан аударатын, сондай-ақ Клиенттің пайдасына үшінші тұлғалар аударатын ақшаны аударды;

3) Клиенттің төлем тапсырмалары бойынша ақшаны Банкте және басқа банктерде ашылған Клиенттің шоттарына, сондай-ақ үшінші тұлғалардың пайдасына шоттан аударды;

4) белгіленген үлгідегі Клиенттің өтініштері бойынша Банктегі деректер бойынша валютаны айырбастауды жүзеге асырады;

5) ҚР және/немесе БҚКШ заңнамасында көзделген негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындайды;

6) Клиенттің талабы бойынша шот бойынша үзінді көшірмелер береді. Шот бойынша үзінді көшірмелер электрондық банк қызметтерін пайдалана отырып немесе қолма қол берілуі мүмкін;

7) ҚР және БҚКШ заңнамасында көзделген өзге де операцияларды орындайды.

2. Банк Клиенттің шоты бойынша барлық шығыс операцияларын шоттағы бар сома шегінде жүзеге асырады.

3. Шоттан ақшаны есептен шығару ҚР заңнамасының, БҚКШ талаптарына сәйкес ресімделген нұсқаулар негізінде жүзеге асырылады. Шотқа нұсқауларды орындауды Банк ҚР заңнамасында белгіленген кезектілікпен орындайды.

4. Банк ақшалай қаражатты Клиенттің шоттарына, егер өзгеше - аударудың қысқартылған мерзімі үшінші тұлғалармен шоттарға ақшалай қаражатты аудару туралы жекелеген шарттарда көзделмесе, ақша қаражатының сомасы Банктің шотына түскен күннен кейінгі банк күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аударды.

5. Мобильді банкингтегі шот бойынша барлық операцияларды Клиенттің уәкілетті өкілдері ғана жүзеге асыра алады. Банк ішкі рәсімдерге сәйкес үшінші тұлғаларға операциялар жүргізуден бас тартуға құқылы.

6. Клиенттің шотынан оның келісімінсіз/акцептісіз ақша алу ҚР заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана жүргізіледі. Клиенттің шоты бойынша операцияларды тоқтата тұру және оның шотындағы ақшаға

тыйым салу ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Банк мұндай жағдайларда Клиентке келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.

7. Клиенттің шоты бойынша ақша қалдығына сыйақы есептеуді Банк жүргізбейді.

8. Егер Тараптар арасындағы жекелеген келісімде өзгеше белгіленбесе, шотты кредиттеу жүзеге асырылмайды.

9. Банк Клиенттен Банк тарифтеріне сәйкес ағымдағы шот бойынша операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алады. Банк Клиентпен алдын ала келіспей, біржақты тәртіппен қолданыстағы тарифтерге өзгерістер енгізуге құқылы. Клиент тиісті ақпаратпен бөлімшелердің операциялық залдарында және Банктің интернет-ресурсында танысуға құқылы.

10. Клиенттің шотына қызмет көрсетуге байланысты Банктің почта және өзге де шығыстарын Клиент Банктің тарифтерінде белгіленген мөлшерде толық көлемде өтеуге тиіс.

11. Банк ҚР заңнамасы талаптарының сақталуын тексеру мақсатында Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды талап етуге құқылы.

12. Банк Клиенттің шоты бойынша жүргізілген операциялар бойынша талаптарын олар жүргізілген кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде алмаған жағдайда, операция расталды деп есептеледі.

13. Қайтыс болған/қайтыс болды деп жарияланған Клиенттің шотынан ақша беру заңдарға сәйкес уәкілетті мұрагерлерге/өзге тұлғаларға, тарифтерге сәйкес Банк комиссияларын шегергенде, ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде және құжаттар негізінде жүргізіледі.

3-бап. Банкте қызмет көрсету

1-тармақ осы шартқа №15 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (31.07.2026 ж. № 18/2026 хаттама).

1. Банктің үй-жайларында Клиентке келесі қызметтер ұсынылады:

1) шоттағы қалдық туралы ақпаратты сұрау;

2) шот бойынша тарифті өзгерту;

3) белгілі бір кезеңдегі операциялар туралы ақпаратты сұрау;

4) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзге операциялар туралы ақпарат сұрау;

5) өзінің банк шоттары арасында банкішілік аударымдарды жүзеге асыру;

6) теңгемен және валютамен ағымдағы шоттарды ашу, қызмет көрсету және жабу;

7) қолма-қол ақшаны қабылдау және беру бойынша кассалық операцияларды жүргізу;

8) Клиенттің немесе оның өкілінің міндетті түрде жеке қатысуын талап ететін не құжаттардың түпнұсқаларын ұсынууды талап ететін өзге де операцияларды жүргізу;

9) Банк айқындайтын өзге де қолжетімді банктік қызметтер.

Банк ҚР заңнамасының, Шарттың талаптары сақталған жағдайда Банк үй-жайларында және/немесе мобильді қосымшада қолжетімді қызметтер тізбесін өзгертуге құқылы.

Егер операцияны мобильді қосымша арқылы жүргізу мүмкін болса, Банк оны бөлімшеде қағаз жеткізгіштегі жүргізуден бас тартуға құқылы. Электрондық банктік қызметтер мобильді қосымшада қолжетімсіз болған жағдайда Клиент мұндай қызметтерді Банк үй-жайларында алуға құқылы. Бұл ретте Клиент бұл қызметтер үшін Банк тарифтеріне сәйкес төлеуі тиіс. Электрондық банктік қызметтердің қолжетімсіздігі Банктің бағдарламалық-аппараттық кешені жұмысындағы техникалық ақаулар немесе Банктің регламенттік техникалық жұмыстарды жүргізуі жағдайларында ғана Банк тарапынан қолжетімсіздік ретінде танылады. Клиенттің Интернет желісіне қол жеткізе алмауы, Клиент құрылғысының жарамсыздығы, логиннің/күпия сөздің жоғалуы немесе есептік жазбаның бұғатталуы электрондық банктік қызметтердің қолжетімсіз деп танылуына негіз болып табылмайды..

2. Шот бойынша барлық операцияларды Клиент Банкке ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжатты ұсынғаннан кейін үшінші тұлғалар жүзеге асыра алады.

3. 2 000 000 (екі миллион) теңгеден астам сомаға шоттан қолма-қол ақша не АҚШ долларындағы баламаны алу үшін, сондай-ақ Банкте қолма-қол ақшаның қажетті сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Клиент Банкке бір жұмыс күніндегі соманы көрсете отырып, өтінім береді.

4. Шетел валютасындағы шоттан қолма-қол ақша Банктің кассасы арқылы 10 (он) АҚШ долларынан не 5 (бес) Еуродан аз сомаға берілген жағдайда, Банк айырбастау күніне ҚР Ұлттық Банкінің бағамы бойынша тиісті соманы теңгемен қолма-қол ақшасыз айырбастауды жүргізуге және тиісті соманы теңгемен беруге құқылы.

4-бап. Шот бойынша валюталық операцияларды жүргізу шарттары

1. Шетел валютасымен жасалатын барлық операциялар ҚР заңнамасында, Банктің және БҚКШ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-бап осы шартқа №15 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 1-1) тармақшасымен толықтырылды (31.07.2026 ж. № 18/2026 хаттама).

1-1. Шетел валютасымен операциялар сату кабинетіне қолжетімділігі бар Клиенттер үшін қолжетімді.

2. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиент Банктің талабы бойынша Банкке ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес операцияны жүргізу үшін негіздейтін және өзге де қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

3. Клиент валюталық бақылау мен валюталық шектеулерді, сондай-ақ салықтарды немесе өзге де міндетті төлемдерді енгізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шетел валютасына қатысты заңнамада, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасында белгіленген шоттағы ақшаға немесе оны пайдалану операцияларына таралуы мүмкін

шектеулерге байланысты туындауы мүмкін шетел валютасында шот ашуға және жүргізуге байланысты тәуекелді өзіне қабылдайды.

4. Егер шотқа түсетін ақшаның валютасы шоттың валютасынан өзгеше болса, Банк БҚКШ шарттарына сәйкес Банктің тарифтері бойынша айырбастау үшін Банктің комиссиясын бір мезгілде ұстай отырып, Банк айырбастау кезінде белгілеген шоттың валютасын сату бағамы бойынша түсетін ақшаны айырбастауды жүзеге асырады. Клиенттің қосымша растауын қажет етпей, Банктің осындай курсты пайдалануына Клиент өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді. Банк Клиентке қабылданған төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы және одан жүргізілген шегерімдер туралы хабарлайды.

5. Клиент шоттан халықаралық аударымдар жасау кезінде өзінің шартсыз және қайтарымсыз келісімін білдіреді:

1) Банк Клиенттің шетел валютасындағы операциясын жүргізуге қатысатын шетелдік корреспондент-Банктің сұрауы бойынша операцияға және оған қатысушы тұлғаларға қатысты мәліметтер мен түсініктемелер беруі мүмкін;

2) Банкте жоқ, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент-Банкке ұсыну талап етілетін мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды беру туралы Банктен сұрау келіп түскен жағдайда, Клиент Банкке осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды қажетті көлемде және Банк айқындаған мерзімде беруге міндеттенеді. Бұл ретте Банк Клиент осындай мәліметтерді, түсініктемелер мен құжаттарды ұсынбаған кезде аударымның орындалмағаны және оның аяқталғаны үшін жауапты болмайды.

6. Клиент шетел валютасындағы шоттан ақша аудару жөніндегі операцияны жүргізу кезінде шетелдік корреспондент-банк тиісті шет мемлекет заңнамасының талаптарын, халықаралық келісімдерді, өзге де талаптарды басшылыққа ала отырып, келесі әрекеттерді жасай алатыны туралы тиісті түрде хабардар етілгенін растайды:

1) жасалатын операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметтерді алу мақсатында Клиенттің ақшасын белгісіз мерзімге аударуды тоқтата тұру;

2) мұндай бас тартудың себептерін нақтыламай, ақшаны Банкке, оның ішінде корреспондент-банк (тер) ұстаған комиссияны шегергенде, шетел валютасындағы ақшаны аударуды аяқтаудан бас тарту;

3) валюталық операция бойынша ақшаны белгісіз мерзімге бұғаттау.

7. Айырбастау ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес шотта бар сома шегінде, айырбастау шарттары мен операцияның мақсаттарын қамтитын Клиенттің тиісті түрде ресімделген нұсқауы негізінде жүзеге асырылады.

8. Банк ҚР және БҚКШ заңнамасына сәйкес келесі айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асырады:

1) шетел валютасынан қазақстандық теңгеге;

2) қазақстандық теңгеден шетел валютасына.

9. Айырбастау операцияларды жүзеге асырылатын валюталардың тізімін Банк дербес белгілейді және оны өз қалауы бойынша өзгерте алады.

10. Операциялар Банктің тарифтеріне сәйкес комиссияларды ала отырып, операция жасалған кезде Банк белгілеген ағымдағы айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады (мұндай комиссия болған кезде).

11. ҚР валюталық заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің пайдасына шетел валютасында түскен ақша сомасы туралы хабарламаны Банк дербес айқындайтын тәсілдермен, оның ішінде қашықтықтан қызмет көрсету арналарын пайдалана отырып жібереді, бұл ретте мұндай хабарламаны мобильді қосымшаны пайдалана отырып жіберу хабарламаны өзге тәсілдермен жіберу қажеттілігін жояды.

12. Клиенттің Банктегі шоттарынан басқа ұйымдардағы (ҚР-да немесе одан тыс жерлерде орналасқан) үшінші тұлғалардың шоттарына шетел валютасындағы төлемдер мен аударымдар ҚР-дағы және тиісті шетел валютасында ақша аударылатын елдегі мереке және жұмыс істемейтін күндер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банктің міндеттері:

1) Клиенттің нұсқаулары және олар бойынша ұсынылатын құжаттар ҚР заңнамасының талаптарына қайшы келсе, сол нұсқауларды орындаудан бас тартуға;

2) Клиенттің өтініші/тапсырмасы бойынша Клиенттің қосымша келісімінсіз шоттан ақшаны есептен шығару жолымен Клиент сатып алатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге төлем жасауға;

3) Клиентке шоттар ашуға, Клиенттің пайдасына қолма-қол және/немесе қолма-қол ақшасыз аударыммен енгізілген ақшаны қабылдауға және оларды ҚР заңнамасының, БҚКШ және жекелеген банк қызметтерін көрсету туралы шарттардың талаптарын ескере отырып, Клиенттің шоттарына есепке алуға;

4) Клиентті шот ашу кезінде Банкке берілген деректемелер бойынша Банкті таңдау бойынша кез келген тәсілмен (оның ішінде пошта байланысы, электрондық пошта, SMS-хабарламалар, push-хабарламалар, мобильді банкинг арқылы) шот ашу туралы және оның деректемелері туралы хабардар етуге;

5) Клиенттің шотынан ақшаны оның келісімінсіз (акцептсіз тәртіппен) тек ҚР заңнамасында, БҚКШ-да және Банк пен Клиент арасында жасалған өзге де шарттарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана алуға. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алудың негізділігі үшін өндіріп алушы жауапты болады;

6) ҚР заңнамасына және БҚКШ сәйкес шот бойынша операциялардың құпиясын сақтауға міндетті.

2. Банк құқықтары:

1) шот бойынша операция жасаудан келесі жағдайларда бас тартуға құқылы:

Клиенттерге қызмет көрсету үшін белгіленген операциялық күннен тыс нұсқаулар түссе;

егер Клиенттің нұсқауына сәйкес жүзеге асырылуы қажет операцияға ҚР заңнамасы тыйым салса немесе Банктің пікірі бойынша ҚР заңнамасының талаптарын бұзуға/орындамауға және/немесе Клиентке/Банкке нұқсан келтіруге әкеп соғуы мүмкін болса;

егер операция Банк шетелдік ұйымдармен (кредит, қаржылық және өзге де) жасасқан, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимылға және терроризмге қарсы күреске бағытталған шарттардың талаптарына сәйкес келмесе;

егер операцияны жүргізу үшін ҚР заңнамасының, халықаралық шарттардың, халықаралық банк практикасының немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің Банкке қосымша құжаттарды ұсынуы талап етілсе және мұндай құжаттар Банктің талабы бойынша ұсынылмаған болса (оның ішінде Клиенттің салықтық резиденттігі және/немесе операцияның ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын оның бенефициарлық меншік иелері туралы);

егер Клиент төлем құжатында төлем деректемелерін дұрыс көрсетпесе;

егер төлем құжатында көрсетілген сома, Банктің комиссиялық сыйақы сомасын қоса алғанда, шоттағы ақша қалдығынан асып кетсе;

егер шоттағы ақша Клиент ұсынған Банк алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылса;

егер Банкке Клиенттің меншік иелері арасында, оның ішінде қолдары Банкке ұсынылған үлгілері бар құжаттарға енгізілген тұлғалардың өкілеттіктері туралы немесе осындай тұлғалардың өкілеттіктерін тоқтату туралы даулардың бар екендігін куәландыратын құжаттар ұсынылса;

егер Банк шот ашқаннан кейін Банкке шот ашу үшін ұсынылған құжаттарда қателіктердің болуы, олардың ҚР заңнамасына немесе нақты деректерге сәйкес келмеуі анықталса;

ақша жөнелтуші төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген жағдайда, егер шартта Банктің Клиентке осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін кредит беру жөніндегі қызметті көрсетуі көзделмесе;

егер нұсқауда жалған жасалу, түзету, толықтыру және таңбалау белгілері болса; оның ішінде егер нұсқау жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта белгіленген санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-қимылдарының тәртібін бұза отырып берілсе;

егер: бастамашы нұсқау жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған жағдайда;

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында немесе ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не ҚР резиденті емес Банктермен шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде шот алаяқтық операциялар жасау, қылмыстық жолмен және/немесе терроризмді қаржыландыру жолымен алынған ақшаны заңдастыру (жылыстату) үшін пайдаланылады деген күдік болған кезде;

қолданысы Банктің және/немесе Клиенттің операцияларына қолданылатын шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның санкциялары болған кезде;

санкцияланбаған төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз алудың негізді фактілері анықталған және расталған жағдайларда;

Клиенттің Банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың/тұлғалардың шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке билік етуге уақытша шектеу, Клиенттің Банк шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ бірінші кезекте орындалуға жататын нұсқаулар болған кезде;

Шартта, осы Талаптарда, ҚР заңнамасында белгіленген немесе олардан туындайтын өзге де негіздер бойынша;

3) шотты ашу немесе ашудан бас тарту туралы өз бетінше шешім қабылдауға;

4) ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша операцияларды жүргізуді тоқтатуға;

5) Банк БҚКШ негізінде Клиентті алдын ала хабардар етпей, шотты, сондай-ақ Клиенттің Банкке тиесілі кез келген басқа банк шоттарын, Клиенттің Банк алдындағы қолда бар ақшалай міндеттемелері және (немесе) Банк БҚКШ негізінде құқығы бар комиссиялар бойынша берешекті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, сондай-ақ шотқа қате есептелген ақшаны тікелей дебеттеу жолымен алып қоюға. Осымен Клиент Банкке БҚКШ талаптарына және ақша сомасына сәйкес тікелей дебеттеуді жүзеге асыруға сөзсіз және даусыз құқық береді.

6) Клиенттен оны сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге. Клиент Банкке бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, сұратылған ақпарат пен құжаттарды беруге, сондай-ақ растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілген ақпараттың өзгергені туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа да байланыс құралдары бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті. БҚКШ мақсаттары үшін бенефициарлық меншік иесі деп жарғылық капиталға қатысу үлесінің жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама тиесілі жеке тұлға, сол сияқты Клиентке өзге түрде бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесі үшін Клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға түсініледі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шет мемлекеттердің өз қолданысын Клиентке және (немесе) оның бенефициарлық меншік иесіне тарататын заңнамасында көзделген жағдайларда және (немесе) БҚКШ шарттарына сәйкес Клиенттің нұсқауларын орындау мақсатында кез келген қажетті ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы және онымен Клиент сөзсіз келіседі;

8) егер Банк Клиенттің-жеке кәсіпкерлік субъектісінің хабарсыз кету/қайтыс болу/қайтыс болды деп жариялау фактісін растайтын құжатты алса, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

9) Клиенттің қосымша келісімінсіз Банкке шот валютасынан басқа валютада түскен ақшаны Банк айырбастау күніне белгілеген бағам бойынша айырбастауды жүргізуге;

10) Клиент шағым жасаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң шот бойынша операция бойынша

сол шағымды қарауға қабылдамауға;

11) сол валютада ашық шот болған жағдайда жаңа шот ашудан бас тартуға;

12) ішкі рәсімдерге сәйкес үшінші тұлғаларға шот бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыруға тыйым салуға;

14) Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған кезде шот бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқылы және Клиент бұған сөзсіз келіседі;

15) Ақша банк шоттарына қате/дұрыс есептелмеген жағдайда, Банк ақшаны есептен шығарғанға дейін банк шотын/қате/дұрыс есептелмеген соманы бұғаттауға. Осымен Клиент Банкке банктік шотты/қате/дұрыс есептелмеген соманы (осындай қате/дұрыс есептелмеудің себебіне қарамастан) бұғаттауға келісім береді;

16) операциялық күннің ұзақтығын біржақты тәртіппен бұл туралы Клиенттерге БҚКШ белгілеген тәртіппен хабарлай отырып өзгертуге. Банктің әртүрлі филиалдары мен ішкі құрылымдық бөлімшелері үшін Банк операциялық күннің ұзақтығын белгілей алады. Операциялық күн валюталардың түрлері және Банк көрсететін қызметтер (қызметтер жиынтығы) бөлінісінде де, шотты жүргізу кезінде Банктің Клиентпен өзара іс-қимыл арналары бөлінісінде де белгіленуі мүмкін;

17) осы шарттарды біржақты тәртіппен өзгертуге, Банктің жұмыс кестесі мен операциялық күнін, төлем құжаттарын қабылдау және тексеру шарттарын қоса алғанда, Клиентке қызмет көрсету тәртібін айқындауға;

18) ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және осы шарттарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Клиенттің міндеттері:

1) Банкке ҚР заңнамасына қайшы келмейтін шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқаулар беруге, ҚР заңнамасына және БҚКШ-ға сәйкес тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға;

2) орналасқан жері, төлем деректемелері, телефон нөмірлері өзгерген кезде, сондай-ақ БҚКШ шарттарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер болған кезде үш күн мерзімде (Банктің жұмыс күндері) бұл туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа да байланыс құралдары бойынша хабардар етуге және осындай өзгерістерді растайтын түпнұсқа құжаттарды ұсынуға;

3) Банктің тарифтеріне сәйкес БҚКШ бойынша Банк қызметтерін төлеуге;

4) жүргізілген операция үшін комиссияны және/немесе алымды қоса алғанда, шот бойынша операцияны орындау үшін қажетті шоттағы ақша сомасын қамтамасыз етуге;

5) ақшаны шотқа қате аудару фактісі анықталған жағдайда, бұл туралы қате төлем/аударым туралы мәліметтерді қамтитын шот бойынша үзінді көшірмені алған немесе ақшаны шотқа өзге көздерден (төлем құжаттары, мобильді банкинг арқылы, жазбаша хабарламалар, SMS-хабарламалар және т.б.) қате түрде алу туралы ақпарат алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке хабарлауға;

6) Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

7) Клиенттің немесе ол көрсеткен үшінші тұлғалардың пайдасына Банк шотына қате есептелген/есептен шығарылған ақша қаражатын Банктің талабы бойынша Банк операция жүргізген күннен бастап 2 (екі) банк күні ішінде, бірақ Банк ақша қаражатын Банкке қайтару туралы хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей қайтаруға;

8) шоттан қолма-қол ақша алу үшін алдын ала, бірақ мұндай соманы алудың болжамды күніне дейін 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей Банк белгілеген нысан бойынша ресімделген тиісті жазбаша өтінімді Банкке беруге. Осы тармақтың шарттарына қарамастан, Клиент Банк кассасы арқылы шоттан қолма-қол ақша алу үшін Банкке жүгінген жағдайда, Банк өз қалауы бойынша Клиент жоғарыда көрсетілген өтінімді берген күні оған сұратылған соманы бере алады;

9) шотқа билік етуге уәкілеттік берілген адамдар ауыстырылған не олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде бұл туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа да байланыс құралдары бойынша дереу хабардар етуге және осындай өзгерістерді растайтын түпнұсқа құжаттарды ұсынуға. Әйтпесе Банк мұндай адамдардың әрекеттері үшін жауап бермейді;

10) осы шарттардың осы бабында айтылмаған, бірақ шарттардың өзге тармақтарында, БҚКШ-да және ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

4. Клиенттің келесі әрекеттерді жасауға құқықтары бар:

1) шоттағы ақшаға билік етуге, оның ішінде Банкке заңдарда және БҚКШ-да белгіленген тәртіппен және тәсілдермен төлемдерді, ақша аударымдарын жасау туралы нұсқаулар беруге;

2) БҚКШ бойынша жасалуы оның қызметі үшін қажет қызметтерді, операцияларды өз бетінше таңдауға;

3) Банкпен БҚКШ бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

4) Банкте немесе электрондық банк қызметтері арқылы шот туралы мәліметтерді алуға;

5) ҚР заңнамасына, ережелеріне және Банктің басқа да ішкі құжаттарына қайшы келмейтін шоттағы ақша сомасы шегінде операциялар жасауға;

6) БҚКШ және ҚР заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды іске асыруға құқылы.

6-бап. Шотты жабу

1. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, клиент шотты оның жазбаша өтініші бойынша кез келген уақытта жаба алады. Шотты жабу Клиенттің бастамасымен мұндай шотқа қатысты орындалмаған талаптары болмаған жағдайда, Банк төменде келтірілген өтініштің біреуін алған күннен бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей жүргізіледі:

- 1) Банк бекіткен нысандағы, Клиент өзі немесе оның уәкілетті өкілі қол қойған шотты жабуға өтініш;
- 2) Мобильді банкингте қалыптастырылған Банк бекіткен нысандағы шотты жабуға өтініш.

Банк Клиенттің шотты жабуға өтінішін алғаннан бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей шот бойынша ақшалай қаражаттың қалдығын Клиентке береді немесе Клиент көрсеткен деректемелер бойынша аударады.

2. Банктің бастамасы бойынша шотты жабу келесі жағдайларда жүргізіледі:

Клиенттің шотында бір жылдан астам ақша болмаған жағдайда;

Клиенттің банк шотында бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған жағдайда;

ҚР бейрезидент банктерімен жасалған шартта қарастырылған жағдайларда;

Банк таратылса;

Банк БҚКШ-ны бір жақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тартса;

Банкті қайта ұйымдастырса, Банк банк шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда,

сонымен бірге БҚКШ-да және/немесе ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда.

3. Осы шартта және ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар болған жағдайда, Банктің бастамасымен шотты жабу үшін Банк Клиентке шотты жабу туралы хабарламаның 3 (үш) ай мерзімі өткеннен кейін Банктің таңдауы бойынша Банкте шотты ашу кезінде ұсынылған деректемелер бойынша кез келген әдіспен (оның ішінде пошталық байланыс, электрондық пошта, SMS-хабарлама, push-хабарлама, мобильді банкинг) хабарлайды.

4. Банктің бастамасы бойынша шотты жабуға келесі жағдайларда жол берілмейді:

1) шотқа қойылатын орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің шотында бір жылдан астам ақша болмаған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің банк шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған жағдайда;

2) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы немесе ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес банк шот шартын орындаудан біржақты бас тарту жағдайларын қоспағанда, клиенттің ҚР валюталық заңнамасына сәйкес банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде;

- 3) ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

5. Егер Клиенттің шотында Банк Клиентке хабарлама жіберген күннен бастап үш ай өткеннен соң ақша қаражаты болмаса, Банк шартты бұзып, егер Клиент хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде шот бойынша операцияларды қайта бастамаса немесе БҚКШ бойынша өзгеше тәртіп көзделмесе, шотты жабуды жүзеге асырады.

6. Клиенттің шотында ақша қалдығы болған кезде банк ақша қалдығын ҚР заңдарына сәйкес нотариус депозитіне аударуға және банктік шотты жабуға құқылы.

Электрондық банк қызметтерін ұсынудың жалпы шарттары

1-бап. Негізгі ережелер

1. Осы Стандартты электрондық қызметтерді ұсыну талаптары мобильді банкинг және/немесе электрондық терминалдың көмегімен электрондық банктік қызметтерді ұсынумен байланысты Клиент пен Банк арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

2. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну Клиент БҚКШ-ға қосылғаннан кейін жүзеге асырылады.

3. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну шеңберінде Банк төменде көрсетілген қызметтерді қоса алғанда және шектелместен ұсынады:

- 1) шоттар бойынша ақпаратты ұсыну (ақша қалдығы, шот валютасы және өзге ақпарат);
- 2) теңгемен шот бойынша операциялар туралы ақпарат ұсыну;
- 3) қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
- 4) жеке банктік шоттар арасындағы банк ішіндегі аударымдарды жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
- 5) теңгемен ағымдағы шоттарды ашу, қызмет көрсету;
- 6) өзге электрондық банктік қызметтер.

2-бап. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну талаптары

1. Банк электрондық банктік қызметтерді қашықтықтан дербес компьютерлер, электрондық байланыс құралдары, электрондық терминалдар және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әдістердің көмегімен байланыс арналары арқылы көрсетеді. Клиент дербес және өз есебінен өзінің дербес компьютерлері мен электрондық байланыс құралдарын интернет желісіне қосылуын, сонымен бірге пайдаланатын дербес компьютерлері мен электрондық байланыс құралын заңсыз қол жеткізу мен залал келтіретін бағдарламалық жасақтамадан қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Клиент электрондық банктік қызметтердің толық жиынтығын алу үшін ұялы телефон/ұялы байланыс операторының желісіне қосылған және интернет желісіне рұқсаты бар басқа құрылғыларға, сондай-ақ орнатылған мобильді қосымшаға ие болуы тиіс.

3. Электрондық төлем қызметтерін көрсету кезінде Банк пен Клиент арасындағы ақпарат алмасу сәйкестендіру құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Электрондық төлем қызметтерін электрондық сәйкестендіру құралдарын пайдаланбастан телефон арқылы Банктің ішкі ережелері мен БҚКШ-да қарастырылған қауіпсіздік рәсімін қолдану негізінде ғана рұқсат етіледі.

4. Тараптар Клиенттің электрондық төлем қызметтерін жүзеге асыруға тапсырмалары, сонымен бірге БҚКШ талаптарына сәйкес интернет-банкинг немесе электрондық терминал көмегімен қалыптастырылған Клиенттің өзге өтініштері/нұсқаулары қағаз тасығышта ресімделген құжаттарға сәйкес келетіндігімен және БҚКШ бойынша тараптарда үйлес құқықтар мен міндеттемелердің туындауына алып келетіндігімен келіседі (ҚР заңнамасына сәйкес қағаз тасығышта әзірленген және/немесе жасалынған құжаттар мен шарттарды қоспағанда). Клиент тарапынан операцияның жүргізілуін құжат түрінде растауына Клиенттің дұрыс аутентификациясын, сәйкестендіруін және жүйеде операцияны жүргізуді растайтын Банктің тиісті автоматтандырылған жүйесінде операцияларды жүргізу хаттамасы саналады.

5. Банк көрсететін электрондық банктік қызметтер үшін сыйақыны Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес алады.

6. Банк техникалық мүмкіндіктер болған кезде Банк айқындайтын тәртіппен Клиенттің өкілдеріне (оның ішінде сенім білдірілген өкілдерге) мобильді банкинг арқылы электрондық банк қызметтерін қосу және пайдалану мүмкіндіктерін ұсынады.

7. Клиенттің мобильді банкинг арқылы Клиенттің шоттарынан ақша аударуға арналған тапсырмаларын, егер тапсырмада өзге орындау мерзімі көрсетілмесе, Банк тапсырманы ресімдеген күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей орындайды.

8. Клиенттің шоттары арасында мобильді банкинг арқылы ақша аударған кезде ақшалай қаражатты шотқа есепке алу 1 (бір) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

9. Клиенттің атына өзге ұйымдардан түсетін төлемдер мен аударымдарды Банк Клиенттің тиісті шотына/салымына тиісті шарттарда есепке алудың өзге мерзімі қарастырылмаса, Банктің шотына ақшалай қаражаттың тиісті сомасын есептеген күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей есепке алады.

10. Егер Банк тарифтерінде өзгеше белгіленбесе, Банктің бастамасы бойынша SMS-хабарламаларды электрондық банктік қызметтерді ұсыну шеңберінде тарату Клиенттен комиссиялар мен алымдарды ұстамастан Банктің өз есебінен жүзеге асырылады.

11. Клиентті электрондық банктік қызметтен ажырату Банк бекіткен нысанда қағаз тасығышта тиісті түрде ресімделген және Клиенттің қолы қойылған қызметті өшіру туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

12. Тараптар осымен осы талаптар бөлігінде БҚКШ шарттары Тараптардың Банк жүйелерінде телефон нөмірі тіркелген кезден бастап туындаған электрондық банк қызметтерін ұсыну жөніндегі қатынастарына қолданылатынын белгілейді.

13. Клиент Банкке электрондық құжаттарды (ЭЦҚ-мен бекітілген/динамикалық немесе биометриялық сәйкестендіру арқылы расталған) жіберетін Жеке тұлғаларға Клиент тиісті өкілеттіктер бергенін және Клиенттің уәкілетті тұлғалары болып табылатынын растайды. Банкке электрондық құжаттарды жіберу кезінде Клиенттің уәкілетті тұлғаларының әрекеттері/әрекетсіздігі және оларды жіберудің салдары үшін жауапкершілік Клиентке толық көлемде жүктеледі.

14. Клиенттің уәкілетті тұлғаларының электрондық банк қызметтерін алуға өкілеттіктерінің көлемін Клиент дербес айқындайды. Клиенттің Банкке телефон нөмірін беруі Клиенттің осындай уәкілетті тұлғасына Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы оның электрондық құжаттарын растауға өкілеттік беруін білдіреді.

15. Уәкілетті тұлғалардың тізімі және/немесе олардың өкілеттіктерінің көлемі өзгерген жағдайда, Клиент мұндай тұлғалардың өкілеттіктерін тоқтату туралы хабарламаны дереу Банкке жіберуге, жаңа тізімді ресімдеуге тиіс. Телефон нөмірі өзгерген немесе Клиент динамикалық сәйкестендіруден бас тартқан жағдайда, Клиент дереу Банкке тиісті өтініш жіберуі тиіс. Банк жүйелерінде тіркелген телефон нөмірін сол жүйелерде осындай нөмір өзгерген сәтке дейін электрондық банк қызметтерін көрсету мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін Банк пайдаланады.

16. Банк Клиенттің электрондық құжаттарын, егер мұндай құжаттар Банк пайдаланатын талаптар мен нысандарға сәйкес келсе және Клиенттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен/осы шарттарға сәйкес телефон нөмірін немесе биометриялық сәйкестендіруді пайдалана отырып динамикалық сәйкестендіру арқылы расталса ғана орындауға қабылдайды. Мобильді қызмет көрсету банкингін пайдалана отырып, электрондық құжатты алу уақыты Банктің тиісті базаларында тіркеледі. Осы шарттарға сәйкес Клиенттің уәкілетті тұлғалары жіберген электрондық құжаттарды Банк мұндай адамдардың тиісті өкілеттіктерінің бар-жоғын нақты тексерусіз орындайды.

3-бап. Мобильді банкинг қызметін ұсыну және пайдалану тәртібі

1. Клиент мобильді банкингке кіру үшін мобильді қосымшаны пайдаланады. Мобильді банкингке банк өнімінің шарттарымен белгіленген тиісті тарифті төлеген Клиенттер қол жеткізе алады.

2. Мобильді банкингке кіру үшін Клиент тіркелу процесінен өтуі тиіс. Тіркелу үшін Клиентке мобильді банкингте экрандық нысандарда Банк сұраған деректерді, мысалы, логин мен шот нөмірін көрсету қажет.

3. Клиент қажетті деректерді көрсеткеннен кейін Клиенттің ұялы телефон нөміріне тіркеуді растау үшін SMS-код жіберіледі.

4. Клиент жеке құпиясөзді оны құрастыру кезінде сипатталған талаптарға сәйкес SMS-кодты енгізгеннен кейін жеке өзі құрастырады.

5. Электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік Клиент мобильді банкингте сәйкестендіруден өткеннен кейін ұсынылады. Клиентті мобильді банкингте сәйкестендіру тиісті электрондық терезеде тиісті логин мен жеке құпиясөзді енгізу жолымен жүргізіледі.

6. Клиент бір сессия ішінде электрондық банктік қызметтердің шексіз санын алуға құқылы. Банк осы Қосымшаның 7-бабының 9-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда бір сессия уақытын шектемейді.

7. Клиент жеке құпиясөзін жоғалтқан жағдайда, жеке құпиясөзін мобильді банкингтегі авторландыру парақшасындағы «Құпиясөзді ұмытып қалдыңыз ба?» батырмасын басу арқылы қалпына келтіру мүмкіндігіне ие. Құпиясөзді қалпына келтіру үрдісі тіркеу үрдісімен бірдей және клиенттен бірдей деректерді енгізуді талап етеді.

8. Клиент мобильді банкинг көмегімен келесі электрондық банктік қызметтердің түрлерін алуға құқылы:

- 1) шоттар бойынша ақпаратты қарауға (ақша қалдығы, шот валютасы және басқа ақпаратты);
- 2) шот бойынша үзінді көшірмелер алуға;
- 3) мобильді банкингте ұсынылған қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;
- 4) өзінің банк шоттары арасында банкішілік аударымдарды жүзеге асыруға;
- 5) эмитент-банктердің карточкаларынан өз шоттарына аударымдар жасауға;
- 6) теңгемен ағымдағы шоттарды ашуға, оларға қызмет көрсетуге;
- 7) банк қызметтерін алу мақсаттары үшін ЭЦҚ шығаруға өтініш жіберуге;
- 8) басқа электрондық төлем қызметтері және ақпараттық-банктік қызметтер.

Электрондық банк қызметтерінің тізбесін және оларды Банктің ұсыну тәсілдерін Банк өз қалауы бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгертуі және/немесе толықтыруы мүмкін.

9. Банк Клиенттің мобильді банкингтегі барлық іс-әрекеттері туралы ақпаратты олар электрондық түрде жасалған кезден бастап кемінде 5 жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

4-бап. ЭЦҚ пайдалана отырып, электрондық банк қызметтерін көрсетудің ерекшеліктері мен шарттары

1. Клиент Банкке тіркеу куәліктерін дайындау үшін Банк белгілеген нысан бойынша өтініш береді. Өтініш бойынша шешімді Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк дербес қабылдайды.

2. Өтініш Клиентке тіркеу куәлігін шығару және ЭЦҚ жасау туралы шешім қабылданғаннан кейін Банк қабылдаған болып есептеледі. Банктің Клиенттің өтінішін қабылдауы Клиенттің осы шарттар бөлігінде БҚКШ-ға қосылуын білдіреді.

3. ЭЦҚ мобильді банкингте электрондық құжаттарды жасау және беру үшін пайдаланылады. Мобильді банкингті пайдалана отырып, электрондық банк қызметтерін көрсету тәртібі БҚКШ-мен, осы талаптармен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

4. Клиент Банкке осы өтініште көрсетілген ұялы телефон нөміріне Банк жіберген бір реттік Sms-кодты мобильді қосымшада Клиент енгізгеннен және Клиенттің уәкілетті тұлғасы биометриялық сәйкестендіруден өткеннен кейін қажетті құжаттарға қол қою үшін Клиентке электрондық цифрлық қолтаңбаға қол жеткізуді ұсына отырып, ішкі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін сақтауды жүзеге асыруды тапсырады.

5. Өтініш қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк Клиентке куәландырушы орталықтың HSM-де тіркеу куәлігіне қол жеткізуді ұсынады.

5-бап. Электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсыну және пайдалану тәртібі

1. Клиент электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерге қол жеткізу үшін банктік қызмет

көрсету шартының (банктік салым шартының, ағымдағы шотты ашу шартының) нөмірін немесе өтініштің нөмірін немесе ЖСН-ды көрсетеді және/немесе электрондық терминалдың тиісті терезесінде көрсетілетін өзге нұсқаулықтарды сақтайды. Банк өзінің ішкі құжаттарында анықталған өзге ақпаратты сұратуға және/немесе клиенттен сәйкестендіру құралын қолдануды талап етуге құқылы.

2. Клиент бір сессия ішінде электрондық банктік қызметтердің шексіз санын алуға құқылы. Бір сессия уақыты БҚКШ-да бекітілген жағдайларды қоспағанда шектелмейді.

3. Клиент электрондық терминалдардың көмегімен келесі электрондық банктік қызметтердің түрлерін алуға құқылы:

1) электрондық терминал экранында көрсетілген қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;

2) қолма-қол ақшаны алуға;

3) электрондық терминал арқылы қолжетімді өзге электрондық төлем қызметтері және ақпараттық-банктік қызметтер.

4. Қолма-қол ақшаны электрондық терминалдар арқылы салу арқылы төлемдерді жүзеге асыру мен ақшаны аудару кезінде ақша жіберушіге ҚР заңнамасында қарастырылған міндетті деректемелерден тұратын чек беріледі. Клиент электрондық терминал арқылы алатын чегінің статусы алғашқы құжат болып танылады және электрондық терминал арқылы Банкке қолма-қол ақшаны енгізу арқылы төлемді жүзеге асыру және/немесе ақша аударуды жүзеге асыру фактісін растайды.

6-бап. Электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру және тоқтату

1. БҚКШ-да қарастырылған негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатқан немесе жойған кезде Банк Клиентке телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы немесе тиісті хабарламаны Банктің интернет-ресурсында жариялау арқылы немесе ҚР заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келмейтін өзге әдіс арқылы хабарлайды.

2. Банк электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды келесі жағдайларда жүзеге асырады:

1) БҚКШ-ның немесе Банкпен жасалынған өзге де шарттардың талаптары бұзылған жағдайда;

2) электрондық банктік қызметтерді ұсынуды немесе техникалық жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулықтары пайда болған жағдайда;

3) Банктің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Банкке өтініш ұсынған күннен кейінгі келесі банктік күнінен кешіктірмей Клиент өтінішінің негізінде;

4) электрондық банктік қызметтерге қосылу өтінішінде телефон нөмірін қате көрсеткен жағдайда;

5) Банк Клиенттерінің арасында телефон нөмірлерінің бірегейлігі талаптары бұзылған жағдайда;

6) Клиент өзінің дербес деректерін өңдеуге келесімін кері қайтарған жағдайда;

7) Банктің қалауы немесе ҚР заңнамасында және/немесе БҚКШ-да қарастырылған өзге негіздерге сәйкес.

3. Банк мобильді банкинг қызметтерін көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды, сонымен бірге Клиент шоттарын жапқан кезде немесе Клиентпен жасалынған шарттарға сәйкес электрондық банк қызметтерінің ұсынылуының тоқтатылуы немесе жойылуы секілді шарттардың өзгеруі барысында жүзеге асырады.

4. Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу, Клиентке электрондық банктік қызметтерді ұсыну құқығын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған жағдайда қайтадан ұсынылады.

5. Электрондық банктік қызметтер тоқтатылған және жойылған кезде тараптар өздерінің барлық қаржылық және өзге міндеттемелерін толық көлемде орындауы тиіс.

7-бап. Қауіпсіздік рәсімдері

1. Банк байланыстың электрондық арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.

2. Интернет желісіне қосылу құпиялылығы мен ақпараттық қауіпсіздігін HTTPS жабық деректерін беру хаттамасы үшін SSL сертификатының болуы, логин мен жеке құпиясөз, сонымен бірге банктің ішкі құжаттарына сәйкес банк айқындайтын сомаға тіркеу, құпиясөзді қалпына келтіру, төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі операцияларды растау үшін SMS-кодтардың болуы қамтамасыз етеді.

3. Даулы жағдайларды анықтауға және талдауға қажет деректерге қол жеткізу Клиент пен Банк жіберген/алған барлық құжаттардың мұрағатын жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

4. Жүйедегі пайдаланушылардың барлық іс-әрекеттері электрондық журналға жазылады.

5. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Клиент көрсеткен логиннің, жеке құпиясөздің және мобильді банкинг жүйесіне кірген кезде немесе электрондық терминалды пайдаланған кезде SMS-кодты дұрыс көрсетуін автоматты түрде тексеруді қолданады.

6. Логинді және/немесе жеке құпиясөзді 5 (бес) рет дұрыс енгізбеген жағдайда, Банк пайдаланушыны мобильді банкингте 15 (он бес) минутқа бұғаттауды жүзеге асырады. Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін Клиент логинді және/немесе жеке құпиясөзді, SMS-кодты дұрыс енгізсе, мобильді банкингтің жұмысы қайтадан қалпына келтіріледі.

7. Жеке құпиясөз әдепкі қалпы бойынша 60 (алпыс) күн ішінде әрекет етеді. Таңдалған мерзім аяқталғаннан кейін Клиент жаңа құпиясөзді орнатуы керек. Клиент жеке құпиясөзді жаңа құпиясөзге өзгертуі керек. Олай болмаған жағдайда, мобильді банкингке қол жеткізу бұғатталады.

8. Банк құпиясөзді таңдаған кезде келесі талаптарды пайдалануға кеңес береді:

1) құпиясөздің ұзындығы 8 (сегіз) таңбадан аспауы тиіс;

2) құпиясөз келесі талаптардың кемінде үш талабына жауап беруі тиіс:

құпиясөзде кіші әріптерді (a-z) пайдалану;
құпиясөзде бас әріптерді (A-Z) пайдалану;
құпиясөзде цифрлық мәндерді (0-9) пайдалану;
құпиясөзде арнайы таңбаларды (Клиенттің қалауы бойынша) пайдалану.

9. Егер қол жеткізу құралы (компьютер/мобильді телефон/басқа құрылғылар) Клиент мобильді банкингке кіргеннен кейін 10 (он) минуттан астам әрекетсіз болса, автоматты түрде мобильді банкингтен шығарылып, сессия аяқталады.

10. Клиенттің мобильді банкинг немесе электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметті алу туралы тапсырмасының шынайылығын тексеруді Банк пайдаланушыда мобильді банкингте тіркелген логин болған кезде автоматты түрде жүзеге асырады. Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк айқындайтын сомаға электрондық төлем қызметтерін жүзеге асыру кезінде операцияларды растау үшін SMS-кодты немесе Клиенттің ЭЦҚ-сын қосымша көрсетуге болады.

11. Клиент байланыс орталығына хабарласу арқылы мобильді банкингке кіруді бұғаттау мүмкіндігіне ие.

12. Қажет болған жағдайда Банк Клиенттің мобильді банкингке қол жеткізуін толық бұғаттауға мүмкіндігі бар.

8-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банктің міндеттері:

1) БҚКШ-да көзделген тәртіппен электрондық банк қызметтерін ұсынуға;
2) Клиентке мобильді банкингте құпиясөзді тіркеу және қалпына келтіру, сондай-ақ БҚКШ шарттарына сәйкес операцияларды растау үшін SMS-код ұсынуға;

3) Клиенттің сұрауы бойынша Клиентке сұрауды алған күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде электрондық банк қызметтері ұсынылған электрондық құжаттардың жіберілгенін және/немесе алынғанын растайтын құжатты ұсынуға;

4) БҚКШ-да көзделген тәртіппен Клиенттің өтініші бойынша электрондық банк қызметтерін ұсынуды тоқтата тұруға;

5) БҚКШ-да көзделген тәртіппен Клиенттен жазбаша өтініш алған кезде Клиенттің өтініші негізінде электрондық банктік қызметтерді ұсынуды, жоюды/тоқтатуды қалпына келтіруге міндетті.

2. Банк құқықтары:

1) кез келген сәтте жеке қалауы бойынша Клиент мобильді банкинг және электрондық терминал арқылы Банктегі шоттары/салымдары бойынша жасай алатын банктік операциялар мен функциялардың тізімін анықтауға және өзгертуге;

2) Клиент SMS-кодты дұрыс көрсетпеген, оны жарамсыз тіркеу куәлігінің көмегімен қалыптастырылған ЭЦҚ-мен бекіткен жағдайда, БҚКШ-да, ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де жағдайларда операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға;

3) егер шоттағы ақша қалдығы төлем сомасы мен Банкке төленуі тиіс қызмет үшін комиссиялық сыйақы сомасынан аз болса, электрондық төлем қызметтерін жүзеге асырудан бас тартуға;

4) мобильді банкингтің және электрондық терминалдың интерфейсі пен техникалық баптауына өзгерістер енгізуге;

5) БҚКШ-да көзделген негіздер бойынша электрондық банк қызметтерін ұсынуды тоқтатуға немесе мүлдем жоюға;

6) Клиент тарапынан қол жеткізу арналарын пайдалануға тұрақты немесе уақытша шектеулер қоюға, оның ішінде нақты қол жеткізу арнасы арқылы Клиент тіркеу мен беруді жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізімін шектеуге;

7) Клиентке хабарлама жіберместен Банк Клиент атынан заңсыз қол жеткізу арналарына кіру мүмкіндігі бар жағдай орын алды деп есептесе, Банк мұндай қол жеткізу арнасының бір немесе бірнеше арнасы бойынша қызметке қол жеткізу мүмкіндігін уақытша шектеуге немесе тоқтатуға;

8) Біржақты тәртіппен мобильді банкинг пен электрондық терминалдағы операциялар бойынша шектеуді (лимитті) орнатуға және өзгертуге. Банктің көрсетілген шектеулерді орнатуы және/немесе өзгертуі туралы шешімі жөніндегі ақпарат интернет-ресурста және/немесе электрондық терминалдың ақпараттық дисплейінде орналастырылады;

9) Клиент БҚКШ шарттарын бұзған жағдайда электрондық банк қызметтеріне қол жеткізуді бұғаттауға;

10) электрондық терминалдар арқылы Клиент жүзеге асыратын операцияларды суретке және видеоға түсіре отырып жүзеге асыруға. Клиент электрондық терминалды қолдана отырып, кез келген операцияларды жүргізу кезінде Банк жасаған суреттер мен видео жазбалар Клиент мұндай операцияларды жүргізу фактісін анықтау кезінде дәлел ретінде қолданыла алатындығымен келіседі және растайды.

11) Банк электрондық терминалдардың немесе банкоматтардың инкассациясы кезінде анықталған артық сомалардың бар екендігін білген сәттен бастап Клиент тарапынан 6 (алты) ай ішінде талап етілмеген сомаларды өз меншігіне аударуға құқылы.

3. Клиенттің міндеттері:

1) электрондық банк қызметтерін алу кезінде дербес компьютерлердің, электрондық байланыс құралдарының, электрондық терминалдардың және т.с.с. экрандарында көрсетілген нұсқаулықтарды сақтауға міндетті.

4. Клиенттің келесі әрекеттерді жасауға құқықтары бар:

1) электрондық банктік қызметтерді пайдалануды байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе Банк бекіткен нысан бойынша жазбаша өтінішті Банкке жіберу арқылы тоқтатуға;

2) мобильді банкингке қол жеткізуге қажетті жеке құпиясөзді өз қалауы бойынша өзгертуге;

3) телефон нөмірі өзгерген немесе мобильді (ұялы) телефон жоғалған/ұрланған жағдайларда Банкті дереу хабардар етуге құқылы.

Шарттан №3 Қосымша ДК шешіміне сәйкес жойылсын (30.01.2026 ж. №5/2026 хаттама).

Шарттан №4 Қосымша ДК шешіміне сәйкес жойылсын (30.01.2026 ж. №5/2026 хаттама).

**"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ)
Банктік қызмет көрсету шартына
5-қосымша**

Жеке кәсіпкерлерге арналған корпоративтік карточканы шығару шарттары

1-бап. Төлем карточкаларын шығару және оларға қызмет көрсетудің негізгі шарттары

1. Осы Қосымша Банктің Клиентке жеке кәсіпкерлерге арналған корпоративтік төлем карточкаларын шығару және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті ұсынуының ерекшеліктері мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Қосымшада Шартта және Ережелерде, сондай-ақ осы Жеке кәсіпкерлерге арналған корпоративтік картаны шығару шарттарында айқындалған ұғымдар пайдаланылады:

1) **Ұстаушы** – карточканы шығаруға/қайта шығаруға өтініште Клиент көрсеткен, карточканы пайдалануға құқығы бар жеке тұлғалар;

2) **динамикалық сәйкестендіру** – бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын растау рәсімі;

3) **Карточканы шығаруға/қайта шығаруға өтініш** – Банк белгілеген нысандағы карточканы шығаруға/қайта шығаруға өтініш;

4) **Карточка** – карточканы Ұстаушыға шоттағы ақша сомасы шегінде карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке кәсіпкерлерге арналған корпоративтік төлем карточкасы;

5) **бір реттік құпиясөз** – тек бір аутентификация сеансы үшін жарамды құпиясөз. Бір реттік құпиясөздің әрекеті белгілі бір уақыт аралығымен шектелуі мүмкін;

6) **Ережелер** – VISA International, MasterCard International халықаралық төлем жүйелерінде белгіленген төлем карточкаларын пайдалану ережелері;

7) **Пин-код** – автоматтандырылған тәртіпте операциялар жүргізу кезінде Клиентті сәйкестендіру үшін қолданылатын дербес сәйкестендіру нөмірі, құпия код;

8) **төлем лимиті** – Банктің тарифтерде белгілеген белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жүргізілетін операциялардың максималды сомаларына салынған шектеулер;

9) **3DSecure технологиясы** – интернет желісінде төлем карточкалары бойынша операцияларды жүргізудің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған технология. Осы технология шеңберінде интернет-банкинг Клиентінің жеке басы жіберуші карточкасының эмитент банкінің серверінде сол банк айқындайтын тәсілмен куәландырылады;

10) **техникалық овердрафт** – Клиенттің шоттағы және/немесе кредиттік лимиттегі (ол белгіленген жағдайда) ақша қалдығы сомасынан асатын шығындары (төлемдері), сондай-ақ меншікті қаражаттың рұқсатсыз артық жұмсалуды;

11) **Шарттар** – жеке кәсіпкерлер үшін корпоративтік картаны шығарудың осы шарттары.

3. Карточканы Банк белгілеген нысан бойынша Клиенттің өтініші негізінде Банк шығарады. Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Банк карточканы шығарған кезде Клиентке шот ашылады, шотты ашу БҚКШ-ға 1-Қосымшада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Шот ашу және карточкаларды шығару үшін Клиент Банкке ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат пен құжаттарды ұсынады.

4. Карточка Клиентке Клиент өтініште көрсеткен оның мекенжайы бойынша не Банктің үй-жайларында не Банктің уәкілетті тұлғалары беру арқылы пошта арқылы жіберіледі. Карточка белсендірілмеген түрде беріледі. Клиент шарт жасасу кезінде код сөзін және/немесе Клиент көрсеткен өзге де деректерді көрсете отырып, карточканы (оның ішінде телефон арқылы) белсендіру және/немесе клиенттен карточканы алу туралы қолхат алу оның ұстаушысының карточканы алғанын растау болып табылады. Пошта жөнелтілген жағдайда Банктің карточканы Клиентке беру жөніндегі міндеттемесі пошта жөнелтілімі пошта операторына берілген күннен бастап орындалған болып есептеледі.

5. Пин-код ұялы-банкингте карточканы іске қосу сәтінде бір реттік кодты пайдалана отырып не 7373 телефоны бойынша, клиент шарт жасасу кезінде код сөзін және/немесе клиент көрсеткен өзге де деректерді көрсете отырып белгіленеді. Карточка ұстаушыға Пин-кодты есте сақтау қажет, оған басқа адамдардың қол жетімділігін болдырмау үшін Пин-кодты жазу ұсынылмайды.

6. БҚКШ мен Шарттардың талаптары Ұстаушыларға қатысты қолданылады. Клиент әрбір Ұстаушыны интернет-ресурста орналастырылған БҚКШ-мен таныстыруға және Ұстаушының ондағы талаптарды сақтауы үшін толық жауапкершілікте болуға міндетті. Клиент жазбаша өтініш негізінде Шарттарда және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кез келген карточканың күшін жоюға құқылы.

7. Карточканың алдыңғы жағында көрсетілетін карточканың қолданылу мерзімі өткеннен кейін карточка кезекті мерзімге автоматты түрде қайта шығарылады. Карточкаларды (негізгі және қосымша) шығару/қайта шығару Банктің Тарифтеріне сәйкес Клиент Банктің комиссиялық сыйақысын төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

8. Карточкаларды қайта шығару Банктің Ережелерінде және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте карточканы қайта шығару мүмкіндігін/мүмкін еместігін Банк өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындайды. Клиент карточканың қолданылу мерзімі өткенге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын Банкке жазбаша өтініш беру арқылы Карточканы қайта шығарудан бас тартуға құқылы. Мұндай карточка бойынша берешек болған

жағдайда Клиент оны өтеуге міндеттенеді. Клиент осы тармақта көзделген міндетті орындамаған жағдайда БҚКШ Клиент өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде жарамды болады.

9. Карточка жоғалған, жойылған жағдайда не Клиенттің қалауы бойынша қайта шығару Клиенттің тиісті жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

10. Клиент (карточканы ұстаушы не Клиенттің өзге де уәкілетті өкілі тұлғасында) карточканы алу үшін Банкке карточканы шығару/қайта шығару үшін өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан астам мерзімде келмеген жағдайда, Банк карточканың күшін жоюға құқылы. Бұл ретте карточканы шығару/қайта шығарғару үшін Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.

11. Карточка Банктің меншігі болып табылады және Ұстаушыға Шарттар мен Ережелерге сәйкес Шоттағы ақшаға қол жеткізу құралы ретінде ғана беріледі. Клиент (карточканы Ұстаушы не Клиенттің өзге де уәкілетті өкілі тұлғасында) карточканың күші жойылған жағдайда, Шарттарда көзделген өзге де жағдайларда оны Банкке қайтаруға міндетті.

12. Банк карточкалардың жекелеген түрлерін пайдалана отырып, карточкалық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге шектеулер/тыйым салулар белгілеуге құқылы. Көрсетілген шектеулерді/тыйымдарды қолдану тәртібі мен шарттары Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді және Банктің интернет-ресурсында орналастырылады. Клиент Банк белгілеген шектеулер/тыйымдарды ескере отырып, карточкалардың жекелеген түрлерін пайдалану тәртібі мен шарттарымен танысқанын және келісетінін растайды.

13. Банк қабылдаған карточканы шығаруға/қайта шығаруға арналған өтініштер БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылады.

1-бап осы шартқа № 6 Өзгерістер мен толықтырулар (22.11.2024 ж. № 33/2024 Хаттама) редакциясында 14 тармағымен толықтырылды

14. Банк карталарын мобильді төлем қызметтерін қолдану шарттары ДБО-ға қосымша 11-де көрсетіледі.

2-бап. Клиенттің банкпен өзара есеп айырысуы және операцияларды жүргізу тәртібі

1. Шарттарға сәйкес Клиент Банк ұсынатын қызметтер үшін операция жасалған күні қолданылып жүрген тарифтерге сәйкес Банкке комиссиялық сыйақы (комиссия) төлеуге міндеттенеді.

2. Тарифтерді Банк Клиентке карточканы шығаруға/қайта шығаруға өтініш қабылданғанға дейін ұсынады. Банк тарифтерге өзгерістерді БҚКШ 1-тарауының 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен енгізеді. Клиент тарифтермен танысқанын және олардың мөлшерімен, өзгерту және қолдану тәртібімен келісетінін растайды.

3. Банк операциялардың, Банктің комиссиялық сыйақысының сомаларын, шотқа қате/дұрыс есептелмеген не Ұстаушы сұратқан және Банкоматтың/POS-терминалдың бақылау чегінде көрсетілген сомалардан артық Банкомат/POS-терминал арқылы қате алынған ақшаны (осындай қате/дұрыс емес есептелу/алу себебіне қарамастан), БҚКШ-ның 1-тарауының 3-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында белгіленген тәртіппен Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешегін есептен шығарады.

4. Операцияларды жүргізу кезінде Ұстаушы өз қалауы бойынша Шарттардың, БҚКШ-ның және Ережелердің талаптарын ескере отырып, төлем лимиті шегінде шоттағы ақшаны басқарады. Клиент Ұстаушылардың шоттағы қаражатты мақсатты пайдалануын дербес бақылайды. Ұстаушы Клиенттің уәкілетті өкілі болғандықтан, Клиент Ұстаушының шоттағы қаражатты мақсатсыз пайдалануына байланысты операциялармен келіспеуге құқылы емес.

5. Бастамашылық жасалған операциялар бойынша Банк жүргізілген операция бойынша растайтын құжаттарды алғанға дейін авторландыру сомасына (Банктің комиссиялық сыйақысын ескере отырып) шоттағы ақшаны бұғаттауға құқылы. Бұл ретте шотта бұғатталған сомаларды Банк, оның ішінде Банк карточкасын бұғаттау туралы өтінішті алғаннан кейін де есептен шығаруы мүмкін.

6. Авторландыру сомасы Клиенттің төлем лимитінің сомасынан Шарттарда көзделген негіздер бойынша оны шоттан алғанға дейін немесе Банк авторландыру сомасына төлем жасалмағандығы расталғанға дейін есептен шығарылады.

7. Операция болдырылмаған жағдайда Банк шотқа бенефициар қайтарған ақшаны олардың Банкке түсу сомасына және мөлшеріне қарай есептейді. Операцияның валютасы шоттың валютасынан ерекшеленген жағдайда, тиісті Шотқа ақша аудару Банкке ақша түскен күні Банк белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.

8. Операциялар бойынша Банктің ХТЖ-мен (Халықаралық төлем жүйесімен) есеп айырысу валютасы ХТЖ ережелеріне сәйкес ХТЖ-мен дербес айқындалады. Операцияның валютасын есеп айырысудың өзге валютасына айырбастау қажеттілігін ХТЖ дербес түрде айқындайды. Айырбастау авторландыру және растайтын құжаттарды ұсыну сәтінде ХТЖ белгілеген тиісті бағам бойынша және сол тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк операцияның валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау жөніндегі ХТЖ әрекеттері үшін, оның ішінде операция бойынша есеп айырысу валютасының авторландыру валютасынан айырмашылығы үшін Клиент/Ұстаушы алдында жауапты болмайды. Бұл ретте:

егер операцияның валютасы не авторландыруға арналған сұрауда тиісті ХТЖ көрсеткен операция бойынша есеп айырысу валютасы карточка (немесе карточка шоты) шығарылған Шоттың валютасынан өзгеше болса, операция валютасын не авторландыруға арналған сұрауда көрсетілген есеп айырысу валютасын шоттың валютасына айырбастау авторландыру сәтінде белгіленген Банк бағамы бойынша Банктің тарифтеріне сәйкес айырбастау үшін комиссиялық сыйақы ала отырып жүзеге асырылады. Авторландыру сомасы мен валютасы жүргізілген операция сомасы мен валютасынан өзгеше болуы мүмкін;

карточка шығарылған шоттан жүргізілген операция бойынша ақшаны есептен шығару (Банк тарифтеріне сәйкес Банк комиссияларын есепке ала отырып) Банк тарифтеріне сәйкес айырбастау үшін комиссиялық сыйақы ала отырып, шоттан ақшаны есептен шығару сәтінде белгіленген Банк бағамы бойынша жүргізілген операция бойынша растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Жүргізілген операция бойынша растау құжаттарында көрсетілген валюта мен сома жүргізілген операция мен авторландыру валютасы мен сомасынан өзгеше болуы мүмкін.

3-бап. Карточкаларды пайдалана отырып операциялар бойынша ақпарат беру тәртібі

1. Банк Клиентке шот бойынша үзінді көшірмелер беру арқылы операциялар туралы ақпарат береді. Шот бойынша үзінді көшірмелер БҚКШ-ға 1-қосымшада белгіленген тәртіппен беріледі.

2. Комиссияны есептен шығару үшін Клиенттің шоттарында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиенттің пайда болған берешекті толық өтегенге дейін Клиентті хабардар етпей қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы. Берешек өтелгеннен кейін қызмет көрсету жаңартылады.

3. Карточка мерзімінен бұрын жабылған кезде осы карточкаға бұрын ашылған шот жабылады. Бұл ретте бұрын көрсетілген қызметтер үшін банктің комиссиясы қайтарылмайды.

4-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Клиенттің келесі әрекеттерді жасауға құқықтары бар:

1) Ережелерде және Шарттарда көзделген тәртіппен Банкке карточканы бұғаттау/бұғаттан шығару туралы ауызша/немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге;

2) үзінді көшірме жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, бірақ операция жүргізілген күннен бастап 40 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізілген операция бойынша қарсылықтар болған кезде Банкке қолда бар құжаттарды (слиптер, чектер және т.б.) ұсынып, талап қоюға. Клиенттің шағымдарын, оның ішінде Клиенттің Банкке кез келген өзге өтініштерін Банк ҚР заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде қарастырады;

3) қосымша карточкалар шығару үшін Банкке хабарласуға;

4) Банк белгілеген тәртіппен карточка бойынша төлем лимиттері мен шектеулерді алып тастау/өзгерту үшін Банкке өтінім беруге;

2. Клиент/Ұстаушы міндеттенеді:

1) Шарттарға, БҚКШ-ға және Ережелерге сәйкес карточкаларды пайдалануды қамтамасыз етуге;

2) Шарттарға сәйкес төлем лимиті шегінде операцияларды жүргізуге;

3) Банктің тарифтеріне сәйкес Банкке комиссиялық сыйақы төлеуге;

4) Пин-код жиынтығымен және/немесе Ұстаушының қолымен және/немесе карточка деректемелерін пайдалана отырып және/немесе құпия сөзді пайдалана отырып және/немесе Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып және/немесе байланыссыз технологияларды пайдалана отырып және/немесе дұрыс 3D Secure/SecureCode құпия сөздің расталған жиынтығымен расталған операциялар бойынша сөзсіз есеп айырысуға;

5) Банктің операциялардың және Банктің комиссиялық сыйақысының сомаларын есептен шығаруы үшін қажетті шоттағы ақша сомасының жеткіліктілігін бақылауға;

6) Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, сондай-ақ карточка шотына рұқсатсыз қол жеткізген кезде Банктің бөлімшелеріне жүгіну не Банктің байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы Банкті дереу хабардар етуге (Банктің деректемелері интернет-ресурста көрсетілген). Клиент/Ұстаушы шот бойынша жүзеге асырылған операциялар үшін бұғаттау күшіне енгенге дейін жауапты болады және бұғаттау күшіне енген сәттен бастап одан босатылады;

7) Карточканы шығаруға/қайта шығаруға арналған өтініште көрсетілген деректердің өзгергені туралы Банкті олар өзгерген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге. Клиент телефон нөмірінің өзгергені туралы Банкке дереу хабарлауға;

8) Банктен тиісті хабарлама алған кезде (хабарлау тәсілін Банк өз бетінше таңдайды) карточкалар бойынша алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында Карточканы пайдалануды тоқтатуға, сондай-ақ алаяқтық операциялардың алдын алуға қатысты Банктің ұсынымдарын орындауға;

9) Карточканың сақталуын, Пин-кодтың және карточканың алдыңғы және артқы жағына жазылған деректердің құпиясын (карточканың нөмірі, қолданылу мерзімі, аты-жөні, CVV/CVV2 коды және т.б.) қамтамасыз етуге. Банк қызметкерлерін қоса алғанда, Пин-код туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге. Карточкаға Пин-кодты жазуға, сондай-ақ оны карточкамен бірге сақтауға тыйым салынады;

10) Карточканы және/немесе Пин-кодты үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге. Карточканы (оның деректемелерін) біреуге пайдалануға және/немесе Пин-кодты/Бір реттік құпия сөзді/3D Secure/SecureCode берген жағдайда, барлық операциялар үшін Клиент/Ұстаушы толық көлемде жауапты болады;

11) Клиенттің және/немесе Ұстаушының кінәсінен Банк шеккен, сондай-ақ карточканы бұғаттауға байланысты барлық шығыстар мен сот шығындарын шартсыз тәртіппен өтеуге;

12) Ұстаушылардың шот бойынша ақша жұмсауын бақылай отырып және операцияларды жасау кезінде Банк комиссиясының сомасын есепке ала отырып, техникалық овердрафт туындауына жол бермеуге;

13) Техникалық овердрафт туындаған жағдайда Банк алдындағы берешекті дереу өтеуге;

14) әрбір Ұстаушыны БҚКШ, Шарттармен және Ережелермен таныстыруға;

15) Карточканы Банктің бірінші талабы бойынша қайтаруға (талапты жолдау тәсілін Банк дербес таңдайды);

16) Банкке шотқа қате/дұрыс есептелмеген немесе Ұстаушы сұратқан сомадан және Банкоматты/POS-терминалды пайдалана отырып Банкоматтың/POS-терминалдың бақылау чегінде көрсетілген сомадан артық қате алынған ақшаны (осындай қате/дұрыс есептемеу себебіне қарамастан) дереу қайтаруға міндетті.

3. Банк құқықтары:

1) Шарттардың 4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда Клиенттің операция бойынша шағымын қарауға қабылдауға;

2) Карточканы және/немесе шотты (оның ішінде оны кейіннен алып қою және БҚКШ-ны біржақты тәртіппен тоқтату құқығымен) келесі жағдайларда бұғаттауға құқылы:

Клиенттің/Ұстаушының осы Шарттарды, БҚКШ-ны және/немесе Банктің ережелерін және өзге де талаптарын бұзуы;

Клиенттен/Ұстаушыдан карточканың жоғалғаны/ұрланғаны туралы, сондай-ақ шотқа рұқсатсыз кірген кезде хабарлама алу;

уәкілетті органдардың/тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдерінің/қаулыларының, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің келісімінсіз ақшаны алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқауларының Банкке түсуі;

Банк алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша Клиенттің берешегінің болуы;

Банктің пікірінше, Клиентке және/немесе Банкке зиян келтіруі мүмкін мән-жайлардың болуы;

Карточка және / немесе шот алаяқтық операциялар жасау, ақшаны заңдастыру (жылыстату) және / немесе террористік қызметті қаржыландыру үшін пайдаланылады деген күдік жеткілікті болған жағдайда;

шотқа ақшаны қате/дұрыс емес аудару (мұндай қате/дұрыс емес есепке алудың себебіне қарамастан);

Шарттарда, БҚКШ-да және/немесе ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда;

3) өз қалауы бойынша шотта техникалық овердрафт бірнеше рет туындаған жағдайда карточканың күшін жоюға және/немесе алып қоюға;

4) шот бойынша ақшаны есепке жатқызу/есептен шығару операцияларын жүргізеуге, егер:

олар ҚР заңнамасына қайшы келеді;

Банк комиссиясын ескере отырып операцияның сомасы шоттағы ақша сомасынан асса;

карточка бұғатталған / жойылған не оның қолданылу мерзімі өткен болса;

Клиенттің Банк алдында БҚКШ немесе Банкпен жасалған кез келген басқа шарттар/келісімдер бойынша мерзімі өткен өтелмеген берешегі болса;

Операция Банктің пікірінше Клиентке және/немесе Банкке зиян келтірсе;

егер операцияны жүргізу үшін ҚР заңнамасының, халықаралық шарттардың, халықаралық банк практикасының немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің Банкке қосымша құжаттарды ұсынуы талап етілсе және мұндай құжаттар (оның ішінде салықтық резиденттік туралы) Банктің талабы бойынша ұсынылмаған болса;

қолданысы Банктің және/немесе Клиенттің операцияларына қолданылатын шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның санкциялары болған кезде;

Операция алаяқтық болып табылады немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізіледі деген күдік болған жағдайда;

ҚР заңнамасында көзделген немесе олардан туындайтын негіздер бойынша;

операция рұқсат етілмеген болып табылады;

5) Клиент/Ұстаушы Банктің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Клиентке карточканы шығарудан/қайта шығарудан бас тартуға;

6) алаяқтық операциялардың алдын алу және Клиентті шотқа рұқсатсыз кіруден қорғау мақсатында операциялардың жекелеген түрлеріне төлем лимиттері мен шектеулерін және карточка бойынша қолма қол ақша берудің ең жоғары сомасын белгілеуге;

7) 1-қосымшада және БҚКШ-да көзделген жағдайларда және тәртіппен шот жабылған жағдайда Карточкалардың күшін жоюға;

8) Банктің бастамасы бойынша карточканы бұғаттау туралы Клиентке хабарлауға (хабарлау тәсілін Банк өз бетінше таңдайды);

9) Клиентке карточка бойынша төлем лимиттері мен шектеулерін алып тастаудан/өзгертуден бас тартуға;

10) Ұстаушы Шарттар мен ережелерді бұзған жағдайда, сондай-ақ Ұстаушының карточканы пайдалана отырып, алаяқтық операцияларға қатысуын растайтын негіздер, белгілер немесе фактілер болған кезде даулы операциялар бойынша ақшаны өтеуден бас тартуға;

11) егер мұндай транзакциялар карточканы, оның ішінде жалған карточканы пайдалана отырып жасалған болса, даулы операциялар бойынша ақшаны өтеуден бас тартуға;

4. Банк келесі әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) Карточканы шығаруға/қайта шығаруға өтініш алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (карточканы банктің Клиентке қызмет көрсететін филиалына жеткізуге уақытты есептемегенде) және Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлегеннен кейін шот ашуға және карточканы шығаруға;

2) Карточка Ұстаушыға ХТЖ стандарттарына және Ережелерге сәйкес қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

3) Банктің бастамасы бойынша карточканы бұғаттау туралы Клиентке хабарлауға (хабарлау тәсілін Банк өз бетінше таңдайды);

4) жазбаша сұрау бойынша Клиентке Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төленгеннен кейін қосымша үзінді көшірмелер беруге;

5) Карточканың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлеген жағдайда оны қайта шығаруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5-қосымшаның 4-бабының 4-тармағы 6) тармақшамен осы шартқа № 3 Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес (29.03.2024 ж. № 11/2024 хаттама) толықтырылды.

6) Карточканы пайдалана отырып үшінші тұлғаның пайдасына ақша аудару бойынша төлем қызметтерін көрсеткенге дейін Банктің интернет-ресурсына келесі тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Ұстаушыны хабардар етуге міндеттенеді: үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерімен байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпарат;

үшінші тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік, құқық қорғау органдарының немесе банктердің қызметкерлері ұсынатын адамдардың ықпалымен (өтініштері бойынша) ақша аударуды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер туралы ақпарат;

ақша алушының бастамасы (шешімі бойынша) немесе сот шешімі бойынша операцияның күшін жою және ақшаны қайтару мүмкіндіктері туралы ақпарат.

5-бап. Карточканы пайдалану ережелері

1. Карточканы Ұстаушының пайдалануы ҚР заңнамасымен, Ережелермен, Банктің ішкі құжаттарымен, осы Шарттармен, сондай-ақ БҚКШ шарттарымен реттеледі.

2. Карточка бойынша операциялар карточканың алдыңғы жағында көрсетілген тиісті төлем жүйесінің карточкаларын қабылдау жүзеге асырылатын жерлерде ғана жүргізілуі мүмкін.

3. Банк шығарған барлық төлем карточкалары автоматты түрде 3D Secure технологиясына қосылған.

4. Карточканы және/немесе оның деректемелерін үшінші тұлғаларға пайдалануға немесе кепіл ретінде беруге, сондай-ақ карточка деректемелерін үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады. Уәкілетті емес тұлға ұсынған Карточка алып қоюға жатады.

5. Карточкаға қолайсыз факторлардың: электромагниттік өрістердің (магниттелген немесе магниті бар заттармен, мысалы, кілттермен, сөмкелердегі магниттік құлыптармен көршілес), магниттік жолақтағы жазбаны зақымдауы және автоматтандырылған режимде операциялар жүргізу мүмкін еместігіне әкелетін механикалық зақымдардың әсер етуіне жол берілмейді.

6. Келесі операцияларды:

1) ПИН-кодтың дұрыс жиынтығымен расталған карточканы пайдаланып жасалған;

2) ПИН-кодты енгізбестен карточканың қатысуымен жасалған;

3) карточка деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген операцияларды

Банк карточканы ұстаушы және оның келісімімен жасаған деп таниды.

7. Белгіленген төлем лимиттерінен тыс Интернет желісінде карточка деректемелерін пайдалана отырып операциялар жасау үшін Клиент телефон арқылы байланыс орталығына хабарласып, Интернет желісінде карточка деректемелерін пайдалана отырып операциялар жасау үшін қолжетімділікті ашуы қажет. Қол жеткізуді ашу үшін Клиент қажетті лимит сомасын теңгемен және оның қолданылу мерзімін күнтізбелік күндерде, бірақ 3 (үш) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде көрсетеді.

Белгіленген төлем лимиті таусылған және/немесе ол белгіленген мерзім аяқталған кезде қолжетімділік жабылады.

Клиент кез келген уақытта төлем лимитінің сомасын және оның қолданылу мерзімін ұлғайтуға/азайтуға не байланыс орталығына хабарласу арқылы Интернет желісіндегі карточка деректемелерін пайдалана отырып операциялар жасау үшін қолжетімділікті жабуға құқылы.

8. Қатарынан 3 (үш) қате ПИН-кодты теру әрекеті болған жағдайда, карточка автоматты түрде бұғатталады. Карточка бұғатталған сәттен бастап келесі күнтізбелік күні автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

9. Төлемдер бойынша мерзім өткен жағдайда, Банк алдында берешек болған кезде карточка автоматты түрде бұғатталады. Мерзімі өткен берешек өтелгеннен кейін карточка автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

10. Сауда және сервис кәсіпорнында, сондай-ақ қолма-қол ақша беру пункттерінде карточканы пайдалана отырып операциялар жүргізу үшін Ұстаушы карточканы тиісті қызмет көрсету пунктінің қызметкеріне көрсетеді.

11. Банкоматпен жұмыс істеген кезде қайтарылатын карточканы немесе берілетін ақша белгілерін карточка ұстаушы беру құрылғысынан алмаса, қорғау жүйесі іске қосылатынын және Клиенттің ақшасын сақтау мақсатында карточканы және/немесе ақша белгілерін банкомат алып қойып, арнайы бөлімде ұсталатынын есте ұстаған жөн. Бұл жағдайда Ұстаушы одан әрі мүмкін болатын әрекеттер туралы хабарлайтын Банкке хабарласуы керек.

12. Карточка жоғалған немесе ұрланған не карточканың әшкерелеу қаупі болған жағдайда, сондай-ақ шотқа рұқсатсыз кірген кезде оның Ұстаушысы Банкке карточканы бұғаттау туралы дереу ауызша (телефон немесе басқа байланыс арналары арқылы) немесе жазбаша талаппен жүгінуі қажет. Карточканы бұғаттау кезінде Ұстаушы карточканы пайдалану арқылы жасалған және карточка бұғатталғаннан кейін жасалған барлық операциялар үшін жауап бермейді; карточка ұстаушы карточка бұғатталғанға дейін жасалған барлық операциялар үшін толық жауап береді. Төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін санкцияланбаған төлемді жүзеге асыру кезінде Банк клиентке санкцияланбаған төлемді жүзеге асыруға байланысты залалдарды өтейді.

13. Банк карточканың бұғатталу фактісін анықтаған кезде Банктің бұғаттауының салдары үшін шағымдар қабылданбайды.

14. Қызмет көрсету пунктінде карточка келесі жағдайларда ұстап қалады:

карточка бұғатталған;

карточканы ұсынушы оның ұстаушысы болып табылмайды;

Ұстаушы операция жүргізгеннен кейін қызмет көрсету пунктінде карточканы ұмытып кетті.

15. Карточкада оның қолданылу мерзімі аяқталатын ай және жыл көрсетіледі. Карточка көрсетілген жылдың көрсетілген айының соңғы күні аяқталғанға дейін жарамды. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін карточкалар Банкке тапсырылуға тиіс.

16. Банк туындаған даулы жағдайлар реттелгенге дейін карточканы уақытша бұғаттауға құқылы.

17. Карточканы пайдаланудан бас тартқан жағдайда Ұстаушы карточканы жою және тапсыру, сондай-ақ шотты жабу үшін Банкке жүгінеді.

18. Берілген карточканы ауыстыру (карточканы қолданылу мерзімі өткеннен кейін қайта шығару жағдайларын қоспағанда) немесе жоғалған карточканың орнына жаңа карточканы шығару Клиенттің жазбаша өтініші не телефон арқылы тиісті өтініш негізінде (Клиентті код сөзінің және/немесе БҚКШ жасасу кезінде клиент көрсеткен өзге де деректердің көмегімен сәйкестендіру шартымен) жүргізіледі.

19. Карточка, егер оның қолданылу мерзімі аяқталса, карточка зақымданған жағдайларда, сондай-ақ клиенттің қалауы бойынша және БҚКШ-да көзделген өзге де жағдайларда ауыстырылады. Ауыстырылатын карточка (виртуалды карточканы қоспағанда) Банкке тапсырылуы тиіс.

20. Ұстаушыға шот бойынша операцияларды есепке алу және ықтимал дауларды шешу үшін сауда чектерін сақтау ұсынылады. Барлық даулар бойынша Ұстаушы Банкке жазбаша өтінішпен жүгінеді. Шағым негізсіз болған жағдайда Ұстаушы Банкке шеккен шығындарын өтейді.

21. Жүргізілген операциялар бойынша ақпаратты уақтылы алу мақсатында Клиент мекенжайы, телефон нөмірі өзгерген жағдайда Банкке хабарлауға міндетті.

22. Ұстаушыға ҚР заңнамасында тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді сатып алуды қоса алғанда, карточканы заңсыз мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

23. Карточканы пайдалануға қатысты барлық мәселелер бойынша Ұстаушы Банкке жүгінеді. Банк кез келген уақытта карточкаға қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

24. Банк Клиенттің шотынан ақшаны қате түрде есептен шығарып немесе есепке алуды жүзеге асыру кезінде қате анықталған болса, ал Клиент төлем карточкасын пайдалана отырып осы операцияларды жүзеге асырмағандығы туралы Банкті хабардар етсе, осындай қате анықталғаннан кейін Банк жиырма төрт сағат ішінде Клиенттің шотындағы ақша қалдығын ол ақшаны қате түрде есептен шығару немесе есепке жатқызу алдында болған жай-күйіне дейін қалпына келтіруге міндеттенеді.

6-бап. Тараптардың жауапкершілігі

1. Банк келесі әрекеттерге жауапты:

1) ҚР заңнамасында, Шарттарда және БҚКШ-да көзделген жағдайларды қоспағанда, банк құпиясын жария еткені үшін – ҚР заңнамасына сәйкес;

2) Банктің кінәсінен қате жүргізілген операция үшін. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияның және ол үшін комиссияның күшін жоюмен шектеледі.

2. Банк келесі әрекеттерге жауапты емес:

1) үшінші тараптың карточкаға (негізгі немесе қосымша) қызмет көрсетуден бас тартуы үшін;

2) карточкаларға қызмет көрсету пунктімен байланыстың болмауы үшін, нәтижесінде операцияны жасауға сұрау Банкке түспейді;

3) карточкаларға қызмет көрсету пунктінің авторландыру туралы Банктің жауабын алмағаны үшін;

4) ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылған уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың нұсқамалары негізінде ақшаға тыйым салынған немесе шот бойынша операцияларды тоқтата тұрған жағдайда, сондай-ақ Шарттарда белгіленген жағдайларда операцияларды жасау мүмкін еместігі үшін;

5) Клиенттің келісімін талап етпейтін төлем құжаттары негізінде үшінші тұлғалардың шоттан ақшаны есептен шығару нәтижесінде Клиенттің шығындары үшін;

6) операциялар валютасын айырбастауға байланысты клиенттің қосымша шығыстары/шығындары үшін - операция валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау жөніндегі ХТЖ-ның іс-әрекеттері, оның ішінде операция бойынша есеп айырысу валютасын авторландыру валютасынан айырғаны үшін;

7) операцияны жүргізу мүмкін еместігіне, оның ішінде операция бойынша ақша аударымын аяқтау мүмкін еместігіне әкеп соққан операцияны жүргізуге қатысатын ХТЖ және/немесе корреспондент-банктің іс-әрекеттері үшін;

8) ұялы байланыстың сапасы және ақпаратты беру мүмкін болмаған жағдайлар үшін, оның ішінде ұялы байланыс операторының немесе үшінші тұлғалардың кінәсінен;

9) карточка бойынша сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасы үшін;

10) Клиенттің/Ұстаушының мүдделеріне әсер етуі мүмкін үшінші тарап белгілеген карточканы пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша лимиттер, шектеулер және қосымша сыйақылар үшін;

11) Клиенттің/Ұстаушының жоғалған/ұрланған карточканы бұғаттау туралы өтінішпен Банкке уақтылы жүгінбеуінің, сондай-ақ шотқа рұқсатсыз кірудің салдары үшін;

12) Банкке бұғаттау туралы өтінішпен уақтылы жүгінбеудің, сондай-ақ Ұстаушылардың алаяқтық қаупі жоғары елдерге барғаннан кейін карточканы қайта шығарудың/ауыстырудың салдары үшін, сондай-ақ Клиенттің карточканы осындай қайта шығарудан/ауыстырудан бас тартуының салдары (кез келген негіздер бойынша) үшін;

13) егер Клиент/Ұстаушы осы электрондық құрылғы арқылы операцияны жүргізген сәтте мұндай құрылғының ақаулығы туралы ақпарат визуалды, жазбаша немесе өзге түрде болған болса, электрондық құрылғының ақаулығы немесе дұрыс жұмыс істемеуі нәтижесінде Клиент/Ұстаушы шеккен залалдар үшін;

14) шот бойынша ай сайынғы үзінді көшірмені ұсынған кезде берілетін ақпаратты тыңдауға, ұстап қалуға немесе өзге тұлғалардың ұялы байланыс және электрондық пошта арналарына өзге де қол жеткізуіне;

15) Клиенттің/Ұстаушының Шарттарды, БҚКШ-ны және Ережелерді сақтамауынан туындаған залалдары үшін;

16) Клиенттің/Ұстаушының төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде дұрыс емес/жеткіліксіз деректемелерді көрсетуі үшін;

17) операцияны жүзеге асыруға байланысты Клиент пен Ұстаушы арасындағы өзара қарым-қатынас үшін жауап бермейді.

3. Клиент келесі әрекеттерге жауапты:

1) Клиенттің/Ұстаушының осы Шарттарды, БҚКШ-ны және Ережелерді сақтамауы нәтижесінде Банкке келтірілген залал үшін – Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

2) техникалық овердрафтты өтемеу үшін, - мөлшері Банк тарифтерімен белгіленген жауапкершілікті ескере отырып, өтелмеген берешек мөлшерінде;

3) Клиенттің/Ұстаушының карточканы, Пин-код нөмірін, құпия сөзді, 3D Secure/SecureCode құпия сөзін, бір реттік (біржолғы) кодты, карточка деректемелерін үшінші тұлғаларға беруіне байланысты Банкке/Клиентке келтірілген залал үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде;

4) Verified by Visa/MasterCard SecureCode бағдарламаларына қатыспайтын қызмет көрсету пункттерінде жүргізілген операцияларды қоспағанда, 3D Secure құпия сөзімен расталмаған Интернет желісінде төлем операцияларын жасау үшін;

5) Шарттардың 4-бабы 2-тармағының 16) тармақшасында белгіленген жағдайларда ақшаны қайтармау/Банкке уақтылы қайтармау үшін – ҚР заңнамасында белгіленген мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұлды ескере отырып, қайтарылмаған/уақтылы қайтарылмаған сома мөлшерінде;

6) жоғалған/ұрланған карточканы бұғаттау туралы өтінішпен Банкке уақтылы жүгінбеудің салдары үшін, сондай-ақ шотқа рұқсатсыз қол жеткізу кезінде – Клиентке/Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

7) Клиенттің және/немесе Ұстаушының кінәсінен Банк шеккен немесе жоғалған/ұрланған карточканы бұғаттауға және/немесе алып қоюға байланысты шығындар мен сот шығындары үшін - Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

8) Банкке бұғаттау туралы өтінішпен уақтылы жүгінбеудің, сондай-ақ Ұстаушылардың алаяқтық қаупі жоғары елдерге барғаннан кейін карточканы қайта шығарудың/ауыстырудың салдары үшін, сондай-ақ Клиенттің карточканы осындай қайта шығарудан/ауыстырудан бас тартуының салдары (кез келген негіздер бойынша) үшін;

9) Банктің сұрауы бойынша даулы жағдайды және/немесе даулы жағдайға қатысты құжаттарды қарауға өтінішті (мысалы, тауардың/қызметтің қолма-қол ақшамен төленгені туралы чек, клиенттің даулы жағдайды өз бетінше реттеу әрекеттерін көрсететін Интернет-кәсіпкермен хат алмасу туралы материалдар және т.б.) ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы үшін;

10) Клиенттің өтінішіне сәйкес карточка бойынша төлем лимиттері мен шектеулерін алу/өзгерту нәтижесінде Банкке келтірілген залалдар үшін – Банкке келтірілген залалдардың толық көлемінде жауапты болады.

7-бап. Өзге шарттар

1. Карточканы бұғаттау туралы, шот туралы ақпарат алу туралы телефон немесе басқа байланыс арналары арқылы қабылданған нұсқаулар және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиент/Ұстаушы сәйкестендірілген жағдайда өзге де нұсқаулар/өтініштер Ұстаушының/Клиенттің қағаз жеткізгіште алынған және клиенттің қолтаңбаларының үлгілері бар құжатқа сәйкес Клиенттің шотына иелік етуге уәкілетті тұлғалардың қолдарымен не тиісінше Ұстаушының қолымен куәландырылған. жазбаша нұсқауларына баламалы болып есептеледі.

2. Ұстаушының БҚКШ бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін мән-жайлар (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді: Ұстаушының қайтыс болуы, оны хабар кетті деп тану, оның әрекет қабілеттілігінің кез келген шектелуі) туындаған жағдайда, Клиент (ал егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар Клиентке қатысты туындаса, онда Ұстаушы) тиісті жазбаша өтініш беру арқылы осындай мән-жайлардың басталғаны туралы Банкті дереу хабардар етуге міндеттенеді. Егер Банк Клиенттің хабар кету/қайтыс болу/қайтыс болды деп жариялау фактісін растайтын құжатты алса, Банк шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға құқылы.

3. Клиент Интернет желісінде IVR жүйесі (Interactive Voice Response модуль, Банктің байланыс орталығы жүйесі) арқылы жүргізілетін операцияларды растау үшін Пин-кодты және 3D-Secure/SecureCode статикалық құпиясөзін орнатуға келісетінін растайды. Пин-кодты және 3D-Secure статикалық құпиясөзін орнату жөніндегі нұсқаулық Клиент карточканы алған кезде конвертте қоса беріледі.

4. Шарттарға өзгерістерді Банк БҚКШ-да белгіленген тәртіппен енгізеді.

5. Белгілі бір карточкаға(-ларға) қатысты Шарттар бөлігіндегі БҚКШ Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін және Тараптар толық өзара есеп айырысуларды жүзеге асырғаннан кейін ғана тоқтатылды деп есептелуі мүмкін. Бұл ретте карточкаларға қызмет көрсеткені (шығарғаны/қайта шығарғаны) үшін Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.

6. Клиент Шарттар бөлігінде БҚКШ-ны тоқтатудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын жазбаша өтініш негізінде белгілі бір карточкаға(-ларға) немесе барлық шығарылған Карточкаларға қатысты осы Шарттардың бөлігінде БҚКШ-ны орындаудан біржақты тәртіппен кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Клиенттің БҚКШ-ны тоқтату тәртібін сақтамай, карточканы пайдаланудан бас тартуы Шарттар бөлігінде БҚКШ-ның тоқтатылуына және карточканың(-лардың) күшін жоюға әкеп соқпайды. Банк алдында берешек болған кезде БҚКШ Клиент БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде қолданылады.

7. Банктің бастамасы бойынша Шарттардың қолданылуы БҚКШ-да және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда БҚКШ-да белгіленген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

Шарттан №6 Қосымша ДК шешіміне сәйкес жойылсын (30.01.2026 ж. №5/2026 хаттама).

Шарттан №7 Қосымша ДК шешіміне сәйкес жойылсын (30.01.2026 ж. №5/2026 хаттама).

**"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ)
Банктік қызмет көрсету шартына
8-қосымша**

Төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсету шарттары

1. Жалпы шарттар

1. Осы Қосымшада төлемдерді қабылдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі (бұдан әрі - қызмет) және Банк пен Клиент арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы есеп айырысу тәртібі айқындалады.

2. Қызметке қосылу келесі шарттар бойынша жүзеге асырылады:

- Банкте ашық ағымдағы шоттың болуы;

- Клиенттің телефонында мобильді қосымшаның болуы.

3. Егер Банктің ішкі құжаттарында өзгеше әдіс айқындалмаса, қызметке қосылу Банктің мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі.

4. Қызметті қосу кезінде клиент бір реттік кодты қолдана отырып қол қоятын №5 Қосымша көрсетіледі, қол қойылғаннан кейін Банк төлем үшін сілтеме жасауға мүмкіндік береді. Төлем үшін көрсетілген сілтеме бойынша эквайрингтік қызметтер көрсететін Банк "CNP Processing Kazakhstan" ЖШС серіктесінің (бұдан әрі - Серіктес) интернет-ресурсы ашылады. Осы қызмет шарттарымен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: [Processing.kz](https://processing.kz) - Төлемді қалай жасауға болады. Банк Ұстаушының карточкасының деректемелері туралы ақпараттың қорғалған түрде тек Серіктес жүйелеріне берілуін және Клиентке немесе үшінші тұлғаларға берілмеуін қамтамасыз етеді.

5. Клиенттің Банктегі шоттар бойынша, оның ішінде мобильді банкинг арқылы жүзеге асыратын жекелеген банк операцияларына қатысты ҚР заңнамасында, Банктің және (немесе) басқа банктердің, қаржы мекемелерінің және (немесе) осындай операциялар жүзеге асырылатын төлем жүйелерінің ішкі құжаттарында белгіленген шектеулер қолданылуы мүмкін.

2. Банктің құқықтары мен міндеттері

1. **Банк келесі әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттенеді:**

1) Банктің тікелей бақылауы бар сілтеме жасауға және төлемдерді алуға арналған Банк жүйелерінің тәулік бойы жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ Банкке тәуелді емес себептер бойынша жұмыс тоқтатылған жағдайда олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

2) даулы мәселелер анықталған жағдайда оларды жою бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға;

3) Банктің тарифтеріне сәйкес комиссияны ұстай отырып, Клиенттің ағымдағы шотына төлем қабылдауды және ақша аударуды жүргізуге.

2. **Банк құқылы:**

1) Клиенттен келесі ақпарат сұрауға:

Клиент сататын тауарлар/қызметтер туралы ақпаратты;

егер құжаттар Банкке алаяқтық операцияларды тергеп-тексеру және оларды алдын алу, ХТЖ/уәкілетті органдардың/тұлғалардың сұрауларына жауаптар дайындау үшін қажет болған жағдайда, сондай-ақ ҚР заңнамасында және/немесе ХТЖ қағидаларында көзделген өзге де жағдайларда жүргізілген операциялар туралы ақпаратты, оның ішінде карта ұстаушыға тауардың/қызметтің сатылғанын растайтын құжаттарды;

тауарларды/қызметтерді сатуға рұқсаттың/лицензиялардың болуы туралы ақпаратты (егер мұндай рұқсаттар/лицензиялар клиентте ҚР заңнамасының талаптары бойынша болуы тиіс болса);

2) Банк ҚР заңнамасына сәйкес рұқсат етілмеген немесе Клиент БҚКШ-ны бұза отырып жүргізген операцияларды анықтаған жағдайда, эмитент-банктер алаяқтық немесе жарамсыз деп мәлімделген операциялар бойынша Клиенттің ағымдағы шотына ақша аударуды жүзеге асырмауға;

3) ХТЖ операцияны алаяқтық немесе жарамсыз деп таныған, ХТЖ Клиенттің кінәсінен Банкке айыппұл салған, Клиент ҚР заңнамасына сәйкес рұқсат етілмеген не БҚКШ-ны бұза отырып операцияларды жүргізген, операция бойынша ақшаны қайтарған, Клиенттің Банк алдында комиссиялар төлеу бойынша берешегі не шарттар бойынша кез келген өзге берешегі болған жағдайларда келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:

сатылған тауарлар/қызметтер үшін Банк Клиентке аударатын ақшадан тиісті соманы ұстап қалуға;

сатылған тауарлар/қызметтер үшін Банк Клиентке аударатын ақша болмаған/жеткіліксіз болған кезде Банктің Клиентке жүзеге асырылған тауарлар/қызметтер үшін алдағы аударылатын ақшадан тиісті соманы ұстап қалуға немесе Клиентке талап жіберуге;

Банкте ашылған кез келген шоттан тиісті соманы ұлттық және/немесе шетел валютасында толық немесе ішінара алып қоюға (есептен шығаруға) ;

4) Клиентті хабардар ете отырып, келесі жағдайларда операцияларды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға:

алаықтық операциялар жасалса және/немесе Клиент және/немесе оның қызметкерлері алаяқтық немесе өзге де

заңсыз қызметке қатысса;

Банкте операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік болса;

Клиент Банкке Шарттар мен БҚКШ шеңберінде жалған ақпарат берсе;

Клиент өтініште көрсетілмеген тауарларды/қызметтерді жүзеге асырса;

Клиент Банктің беделіне зиян келтіруі мүмкін қызмет түрлерін жүзеге асырса;

Банк Клиенттің Карта ұстаушыға ақшаны қайтарудан заңсыз түрде бас тарту жағдайларын анықтаса;

Клиенттің Банк алдында Шарттар бойынша кез келген берешегі болса;

операцияларды жүргізуге лимиттер бұзылса.

5) кез келген уақытта Клиенттің оның қызметіне араласпай, осы шарттардың сақталуын тексеруге, сондай-ақ Банк үшін шығын/тәуекелге әкеп соғуы мүмкін алаяқтық, заңсыз, құқыққа қайшы және өзге де операцияларды анықтау тұрғысынан Клиентке және ол жүзеге асыратын операцияларды тексеруге;

6) осы шарттар бойынша қызмет көрсету үшін үшінші тұлғаларды тартуға. Бұл ретте Банк Клиент алдында өзі тартқан үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауап береді;

7) келесі жағдайларда жеке тұлғалардан ақша аударымдарын қабылдамауға:

БҚКШ-ға сәйкес Банк қызметтері төленбесе;

Банктің күдікті мониторинг жүйесі деп танылған операциялар болса;

Клиенттің БҚКШ шеңберінде жалған ақпаратты ұсынуы анықталса;

Клиент қаржылық залал келтіруі және/немесе Банктің беделіне зиян келтіруі мүмкін қызмет түрлерін жүзеге асырса, оның ішінде Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тауарларды сатумен айналысатын жағдайда;

Банк Клиенттің қайтарым операциясын жүргізуден заңсыз бас тарту жағдайларын анықтаған кезде;

Клиент алаяқтық операциялар жасаса және/немесе Клиент және/немесе оның қызметкерлері, оның ішінде Карточка ұстаушылар алаяқтық немесе өзге де заңсыз қызметке қатысса;

8) ХТЖ-ға және өзге үшінші тұлғаларға БҚКШ-ға байланысты Банкке белгілі болған Клиентке қатысты ақпаратты (келесі деректемелерді қоса алғанда: Клиенттің атауы, БСН, заңды/пошталық мекенжайы, телефон/факс нөмірі, электрондық пошта/интернет-ресурс мекенжайы, Клиенттің Интернет желісіндегі бірегей мекенжайы (URL), банк деректемелері және т. б.) ХТЖ бағдарламаларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және операцияларды жүргізу кезінде алаяқтықтың алдын алу және ХТЖ-ның өзге де бағдарламаларында пайдалану мақсатында, сондай-ақ, наразылық туындаған операциялар бойынша дауларды реттеу үшін карточка ұстаушылардың тапсырмасы бойынша операциялар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тәулік бойы ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында ұсынуға;

9) Клиенттен Банкке тауарлар үшін төлем жасау рәсімінің, тауарлар карточкасын ұстаушыларға ұсыну рәсімінің, сондай-ақ төлем операцияларын және тауарды қайтарым операцияларын жою рәсімдерінің сипаттамасын ұсынууды талап етуге.

3. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

1. Клиент келесі әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) осы шарттардың ережелерін сақтауға;

2) Банктің тарифтеріне сәйкес комиссияларды, сондай-ақ төлем операциясын жүргізуге мүмкіндік беретін серіктестің (серіктестердің) комиссиясын төлеуге;

3) карточкамен төлеген кезде тауарлардың/қызметтердің құнын көтермеуге;

4) екі немесе одан да көп операцияларды жүргізе отырып, бір тауардың/қызметтің құнын бөлмеуге;

5) тауар/қызмет құнының бір бөлігін басқа төлем құралдарымен жасалатын балама төлемді қабылдамауға;

6) Банк белгілеген лимиттер шегіне сәйкес операцияларды жүргізуге;

7) операция жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде тауарды/көрсетілетін қызметті өткізу фактісін растайтын, операцияларды жасау және тауарларды/көрсетілетін қызметтерді өткізу фактісін растайтын және негіздейтін құжаттарды сақтауға және оларды Банктің талабы бойынша электрондық нысанда дереу түрде (бірақ кез келген жағдайда Банктен талап алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей) Банкке жіберуге;

8) Банктен сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке алаяқтық операцияларды тергеп-тексеру, оларды алдын алу және операциялардың осы шарттарға сәйкестігін растау үшін операциялар бойынша түсініктемелер (ақпарат, құжаттар, мәліметтер) беруге;

9) Банкке тергеп-тексеру жүргізу үшін қажетті қосымша ақпаратты көрсете отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты Карта ұстаушылардың қызметіне қатысты күдіктер туралы Банкке хабарлауға;

10) Клиент жүргізген операциялар бойынша Банкке ХТЖ тағайындаған санкциялардың/айыппұлдардың кез келген сомасын шарттарда белгіленген тәртіппен Банкке өтеуге. Банктің Клиенттің ағымдағы шотына операциялар бойынша ақша аударуы мұндай операциялардың санкциялануын толық және даусыз мойындауды білдірмейді. Мұндай операциялар ҚР заңнамасына, БҚКШ шарттарына және ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген деп танылуы мүмкін. Клиент жүргізген операцияны рұқсатсыз деп танумен байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді Клиент көтереді;

11) Клиенттің ағымдағы шотына Банк есептейтін сомалардың және операциялар бойынша Клиентке тиесілі сомалардың сәйкестігін бақылауға. Көрсетілген сомалар арасында айырмалар анықталған жағдайда Клиент мұндай айырма туралы кез келген жағдайда қате/дұрыс емес есепке алынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкті хабардар етуге міндеттенеді. Осымен Клиент Банкке Клиенттің ағымдағы шотына аударылуға

жататын ақша сомаларынан Клиенттің ағымдағы шотына артық немесе қате/дұрыс емес есептелген сомаларды ұстап қалу құқығын береді;

12) залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында Банкке Клиенттің таратылғаны туралы және Клиентке қатысты уәкілетті органдардың келесі шектеу сипатындағы шешімдерін/іс-әрекеттерін қабылдағаны туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкті жазбаша хабардар етуге;

Клиентті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату;

уәкілетті органның Клиенттің кез келген банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату;

кез келген уәкілетті органдардың шешімі бойынша Клиенттің ақшасына және/немесе өзге де мүлкіне тыйым салу;

ҚР заңнамасына сәйкес өзге де шешімдер немесе іс-әрекеттер;

Клиенттің деректемелерін немесе қызмет түрін өзгерту.

2. Клиент құқылы:

1) Банктен осы шарттарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде операциялар бойынша Клиенттің ағымдағы шотына ақша аударуды талап етуге.

2) операциялар мен есеп айырысуларды жүргізу тәртібіне қатысты Банктен ақпарат пен түсініктемелер сұратуға және алуға.

4. Тараптардың өзара есеп айырысулары

1. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Банк соманы Клиентке теңгемен БҚКШ-да көрсетілген мерзімде Банкте ашылған ағымдағы шотқа аударады. Банктің Клиентке ақша аудару міндеттемесін орындау күні Банктің транзиттік шотынан ақша қаражатын есептен шығару күні болып есептеледі.

2. Жұмыс күндері өңдеуден өткен операциялар бойынша Банк Клиентке ақшаны күн сайын, жұмыс емес күндері — есепті жұмыс емес күнінен кейінгі келесі жұмыс күні есептейді. БҚКШ-мен реттелмеген барлық жағдайларда Тараптар соманы аудару үшін өзге мерзімді келісуге құқылы. Банк аударымды аудару мерзімін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

3. Банк пен Серіктес комиссиясының төлемі Банктің Клиенттің шотына аударатын ақша сомасынан тиісті соманы ұстап қалу жолымен жүргізіледі, бұл ретте Клиент Банк комиссиясы ұсталғаннан кейін төлем сомасын және төлем сомасынан ұстап қалуға жататын өзге де сомаларды алады.

4. Карточка ұстаушыға қаражатты қайтаруды Клиент өз бетінше қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жолдармен жүргізеді. Төлем операциясын жасағаны үшін Банк бұрын ұстаған комиссия қайтарылмайды.

5. Егер Банк БҚКШ-да көзделген негіздер бойынша аударым кезінде қайтару операцияларының сомасын есепке алмаған және/немесе соманы, сондай-ақ Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешегін ұстап қалмаған жағдайда, Банк Клиентке қайтару операциясының тиісті сомасын және/ немесе тиісті талапты және/немесе берешекті төлеу туралы хабарлама жібереді. Клиент хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша хабарламада көрсетілген соманы Банкке аударуға міндеттенеді.

6. Тараптар Банктің жазбаша хабарлама жіберуі Клиенттің Банкке қайтару операциясының сомасын және/немесе талаптар және/немесе берешек сомасын аударуды азайту немесе аудару үшін жеткілікті негіз болып табылатынын мойындайды. Егер сома шетел валютасында көрсетілсе, онда төлем/ұстап қалу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем/ұстап қалу күніне арналған бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

1. Банк Клиенттің ағымдағы шотына ақша аударуды заңсыз түрде кешіктіру үшін БҚКШ-ға сәйкес жауапты болады.

2. БҚКШ талаптары тиісінше орындалмаған, ХТЖ клиенттің әрекеттері/әрекетсіздігі үшін Банкке айыппұлдар (өзге де санкциялар) салған жағдайда және нәтижесінде Банкке залал (зиян) және/немесе Банктің іскерлік беделіне зиян келтірілсе, Клиент осы жағдайлар үшін жауап береді және Банкке келтірілген залалды (зиянды) өтейді. Өтеу сомасы Банк қойған жазбаша шағымда көрсетіледі. Залалдың (зиянның) сомасын және өтелу тәртібін Тараптар қосымша келіседі. Банк талаптарды реттегенге дейін операцияларды жүргізуді тоқтатуға құқылы.

3. Клиентте жүргізілген операциялар бойынша ХТЖ-дан салынатын айыппұлдар (өзге де санкциялар) операция жүргізілген күннен бастап 180 күн ішінде ХТЖ қағидаларына сәйкес Банкке қойылуы мүмкін. Осыған байланысты Клиент Банкке айыппұлдарды (өзге де санкцияларды) қанағаттандыру бойынша шығындарды сөзсіз тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

4. Банк келесі әрекеттерге жауапты емес:

1) техникалық құралдардың жұмысынан бас тартқаны, процессингтік орталықтың және Банктің деректер базасының регламенттік (техникалық) жұмыстарын жүргізгені үшін, ХТЖ-дағы техникалық ақаулар, бағдарламалық қамтамасыз ету, энергиямен жабдықтау және деректерді беру жүйелеріндегі Банктің бақылауынан тыс, бірақ қызмет көрсетуді уақытша тоқтата тұруға немесе Банктің шарттарды орындамауына әкеп соғуы мүмкін ақаулар үшін;

2) БҚКШ талаптарының мәніне жатпайтын барлық жағдайларда Клиент пен Карта ұстаушылар арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер үшін жауапты болмайды.

6. Өзге шарттар

Тараптар БҚКШ, ҚР заңнамасы, ХТЖ қағидалары, ХТЖ стандарттары мен ұсыныстары ҚР заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде Тараптар қатынастарын құқықтық түрде реттейтінімен келіседі. ХТЖ қағидаларына қайшы

келетін кез келген ережелер (өтінішке қол қою кезінде белгіленген немесе болашақта әзірленген) сол қағидаларға сәйкес келтірілуі тиіс. Бұл ретте мұндай қайшылықтарды қамтитын ережелерді Тараптар ХТЖ ережелеріне сәйкес түсіндіріп орындайды.

"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ)
Банктік қызмет көрсету шартына
9-Қосымша

Салымдарды орналастырудың жалпы шарттары

1-бап. Терминдер және анықтамалар

- 1) **салым** – банктік салым шартымен, салым құжатымен не осы талаптарда белгіленген өзге тәсілмен куәландырылған депозит;
- 2) **талап етілгенге дейінгі салым** — Клиенттер Банкте белгісіз мерзімге орналастыратын және банктік салым шартына сәйкес орналастырылған ақшалай қаражатқа капиталдандырылған (есептелген) пайыздарды қоса алғанда, Клиенттің талабы бойынша толық немесе ішінара қайтарылатын ҚР валютасындағы немесе шетел валютасындағы ақшалай қаражат;
- 3) **банктік салым шарты** - Салымды енгізуге және жинақ шотын ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты Клиент пен Банктің құқықтары мен міндеттерін реттейтін БҚКШ талаптарына сәйкес салымды орналастыруды регламенттейтін құжат және Банк пен Клиент арасында жасалған БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын өтініш және БҚКШ-ның өтініші мен талаптарымен бірге банктік салым шарты болып табылады;
- 4) **өтініш** - Клиент БҚКШ шарттарына қосылатын және сыйақы мөлшерлемесін, мерзімін, Салым сомасын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Салымның жеке шарттарын қамтитын құжат;
- 5) **банктік салымның жеке талаптары** – салым бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін қоса алғанда, салым түрін, салым валютасын, салым мерзімін, пайыздық мөлшерлемені айқындайтын банктік салым шартының талаптары;
- 6) **капитализация** – Салым бойынша есептелген пайыздарды пайыздар есептелетін қаражат сомасын ұлғайта отырып, салым есепке алынатын жинақ шотына аудару;
- 7) **салымның максималды сомасы** - банктік салым шартына сәйкес салымға орналастырылуы мүмкін Банк белгілейтін шекті сома;
- 8) **салымның минималды сомасы** – Клиент жинақ шотына орналастырған, толық немесе ішінара азаюы кезінде банктік салым шартының талаптарына сәйкес салымды қайтару (оның ішінде мерзімінен бұрын қайтару) жүргізілетін ақша қаражатының сомасы. Салымның минималды сомасының мөлшерін Банк белгілейді. Салымның минималды сомасының мөлшері салым ашылған кезде Клиент енгізген ақша сомасының мөлшерінен өзгеше болуы мүмкін.
- 9) **мерзімді салым** - Клиент белгілі бір мерзімге салатын салым. Клиент белгіленген мерзім өткенге дейін мерзімді салымды талап еткен жағдайларда, егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейін салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді;
- 10) **жинақ салымы** - Клиент белгілі бір мерзімге салатын салым. Клиент белгіленген мерзім өткенге дейін жинақ салымын талап еткен жағдайларда салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейін салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді;
- 11) **жинақ шоты** - салымды қабылдау, ол бойынша сыйақыны есептеу және Банк ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген қызметтерді көрсету үшін банктік салым шарты негізінде Банк Клиентке ашатын банктік шот.

2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы шарттар жинақ шотына ақша қаражатын тарту және орналастыру, шот бойынша қалдыққа пайыздарды есептеу, салымды және есептелген пайыздарды қайтару кезіндегі тәртіп пен шарттарды белгілейді және осыған байланысты Клиент пен Банк арасында туындайтын қатынастарды реттейді.
 2. Банкте салымдарды орналастыру және жинақ шоттарын ашу Клиент көрсетілген операцияларды жасау үшін ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, осы шарттарға сәйкес жүргізіледі.
- Тараптардың келісімі бойынша банктік салымды ашу және оған қызмет көрсету шарттары Тараптар қол қойған жеке банктік салым шартымен ресімделуі мүмкін.

3. Банктік салымды ашу келесі құжаттардың негізінде жүргізіледі:
 - 1) Клиент немесе тараптар қол қойған Банк белгілеген нысандағы өтініштер;
 - 2) Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, мобильді банкинг арқылы қалыптастырылатын өтініштер.
4. Ақшалай қаражаттың салымға орналастырылатын шарттары Клиент салымға ақшалай қаражатты орналастырған кезде Банктегі қолданыстағы банк өнімдерінің шарттарын негізге ала отырып айқындалады.
5. Салымдардың жекелеген (арнайы) түрлерінің шарттарында Клиенттің қосымша құжаттарды ұсыну міндеті көзделуі мүмкін.
6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген Клиенттің өтініші қолданылатын Банк өнімінің талаптарына сәйкес банктік салымның жеке талаптарын айқындайды және Клиенттің көрсетілген шарттарда банктік салым шартын жасасу офертасы болып табылады. Банктің Клиентке Банктің үй-жайында немесе банк өкілдері арқылы берілетін не Клиентке мобильді банкинг арқылы не салым сомасы Банкке түскеннен кейін SMS-хабарлама арқылы жіберілетін келісілген шарттарда салымның ашылғаны туралы растау Клиенттің офертасының акцепті болып табылады. Осы Шарттың талаптары оның негізінде жасалатын банктік салым шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады.
7. Жинақ шоты бойынша барлық операцияларды Клиент Банкке ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжатты, жинақ шотын ашу және (немесе) жинақ шотындағы ақшаға билік ету құқығына нотариалды куәландырған не заңдастырылған/апостиль қойылған (нотариалды куәландырған аударыммен) сенімхатты ұсынғаннан кейін үшінші тұлғалар жүзеге асыра алады.
8. Клиент үшінші тұлғаларға салым бойынша талап ету құқығын беруге құқылы емес.

3-бап. Салым енгізу тәртібі

1. Клиент салымды Клиентке ашылатын жинақ шотына ақша аудару жолымен енгізеді, ал Банк салымды қабылдайды және салым бойынша сыйақыны банктік салымның жеке талаптарында және шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен төлейді.
2. Банк осы Тараудың 2-бабының 3-тармағында көрсетілген салымды ашу туралы өтініштің негізінде Клиентке жинақ шотын ашады.
3. Банк Клиентке жинақ шотын өтініште көрсетілген валютада ашады.
4. Банк Клиентке Банктегі өзіне ашылған жинақ шотының нөмірі туралы келесі тәсілдермен хабарлайды:
 - 1) Клиент Банкке жүгінген кезде, бұл ретте Клиент жинақ шотының нөмірін қамтитын Банк қызметкерінің қолымен расталған жазбаша құжатты алуға құқылы;
 - 2) мобильді банкинг арқылы.
5. Мобильді банкинг арқылы жинақ шоты ашылған жағдайда Банк Клиентке мобильді банкинг арқылы келісілген шарттарда жинақ шотын ашу туралы растауды не шот ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.
6. Мобильді банкингте қалыптастырылатын салымды ашу туралы Банктің өтініші мен растамасын сақтау Банктің деректер базасында электрондық нысанда жүзеге асырылады.
7. Клиенттің мобильді банкинг арқылы ашылған қолданыстағы салымдары бойынша салымды қағаз жеткізгіште орналастыру туралы өтініштің және (немесе) растаудың данасын Банктің кез келген бөлімшесінен алуға құқығы бар.
8. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент осы Тараудың 2-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеген күні салымды жинақ шотына енгізеді. Салым сомасы Банкке ақша аударған кезде көрсетілген мерзімнен кешіктірілген не банктік салым шартында белгіленген салымның минималды сомасынан кем түскен жағдайда Банк келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:
 - 1) талап етілгенге дейінгі салым шарттарында келіп түскен сомаға сыйақы есептеуге;
 - 2) түскен соманы Клиенттің Банктегі ағымдағы шотына аударуға;
 - 3) банктік салым шартын жасалмаған деп санауға, ал түскен ақша сомасын Клиентке Банкке жүгінген кезде қайтаруға.

Салымды енгізу Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан ақшаны акцептсіз тәртіппен тікелей дебеттеу жолымен не ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында тыйым салынбаған өзге де тәсілмен есептен шығару жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе салымды жинақ шотына енгізуді Клиент келесі жолдармен жүзеге асыра алады:

- 1) ақшаны жинақ шотына қолма-қол ақшасыз түрде аудару арқылы;
- 2) касса/терминалдар/банкоматтар арқылы қолма-қол ақша енгізу арқылы;
- 3) Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан ақшаны тікелей дебеттеу жолымен акцептсіз есептен шығару арқылы;
- 4) ҚР заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен тыйым салынбаған өзге тәсілмен.

10. Салымды орналастыру мерзімі ақша қаражаты түскен күннен кейінгі күннен бастап есептеледі

11. Салым бойынша сыйақы салым мерзімі ішінде 365 күн есебінен салымды сақтаудың күнтізбелік күндерінің нақты саны үшін есептеледі. Сыйақы салым мерзімі аяқталған күні есептелмейді. Бұл ретте, егер салым мерзімі аяқталған күн демалыс немесе мейрам күніне түссе, салым сомасы жинақ шотында болған кейінгі күндер үшін сыйақы Шарттың 4-бабының 5-тармағына сәйкес Клиентке қайтарылған сәтке дейін есептелмейді.

12 -тармағы осы шартқа № 9 Өзгерістер мен толықтырулар (12.08.2025 ж. № 17/2025 Хаттама) Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды

12. Егер Өтініште (күн сайын немесе мерзімі аяқталғаннан кейін) өзгеше көзделмесе, сыйақы есепті айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күнінен кешіктірілмей ай сайын төленеді. Егер сыйақы есептелетін күн демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, сыйақы бірінші жұмыс күні есептеледі. Егер сыйақы есептелетін күн демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, төлем осы күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырылады және ауыстырылған кезең үшін қосымша сыйақы есептелмейді. Ақша Өтініште көрсетілген шотқа аударылады; соңғы кезең үшін – салымды қайтару күні төленеді (осы Қосымшаның 4-бабы 5-тармағына сәйкес).

13. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салым бойынша қосымша жарналарды Клиент немесе үшінші тұлғалар (оның жеке сәйкестендіру коды туралы қажетті деректерді көрсете отырып) салым бойынша максималды сома шегінде ақшаны жинақ шотына қолма-қол ақшасыз, банк кассасы арқылы немесе Банктің төлем терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол аудару жолымен енгізе алады. Егер банктік салым шарты бойынша жинақ шотына қосымша жарналар енгізуге жол берілмесе, онда Клиент немесе үшінші тұлғалар жинақ шотына соманы есептеген жағдайда, мұндай соманы Банк Клиенттің банкте ашылған ағымдағы шотына есептейтін болады, ал ағымдағы шот болмаған кезде сома Банкке жүгінген кезде Клиентке қайтарылады.

14. Егер Клиент немесе үшінші тұлғалар жинақ шотына салымның максималды сомасынан артық соманы есептеген жағдайда банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Банк құқылы:

- 1) түскен соманы Клиенттің Банктегі ағымдағы шотына аударуға;
- 2) Банктегі салымның максималды сомасынан артық сомаға сыйақы есептемеуге;
- 3) түскен соманы ақша жіберушіге қайтаруға.

4-бап. Салымды қайтару тәртібі

1. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымды орналастыру мерзімі ішінде салымнан ақшаны ішінара беруге жол беріледі, бірақ бұл ретте банктік өнімдердің тиісті талаптарында және/немесе банктік салым шартының талаптарында белгіленген мөлшерде салымның минималды сомасы сақталуы керек. Салымнан ақшаны ішінара беру Банктің Банкте ашылған немесе Клиент ұсынған ағымдағы шоттың бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына ақша аудару немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақша беру арқылы жүзеге асырылады.

2. Егер Клиент немесе үшінші тұлғалар ҚР заңнамасына сәйкес салымның бір бөлігін алса және нәтижесінде қалған сома шартта белгіленген минималды мөлшерден төмен болса, онда банктік салым шарты Клиент бұл туралы хабардар еткен сәттен бастап бұзылған болып есептеледі. Осы тармаққа сәйкес банктік салым шарты тоқтатылғанға дейін, егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, талап етілгенге дейін Банк салым бойынша сыйақы есептеуге құқылы.

3. Салымның барлық сомасын немесе оның бір бөлігін алу үшін Клиент келесі әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті:

1) Банкке Клиент өз қолымен немесе оның уәкілетті өкілі қол қойған Банк белгілеген нысандағы өтінішті ұсынуға;

2) Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, мобильді банкингте қалыптастырылатын Банк белгілеген нысандағы өтінішті Банкке ұсынуға;

3) дербес компьютерлердің, электрондық байланыс құралдарының, электрондық терминалдардың, банкоматтардың және т. б. экрандарында көрсетілген нұсқауларды орындауға.

Салымның барлық сомасы немесе оның бір бөлігі қайтарылған жағдайда Клиент Банкке алдын ала тиісті өтініш береді.

Банк мерзімді салымды немесе оның бір бөлігін келесі жолдармен береді:

1) Банктің кассасы арқылы Клиенттің талабы келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей;

2) операциялық күн ішінде Банкте ашылған шотқа қолма-қол ақшасыз ақша аудару арқылы;

3) терминалдар/банкоматтар арқылы, егер мұндай мүмкіндік банктік салым шартында көзделсе және сұралатын сома терминалда/банкоматта жеткілікті сома болған кезде Клиент жүгінген сәтте беріледі.

Банк жинақ салымды Клиенттің талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте береді.

Клиент салымның барлық сомасын немесе оның бір бөлігін терминалдар/банкоматтар арқылы қолма-қол түрде алу үшін Банкке жүгінген жағдайда, егер мұндай мүмкіндік банктік салым шартында көзделген болса және сұралатын сома терминалда/банкоматта жеткілікті сома болған кезде Клиент жүгінген сәтте беріледі.

4. Банктің салымның барлық сомасын немесе оның бір бөлігін қайтару, сондай-ақ салым бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемесі келесі жағдайларда орындалған болып есептеледі:

1) Банктің жинақ шотынан ҚР басқа банктерінде ашылған Клиенттің банк шоттарына ақша есептен шығарылған кезден бастап қолма-қол ақшасыз түрде аударым жасалған жағдайда;

2) жинақ шотынан ақша есептен шығарылған және Клиенттің Банкте ашылған өзге банк шотына аударым жасалған сәттен бастап;

3) Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақша берілген сәттен бастап. Сыйақының қате есептелген және төленген сомасы қайтарылуға жатады, бұл ретте Банк артық төленген сыйақы сомасын салым сомасынан ұстап қалуға құқылы.

5. Салым мерзімінің соңғы күнінде Банк Клиентке есептелген сыйақысы бар салым сомасын қайтарады. Егер салымның және ол бойынша сыйақының сомасын қайтару мерзімі дкмалыс немесе мейрам күніне түссе, онда салымның және есептелген сыйақының сомасы Шарттың 3-бабының 12-тармағын ескере отырып, бірінші жұмыс күніне қайтарылады.

6. Салым мен есептелген сыйақы қайтарылғаннан кейін Банк жинақ шотын жабады.

7. Банк салым сомасын немесе оның бір бөлігін және Банкке тәуелсіз мән-жайлар бойынша есептелген сыйақыны (жинақ шотына тыйым салу, жинақ шотын жабу) қайтару мүмкін болмайтын жағдайлар үшін жауап бермейді. Клиент ұсынған ағымдағы шоттың бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген шоттың өзектілігін Клиент дербес түрде тексеруге және 3 (үш) банктік күннен кешіктірмей Банк белгілеген нысан бойынша өтініштің түпнұсқаларын және ағымдағы шоттың бар екендігін растайтын құжатты ұсына отырып, шоттың өзгергені туралы Банкке хабарлауға міндеттенеді.

8. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент келмеген және оны орналастыру мерзімі өткеннен кейін салым сомасы талап етілмеген жағдайда, салымды орналастыру мерзімі ұзартылған күнге қолданыстағы мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеле отырып, сол мерзімге автоматты түрде ұзартылған болып есептеледі. Сыйақыны капиталдандыру көзделмеген капиталдандыру жоқ банктік салым шарттары бойынша аударым күніне есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы салым сомасына есептелмейді. Егер Банк салымды орналастыру мерзімі өткеннен кейін банктік салымның осы түрін қабылдауды тоқтатса, салымды орналастыру мерзімі ұзартылуға жатпайды, ал салым сомасын Банк ағымдағы шоттың бар екенін растайтын Клиент ұсынған құжатта көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына аударылады немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол түрде ұсынады. Өзге жағдайларда салымды орналастыру мерзімі талап етілгенге дейін салым шарттарында ұзартылған болып есептеледі.

9. Сыйақыны төлеу (капиталдандыру) кезінде Банк Клиент табыс алуға байланысты төлеуі тиіс салықтарды ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда, мөлшерде және тәртіппен ұстайды.

5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк міндетті:

1) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес Банкте орналастырылған салым сомасына сыйақы есептеуге;

2) салымды мерзімінен бұрын алып қойған және/немесе банктік салым шартын бұзған жағдайда Клиенттің бастамасы бойынша жасалған шарттарға сәйкес салымның негізгі сомасын және ол бойынша салымды алу және/немесе шартты бұзу күніне есептелген сыйақыны төлеуге;

3) жасалған шарттарда көзделген тәртіппен салым мерзімі аяқталғанға дейін шарт талаптарына сәйкес салым мерзімі ұзартылған кезде сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін азайту туралы Клиентке хабарлауға.

2. Банк Банктегі салымдардың максималды сомаларын шектеуге және салымдардың максималды сомасынан асатын сомаға сыйақы есептемеуге құқылы.

3. Клиент құқылы:

1) мерзімді салымды мерзімінен бұрын ішінара және (немесе) толық қайтаруды немесе банктік салым шартының талаптарына сәйкес жинақ салымын мерзімінен бұрын толық қайтаруды талап етуге;

2) егер мұндай мүмкіндік банктік салым шартында көзделсе, салымға қосымша ақшалай қаражат салуға.

6-бап. Банктік салым шартын бұзу, жинақ шотын жабу тәртібі

1. Банктік салым шартын бұзу және жинақ шотын жабу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Клиенттің таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты жинақ шотын жабу жағдайларын және ҚР заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, жинақ шотына қойылған үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары және/немесе ауыртпалықтары болмаған жағдайда, Клиенттің өтініші негізінде;

2) әрекет тоқтатылған жағдайда немесе Банк банктік салым шартын орындаудан бас тартса, Банк оны дербес түрде жүзеге асыруы мүмкін;

3) тараптардың келісімі бойынша.

2. Банк БҚКШ-ға сәйкес банктік салым шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк банктік салым шартын орындаудан бас тартқан кезде Банк банктік салым шартын бұзады және жинақ шотын жабады.

3. Жинақ шоты жабылған кезде Банк ҚР салық заңнамасында айқындалған жағдайларда, тәртіппен және мерзімдерде салық органдарын хабардар етеді.

4. Банк банктік салым шартын орындаудан бас тартқан кезде Банк ҚР заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Шарттан №10 Қосымша ДК шешіміне сәйкес жойылсын (30.01.2026 ж. №5/2026 хаттама).

Қосымша № 11

Банктік қызмет көрсету келісім-шартына
АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "ForteBank") (2-нұсқа)

АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "ForteBank") төлем карталарын мобильді төлем қызметтерін
қолдану шарттары

1. Терминдер мен анықтамалар

Осы шарттарда келісім-шартта белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) **Тіркеушінің верификациясы** – карта иесінің құқықтарын тексеру процедурасы (қол жеткізу құқықтарын беру). Карта тіркелген кезде верификация бір рет қолданылатын кодты енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, ол карта иесіне телефон нөміріне жіберіледі, бұл нөмір Клиентпен келісім-шарт жасасу кезінде немесе Банк арқылы Клиент туралы мәліметтер жаңартылған кезде көрсетілген. Бір реттік кодтың қолдану мерзімі шектеулі болып табылады және оны Банк анықтайды. Бір реттік кодты қолдану бір рет ғана мүмкін;
- 2) **Токен провайдері** – электронды байланыс құралдары және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету және/немесе NFC технологиясы арқылы төлем жасау үшін қажетті функцияларды қамтамасыз ететін компания (мысалы, Apple Inc., Garmin Ltd., Google немесе Google-дың филиалы, Samsung Electronics және басқа);
- 3) **Мобильді төлем жүйесі (МТП)** – байланыссыз төлем жүйесінің мобильді қызметі (мобильді қосымша: Apple Pay, Garmin Pay, Google Pay, Samsung Pay және басқа). МТП сауда және қызмет көрсету орындарында NFC технологиясы мен интернет арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді (МТП қолдайтын интернет-ресурстарда/интернет-дүкендерде);
- 4) **Токен** – картаның сандық түрдегі көрінісі, ол карта тіркелгеннен кейін қалыптасады және электрондық байланыс құралында және/немесе токен провайдерімен қорғалған бұлтты сақтау қоймасында шифрланған түрде сақталады;
- 5) **Токенизация** – төлем картасының деректерін (карта нөмірі, жарамдылық мерзімі және т.б.) цифрлар жиынтығына (токенге) ауыстыру процесі, ол СМП арқылы операциялар жасау үшін пайдаланылған картаны нақты анықтауға мүмкіндік береді;
- 6) **Құрылғылар** – арнайы құрылғылар (мысалы, спорттық сағаттар), олар Apple Pay, Garmin Pay, Google Pay, Samsung Pay және басқа қызметтерді қолдана отырып, төлем жасау мүмкіндігін ұсынады;
- 7) **Apple Pay** – Apple Inc. корпорациясынан мобильді байланыс құралдарының қосымшасы. Apple Pay және iPhone – Apple Inc. тіркелген сауда маркалары, АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген;
- 8) **Garmin Pay** – Garmin Ltd. компаниясының сағаттары арқылы байланыссыз төлем жасау қызметі;
- 9) **NFC (Near Field Communications)** – жоғары сапалы сымсыз байланыс технологиясы, ол мобильді құрылғы мен POS-терминал немесе банкомат арасында байланыссыз деректер алмасуды қамтамасыз етеді;
- 10) **Samsung Pay** – Samsung Electronics корпорациясынан мобильді байланыс құралдарының қосымшасы;
- 11) **Google Pay** – Google LLC ұсынған байланыссыз төлем жасау қызметі.

2. Жалпы ережелер

1. Осы шарттар Банк тарапынан Клиентке төлем картасының реквизиттері арқылы СМП қолдану жолымен жасалған операциялар бойынша есеп айырысу қызметтерін көрсету тәртібін анықтайды.
2. Осы шарттарда сипатталады:
 - карта тіркелген кезде электронды байланыс құралында/құрылғыда Клиенттің толық шарттарды қабылдауы;
 - СМП қолдану арқылы жасалған операцияны жүзеге асыру және растау тәртібі;
 - СМП арқылы операцияларды жасау кезінде Клиент пен Банк арасындағы жауапкершілік;
 - картаны СМП арқылы төлем жасау кезінде электронды байланыс құралы/құрылғының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары.
3. Банк токен провайдері, СМП провайдері немесе СМП бағдарламалық қамтамасыз етуін қолдамайды. Токен тіркелген құрылғыға СМП қосымшасын орнату және қолдану токен провайдері мен/немесе МПС белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.
4. Банк карталарды СМП қолдану үшін комиссия алады, ол Банк тарифтеріне сәйкес болады.
5. Осы шарттар келісім-шартты тоқтату сәтіне дейін қолданылады.
6. Шарттардың тоқтатылуы Клиент тарапынан Банкке жіберілген бұйрықтардың заңды күшіне әсер етпейді.
7. СМП қолдану POS-терминалдарында тек онлайн авторизациясы болған жағдайда мүмкін. СМП картаны кардридерге салуды талап ететін терминалдарда қолданылмайды.
8. Егер шарттардың кез келген ережелері ҚР заңнамасына немесе МПС ережелеріне сәйкес келмесе, Банк оларды өзгерту құқығын иеленеді.

3. Карталарды тіркеу

1. СМП арқылы есеп айырысуларды жүргізу үшін, картаны тіркеу үшін иесіне келесі тәсілдердің бірін қолдану қажет:

- карта нөмірін автоматты түрде толтырып, электрондық байланыс құралын қолдана отырып тіркеу;
- карта нөмірін қолмен енгізу;
- техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда, токен провайдері анықтайтын басқа тәсіл.

Картаны тіркеу СМП жүйесінде немесе Банк мобильді қосымшасында мүмкін (ApplePay және Google Pay үшін қолжетімді).

2. Картаның жарамдылығын растау үшін CVC2 / CVV2 код технологиясын пайдалану арқылы картаны верификациялау жүргізіледі. Карта белсенді болуы және мерзімі өткен жоқ болуы керек.

3. Картаның нөмірі 1-тармақта көрсетілген тәсілдердің бірімен енгізілгеннен кейін, иесінің қосымша тексерісі үшін Банк иесін верификациялап, токенді белсендіру үшін бір реттік кодты енгізуін талап етеді. Бұл код SMS-хабарлама арқылы телефон нөміріне жіберіледі немесе Банк Клиент туралы ақпаратты заң талаптарына сәйкес жаңартқан кезде жүзеге асырылады.

4. Картаны сәтті тіркеген жағдайда, СМП иесіне тиісті хабарлама жібереді.

5. СМП жүйесінде бір құрылғыға тіркелетін карталар саны токен провайдері немесе Банк шешімімен өзгеруі мүмкін.

6. Иесі СМП жүйесінен бір немесе бірнеше токенді өздігінен өшіре алады. Токенді электрондық байланыс құралынан өшіру, токенді пайдалану арқылы операциялар жүргізуді тоқтатады.

7. Картаның бейнесі шынайы картаның дизайнымен сәйкес келмеуі мүмкін және картаның нөмірі маскаланған түрде көрсетіледі (картаның соңғы 4 цифры көрсетіледі).

4. Операцияны растау

1. СМП жүйесінде төлемдер бейконтактті төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі бар POS-терминал арқылы жүргізілуі мүмкін.

2. Токенді пайдаланып жасалатын операциялар (төлемдер) электрондық байланыс құралын/құрылғыны POS-терминалға жақындату арқылы жүзеге асырылады.

3. Операцияны орындау үшін Клиент төлем картасын тандайды, оны пайдалану арқылы операция жасалады. Әдепкі бойынша, төлемдер негізгі карта арқылы жүзеге асырылады.

5. Токенді/электрондық байланыс құралын бұғаттау

1. Карточканы жоғалтқан жағдайда/карточканы бұзған жағдайда/карточканы Клиенттің келісімінсіз пайдаланған жағдайда, Клиент/ұстаушы карточканы бұғаттау мақсатында:

- мобильді банкинг арқылы өз бетінше бұғаттау жасайды; немесе
- келісімде көрсетілген телефондары бойынша дереу Банкке хабарласады; немесе
- Банктің кеңсесіне жеке барып хабарлайды.

Карточка бұғатталған сәттен бастап осы карточкамен есеп айырысу жүзеге асырылмайды, соның ішінде СМП арқылы да.

2. Тараптар Клиенттің телефон арқылы немесе басқа байланыс арналарымен берген бұғаттау туралы нұсқаулары, егер Клиенттің жеке тұлғасы анықталса, Банкте қағаз нұсқада Клиенттің қолы қойылған жазбаша нұсқаулармен тең болады деп келіседі.

3. Токенді бұғаттау Клиенттің Банктен токенді бұғаттау туралы хабарламасы түскеннен кейін жүзеге асырылады:

- телефон арқылы контакт-орталыққа хабарласқан жағдайда – хабарласқан сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде;
- Банктің кеңсесіне жазбаша өтінішпен келген жағдайда – өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде. Клиенттің жеке тұлғасын анықтау Банк ішіндегі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

4. Электрондық байланыс құралын/құрылғыны жоғалту немесе басқару мүмкіндігінен айырылу жағдайында, Клиент/ұстаушы токенді бұғаттау мақсатында Банкке (жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша) хабарласуы қажет. Бұл жағдайда Банк тек токенді бұғаттайды, ал карточка бұғатталмайды.

5. Токенді бұғаттаумен қатар, Клиент/ұстаушы «Менің мобильді құрылғымды табу»/«Find My Mobile»/«Find iPhone» қызметін пайдаланып, құрылғыдағы барлық деректерді бұғаттап немесе жойып жіберуі тиіс.

6. Токенді бұғаттау немесе оны жою төлем карточкасының әрекетін тоқтатпайды, оған қатысты ешқандай техникалық шектеулер қойылмайды (яғни, төлем карточкасы бұғатталмайды).

7. Төлем карточкасы бұғатталған сәттен бастап, осы төлем карточкасына арналған токен электрондық байланыс құралында бұғатталып, рұқсатсыз операцияларды жасауға жол берілмейді.

6. Қауіпсіздік талаптары

Клиент/ұстаушы жүзеге асыратын ақпаратты қорғау бойынша ұйымдастырушылық шаралар:

- электронды байланыс құралын/құрылғыны қараусыз қалдырмау;
- электронды байланыс құралында/құрылғыда қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету үшін құпиясөздер мен басқа да мүмкін болатын блоктау/блоктан босату әдістерін қолдану;
- электронды байланыс құралында басқа адамның жеке деректері (оның ішінде биометриялық деректер) немесе электронды құралды ашудың басқа әдістері тіркелмегеніне көз жеткізу;
- SMS құпиясөздерінен, құрылғылардың тіркеу деректерінен, карточка деректемелерінен басқаларға ашып айтуға болмайды;

- электронды байланыс құралында/құрылғыда барлық жеке деректерді, тіркелгі деректерін, карточкаларды, Банк мобильді қосымшасын және қаржылық ақпаратты өшіру, егер ол пайдалануды тоқтатса немесе үшінші тұлғаларға берілсе (мысалы, жөндеуге/қызмет көрсетуге);

- электронды байланыс құралын кез келген рұқсатсыз пайдалану күдігі туындаса, сондай-ақ ол бұзылып, жоғалған немесе ұрланған жағдайда мүмкіндігінше тезірек Банкке хабарласу және/немесе «Менің мобильді құрылғымды табу»/«Find My Mobile»/«Find iPhone» қызметін пайдалану. Электронды байланыс құралында жеке деректерді өзгерту қажет, рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін;

- электронды байланыс құралдарының қосымшаларында белгіленген қауіпсіздік функцияларын бұғаттамау және барлық карточкаларды қорғау үшін осы функцияларды пайдалану;

- күрделі құпиясөз жасау;

- электронды байланыс құралын операциялық жүйені бұзу үшін артықшылықтарды көтеру операцияларына ұшыратпау;

- құрылғыны жөндеуге жібермес бұрын немесе оны басқа адамға берген кезде барлық жеке деректерді, қаржылық ақпаратты және токендерді өшіру;

- карточканың деректемелерін және/немесе SMS құпиясөздерін үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк қызметкерлеріне, Клиентке/ұстаушыға тиесілі емес электронды байланыс құралдарында тіркеу үшін ашып айтпау;

- үшінші тұлғаларға тиесілі электронды байланыс құралдарында карточканы тіркемеңіз.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк міндетті:

1) Ұстаушының карточканың деректемелерімен СМП арқылы жасалған операциялар бойынша нұсқауларын орындауға;

2) Ұстаушының алдын ала сәтті верификациясыз СМП арқылы карточканың деректемелерімен нұсқауларды қабылдамау үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға;

3) Осы шарттарда белгіленген мерзімде электронды байланыс құралында токендерді бұғаттауға;

4) СМП жүйесінде карточкаларды тіркеу бойынша ұстаушыға кеңес беруге;

2. Банк құқықты:

1) Ұстаушының карточкамен СМП жүйесінде жасалған нұсқауларын орындамауға, егер:

- Ұстаушының/карточканың верификациясы сәтсіз болған жағдайда;

- Клиент/ұстаушы ҚР заңнамасы, осы шарттар, келісім-шарт талаптарын сақтамаған жағдайда немесе Банк алдындағы басқа да орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда;

2) Қауіпсіздік мақсатында бір реттік кодтың әрекет ету уақытын бір байланыс сеансында шектеуге (тайм-аут);

3) ҚР заңнамасына сәйкес, Клиенттің/ұстаушының іс-әрекеттеріне бақылау және басқа да міндеттерді орындау үшін кез келген қажетті құжаттар мен жазбаша түсіндірмелерді талап етуге;

4) Клиенттен қағаз нұсқада құжаттар алуды талап етуге, егер олар Банкке Клиенттің нұсқауларына сәйкес орындалған болса;

5) Банк кез келген уақытта карточканың деректемелерін және СМП арқылы жасалған төлемдерді пайдалану құқығын шектеуге, тоқтатуға немесе бұғаттауға құқықты;

6) Ұстаушының сәтсіз верификациясы немесе орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда СМП жүйесінде карточканы тіркеуден бас тартуға;

7) Токенді жоюға, сондай-ақ СМП жүйесінен карточканы жоюға құқықты.

3. Клиент міндетті:

1) Осы шарттарда көрсетілген талаптарды орындауға;

2) Электронды байланыс құралын/құрылғыны, құпиясөзді, SIM-картаны қауіпсіз сақтауға, оларға үшінші тұлғалардың қол жетуін болдырмауға және оларды жоғалту немесе үшінші тұлғалардың пайдалануы мүмкін деп күдіктенсе, Банкті дереу хабардар етуге. Егер электронды байланыс құралы/құрылғысы немесе оның басқарылуы, карточка, құпиясөз, SIM-карта жоғалса немесе үшінші тұлғалар оларды пайдаланып жатса, Клиент/ұстаушы Банктен дереу хабарлайды. Банк хабарлама алғаннан кейін картаны және/немесе токенді бұғаттайды. Егер СМП жүйесінде карточканың деректемелерімен рұқсатсыз ақша алынса, Клиент/ұстаушы Банктің тергеуіне көмектесуге және келесі құжаттарды ұсынуға тиіс:

- Банк белгіленген форма бойынша өтініш немесе Банк қалауы бойынша еркін формада өтініш, рұқсатсыз операция туралы SMS хабарлама уақытын және осы операцияның толық сипаттамасын көрсету;

- Клиент/ұстаушының операцияға қатысы жоқ екенін растайтын құжаттар, мысалы, құқық қорғау органдарының тергеу материалдары, егер рұқсатсыз операцияға байланысты қылмыстық іс қозғалған болса және т.б.;

- Сауда ұйымдарынан құжаттар;

- Банк сұратқан басқа да құжаттар мен ақпараттар.

3) Операцияның сомасын және ағымдағы шоттағы балансын бақылауға және СМП жүйесінде операцияларды тек осы қалдық шегінде жүзеге асыруға;

4) Жиі және айына кемінде 1 (бір) рет Банктің ресми интернет-ресурсынан осы шарттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты қадағалауға;

5) Телефон нөмірінің өзгеруі туралы Банкке 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға. Банк осы ақпаратты алғаннан кейін қызмет көрсету уақытын тоқтата алады, телефон нөмірінің Клиентке/ұстаушыға тиесілі екендігін тексеру үшін Клиент/ұстаушыдан Банкке хабарласуды талап етеді;

6) Банк сұраған құжаттар мен жазбаша түсіндірмелерді ұсынуға;

7) Осы шарттар мен келісім-шартқа сәйкес басқа да талаптарды орындауға.

4. Клиент құқықты:

1) Банкке мынадай қызметтер үшін жүгінуге:

- Токенді белсендіру (Банктің байланыс орталығы арқылы);
- СМП жүйесінде жұмыс істеу бойынша кеңес алу;

2) Карточка / токеннің әрекетін тоқтату үшін Банкке жеке немесе телефон арқылы хабарласуға. Идентификация (құқықтарды анықтау) Банк ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі;

3) СМП жүйесінде карточканың деректемелерімен жасалған операциялар туралы туындаған даулар бойынша Банкке өтініш беруге және оның қаралу нәтижелері туралы ақпарат алуға, соның ішінде жазбаша түрде, Банк өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде.

8. Тараптардың жауапкершілігі

1. Клиент жауапты:

- Токен провайдері жүйесінде идентификатордың құпиялылығын сақтау (қолданылса), құпиясөздерді және басқа да тексеру құралдарын;

- Электронды байланыс құралын үшінші тұлғалардың пайдалануына;

- СМП жүйесінде ұстаушының электронды байланыс құралына тіркелген карточканың деректемелерімен жасаған операцияларына;

- Қауіпсіздік талаптарына сәйкес электронды байланыс құралын қорғауды бұзу, оның ішінде ұстаушы операциялық жүйені бұзған немесе артықшылықтарды көтеру операциялары жасалған жағдайда;

- Осы шарттарда көрсетілген міндеттемелерді орындамаудан туындаған операцияларға.

2. Банк жауапты емес:

- СМП жүйесінің жұмысын, оның басқа қосымшалармен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ электронды байланыс құралында/құрылғыда орнатылған қосымшалармен байланысын қамтамасыз етуге;

- СМП арқылы операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі болмауына;

